Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шашпақ...
АБАЙ.

ISSN 2410-6712

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

8/2015 **ТАМЫЗ**

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жанғара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында

Г.ҚАПАНОВА. Кәсіби қазақ тілі сабағы барысындағы студенттердің қазақша сөйлеуі мен тілін дамытуының тиімді әдіс-тәсілдері.....5

Ж.ЖҰМАБАЕВА. Қазақ тілі сабағында қазіргі бәсекелестік орта талабына сай білім сапасын арттыру.....15

Ғ.ШӘРІПЖАНОВА. - Лы, -лі қосымшасы.....23

Ә.НИЕТАЛИНА. Әдебиет сабағында сыни тұрғыдан ойлауға үйрету арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту.....27

Б.НОҚАТОВА. Н.А.Оразахынованың сатылай кешенді талдау технологиясын қазақ тілі мен әдебиеті сабағында тиімді пайдалану.....36

Көкейкесті көзқарас

Р.ЖҰМАҒАЛИЕВА. Нәтижеге бағытталған білім берудің негізі - кәсіби құзыреттілік.....45

Жас маманға жәрдем

А.ӘЛІМБАЕВА. Қазақ тілін оқытуда логикалық тапсырмаларды қолдану.....55

Ш.БАЯХМЕТОВА. Коучинг - шығармашылық шыңдалуға бағыттаушы.....58

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

А.ӘБДІҚАДЫРОВА. Мұқағали Мақатаев - қара өлеңнің Хантәңірі.....64

М.КЕНЖЕБАЕВА. С.Мұқанов. Балуан Шолақ.....68

Г.АСИМОВА. Мұқағали Мақатаев. Аққулар ұйықтағанда.....73

Л.ІБІКЕНОВА. Ахмет Байтұрсынұлы. Екі шыбын.....78

Н.ДҮЙСЕНОВА. Абай Құнанбайұлы. Ескендір.....83

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Б.ҚАЗИЕВА. Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас.....87

Д.ШАКЕРБЕКОВА. Кәсіби сөздер мен термин сөздер.....90

С.ӘЛМҰРАТОВА. Етістіктің сөйлемдегі қызметі.....94

Ә.ЕРМЕНТАЕВА. Еліктеу сөз туралы түсінік.....98

Ж.ӨМІРЗАҚОВА. Сөздік қор.....100

Жеңіске құрмет - ұрпаққа міндет

К.ЕРМҰХАНОВА. Бауыржан ерлігі - ұрпаққа өнеге.....104

Ш.ҚАСЕНОВА. Майдангер ұстаздың өнегелі өмірі.....111

А.ҚАЙЫРҒАЛИЕВА, Е.НЫҒМЕТОВ. Сен құрметте оны!.....116

Әдеби кеш

Г.ҚЫСТАУБАЕВА. Сүйемін қызыл құмын Керекудің.....124

Г.БОРАНОВА. Ақын - жазушылар - ұлттың рухани шамшырағы.....134

СОДЕРЖАНИЕ

Познание природы

Г.КАПАНОВА. Эффективные методы по развитию казахского языка и разговорной речи студентов на уроках профессионального казахского языка. 5

Ж.ЖУМАБАЕВА. Использование инновационных технологий на уроках казахского языка для повышения качества системы образования в соответствии с требованиями конкурентной среды....15

Г.ШАРИПЖАНОВА. Аффиксы -лы, -лі....23

А.НИЕТАЛИНА. Развитие творческих способностей учеников на уроках казахской литературы с помощью критической мысли....27

Б.НОҚАТОВА. *Эффективное использование технологии* «СКТ» Н.Оразахыновой на уроках казахского языка и литературы....36

Нынешний подход

Р.ЖҰМАҒАЛИЕВА. Результат ориентированного образования на основе профессиональной компетентности 45

Помощь молодому специалисту

А.АЛИМБАЕВА. Использование логических заданий для изучения казахского языка 55

Ш.БАЯХМЕТОВА. Коучинг - направляет творческому мышлению....58

Казахская литература: передовая технология в образовательном процессе

А.АБДИКАДЫРОВА. Мукагали - Макатаев - Хан Танири поэзии....64

М.КЕНЖЕБАЕВА. С.Муканов. Балуан Шолак....68

Г.АСИМОВА. Мукагали Макатаев. Когда спят лебеди....73

Л.ИБИКЕНОВА. Ахмет Байтурсынулы. Две мухи....78

Н.ДУЙСЕНОВА. А.Кунанбайулы.Ескендир....83

Казахский язык: передовая технология в образовательном процессе

Б.КАЗИЕВА. Сложноподчиненные противительные союзы....87

Д.ШАКЕРБЕКОВА. Профессиональные слова и термины....90

С.АЛЬМУРАТОВА. Функции глагола в предложении....94

А.ЕРМЕНТАЕВА. Олицетворение....98

Ж.УМИРЗАКОВА. Словарный запас....100

Уважение победы - задача поколения

К.ЕРМУХАНОВА. Мужество Бауыржана - пример поколению....104

Ш.КАСЕНОВА. Нравственная жизнь учителя ветерана....111

А.КАИРГАЛИЕВА, Е.НИГМЕТОВ. Ты почитай его!.... 116

Литературный вечер

Г.КЫСТАУБАЕВА. Люблю красный песок Кереку....124

Г.БОРАНОВА. Поэты и писатели - духовные маяки народа....134

CONTENT

Knowledge

G. KAPANOVA. Effective kinds of methods used for student speaking in Kazakh and spoker speech for language development on the prafessional Kazakh lessons.....5

SH.SNUMABAEVA. Uce of innovatire technologies on the lessons of Kazakh for upgrading of the system of education in accordance wich the reguirements of competition environment 15

G. SHARIPSHANOVA. Affixes - лы, - лі.....23

A.NIETALINA. Developing creative flairs of students on the lessos of Kazakh literature b v mcans of critical idea.....27

B. NOKATOVA. Effective use of technology of CKT N Orazahinova on the lessons of Kazakh and literature..... 36

Present approach

R.SHUMAGALITVA. Result of the oriented on the basis of proffessional competence.....45

Help the young specialist

A. ALIMBAEVA. Use of lohical tasks for the study of Kazakh

SH. BAIYAHMETOVA. Kouching directs to the creative thinking..... 55

Kazakh literature advanced technology

A. ABDIKADIROVA. Mukagali Makataev - Xan Taniri poetiest..... 58

M.KENCHEBAEVA. S Mukanov.Baluan Sholak.....64

G. ASIMOVA. Mukagali Makataev. When Swand Steep.....68

L.IBIKENOVA. A Baitursinuli. Two flies.....78

N.DUISENOVA. A Kunanbaiuli. Eskendir.....83

Kazakh Language front - rank practice general method

B.KAZIEVA. Compound adversative unions.....87

D.SHAKERBEKOVA. Professional words and terms.....90

S.ALMURATOVA. Functions of verb are in suggestion.....94

A.ERMENTAEVA. Personification.....98

UMIRZAKOVA. Vocabulary.....100

Respect of victory is a task of generation

K.ERMUHANOVA. A courade of Baurshan is an example of generation.....104

Sh.KASENOVA. Moral life of teacher of veteran.....111

A .KAIRGALIEVA,
E.NIGMETOV. You honour hit.....116

Literatury Evening

G.KISTAUBAEVA. I Love red sand of Kerehi 124

G.BORANOVA. Poets and writers are spiritual lighthouses of people.....134

Таным табиғатында
ӘОЖ-408.3

Г. ҚАПАНОВА,
Қостанай облысы
әкімдігі білім Басқармасының
«Қостанай құрылыстық –
техникалық колледжі» КМҚК,
Қостанай қаласы

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫ БАРЫСЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕУІ МЕН ТІЛІН ДАМЫТУЫНЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Мақалада кәсіби қазақ тілі сабағында студенттердің ауызекі сөйлеу мәнері мен қазақ тілін дамытудың тиімді әдістері қарастырылған.

Қазақ тілін кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарында оқытудағы басты мақсат –студенттердің сөздік қорын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс оқып, айта білуге, сауатты жазуға, бір-бірімен сөйлесе білуге, оқығанын, көргенін, естігенін қысқаша әңгімелеп бере білуге дағдыландыру, ойын қазақша айта алатындай дәрежеге жеткізу, тіл байлығы, тіл көркемдігі, тіл сауаттылығы жоғары мамандарды даярлау.

Оқу –тәрбие жұмысының негізі –сабақ. Сапалы сабақ оқу ісінің нәтижелі болуына тікелей әсер етеді. Сабақ үстінде оқушының жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу, сабақтың тақырыбына сай нақтылы міндет қоя білу – әр ұстаздың шеберлігіне байланысты. Өйткені, оқушыларды терең әрі жинақы біліммен қаруландыру, олардың шығармашылық қабілетін, қызығушылық талғамын дамыту, өз бетінше білімін толықтыруға дағдыландыру сияқты күрделі жұмыстар

сабақ барысында ғана жүзеге асырылады. Бұл мәселені шешу жолдарының бірі–сабақта жаңа технологияларды енгізе отырып әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білу. Қазір технологиялардың түрлері көп. Кез келген ғылым мен тәжірибенің сабақтастығы бір дағдыда, бір қалыпта, бір орында қалмайтындығы белгілі. Тәжірибе әрдайым жетіліп, жаңарып отырады. Ол ғылыми тұрғыдан нақты тұжырымдарды қажет етеді. Осы тұрғыдан қарағанда соңғы уақытта қазақ тілі әдістемесі теориялық әрі тәжірибелік жағынан жан-жақты дамыды, тәжірибелі мұғалімдер, әдіскер-ғалымдардың тәжірибелері жинақталып, оқыту мен үйретудің коммуникативті бағыттағы стратегиясы мен әдіс-тәсілдері анықтала түсті. Жаңа ізденістер пайда болды. Оқытудың психо-лингвистикалық, интеллектуалды-эмоционалдық, әлеуметтік-лингвистикалық, лингво-дидактикалық негіздеріне сүйенген жаңа әдістемелер қалыптаса бастады. Атап айтқанда,оқушының дербес танымдық белсенділігін арттыратын жаңаша оқыту(инновациялық), оның ішінде, жоғары белсенділікті дамыту(интерактивтік) және оқытудың көп деңгейлік әдістемелері.

Барлық көрнекі материалдар оқушылардың жазбаша және ауызша тілін дамытады, сонымен бірге білім сапасын көтеруге, балалардың оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыруға әсерін тигізеді. Дидактикалық материалдар оқушылармен жеке жұмыс жүргізуге және терең, ауқымды білім алу нәтижесіне жеткізеді. Колледждерде қазақ тілін үйрену, лексикалық және грамматикалық тақырыптарды меңгеру -күрделі жұмыс. Сондықтан басқа ұлтқа қазақ тілін оқыту, ауызекі тілде сөйлестіру қиын да қызықты жұмыс. Сол қиындықтарды жеңілдету үшін өз тәжірибемде әр түрлі әдістерді дамытуға тырысамын.

Мұғалім сабақты есіктен кіре қазақша сөйлеумен бастайды. Бұл ұйымдастыру кезеңі сабақтың негізгі арқауы болып саналады, өйткені қазір ғана басқа сабақта болып, ойы соған

жинақталып тұрған баланы бірден қазақша сөйлете қою қиын. Сондықтан сабақты бастамас бұрын баланы және оның ойын осы сабаққа аударуда тиімді әдісті қолдана отырып, сабақты бастаған жөн.

Диалог әдісі, бір жағынан оқушының тілін қазақша сөйлеуге жаттықтыру болса, екінші жағынан, диалог арқылы оқушымен тікелей сөйлесуге мүмкіндік ашылады және өзара кері байланысқа түсе алады.

Мысалы:

-Сәлеметсіңдер ме!

-Сәлеметсіз бе, апай!

-Балалар, қазір қандай сабақ?

-Қазір кәсіби қазақ тілі сабағы.

-Өткен сабақта қандай тақырып өттік?

-Өткен сабақта: «Менің мамандығым» тақырыбын өттік.

-Сен қай колледжде оқисың?

-Мен Қостанай құрылыстық–техникалық колледжінде оқимын.

-Сенің болашақ мамандығың қандай?

-Менің болашақ мамандығым: «Газбен және электрмен дәнекерлеуші».

Сұрақ-жауап әдісі арқылы басқа студенттердің сабаққа араласу қабілеті артады.

Мысалы:

-Оқу орны туралы не білесіңдер?

-Бұл оқу орны техникалық мамандарды дайындайды.

-Колледж қай жылы құрылды?

-Колледж бір мың тоғыз жүз қырық үшінші жылы құрылды.

-Колледжде қандай мамандықтарға оқытады?

-Колледжде «Газбен және электрмен дәнекерлеуші», «Құрылыс әрлеу жұмыстарының шебері», «Автомобиль кранының машинисі», «Ағаш ұстасы және жиһаз өндірісінің шебері», т.б. мамандықтарын оқытады.

Сұрақ –жауап әдісі - студенттердің тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі. Өте тиімді әдіс.

Баяндау әдісі. Кәсіби қазақ тілі сабақтарында баяндау әдісі деп мұғалімнің сөзі арқылы оқу материалдарының түсіндірілуін айтады. Мысалы, автомобильдің шығу тарихы, қай жылы, қай жерде, кім ойлап тапқаны жайындағы түсініктеме, түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру, т.б. жағдайларда баяндау әдісі көбірек қолданылады.

Лекциялық әдіс. Кәсіби мамандығын жетілдіру, автомобильдердің, кранның құрылысын, механизмдердің жұмыс өлшемдерін түсіндіру. Лекциялық сабақтардың бір түрінде мұғалім лекциялық материалдың жоспарын құрады, жоспар негізгі бөліктер мен тармақ-тармақшаларға бөлінеді. Қажетті техникалық терминдерге назар аударылады.

Сұрақтарды қоя отырып, бүкіл студенттерді жұмылдырып, студенттердің зейінін өзіне аударған соң, жаттығу әдісі арқылы үй тапсырмасын тексеру (өлең, өленнен үзінді жаттау, мәтінді оқыту) және өткізілетін сабақтың алдында ұйымдастыру сәтін жаңа сабақпен байланыстыру ісі жүзеге асырылады.

Жаттығу әдісі–өз білімін жетілдіруге өте қолайлы әдіс.

Мысалы, мақал—мәтелдерді жаттату немесе басын айтып,жалғастыруды сұрау:

«Кім еңбек етсе - сол тоқ»,

«Жұмыстың жаманы жоқ».

«Еңбектің наны - тәтті,

Жалқаудың жаны - тәтті».

«Еңбек түбі –береке,

Көптің түбі –мереке».

«Менің мамандығым» деген тақырыпты өтер алдында ұйымдастыру сәтін қайталау.

-Сен қай колледжде оқисың?

-Мен Қостанай құрылыстық техникалық колледжінде оқимын.

-Сенің болашақ мамандығың кім?

-Менің болашақ мамандығым: «Автомобиль кранының машинисі».

Осылай келесі кезеңде оқушыларды сабақтың ерекшелігімен таныстара отырып, олардың зейінін өтілетін жаңа тақырыпқа аудару керек. Осындай тіл жаттықтыру кезеңіне әр тақырыпты алуға болады. Мысалы: бұл қандай мамандық? автомобиль кранының машинисі қайда жұмыс істейді?,- деген сұраққа жауап алғаннан кейін, мұғалім кім? не? деген сұрақтарға жауап беретін суреттер көрсетіп, соған оқушылардың жауабында сол заттың атын атап, оған сұрақ қоюды талап етеді.

Қазақ тілінде кім? не? деген сұрақтарға қандай сөздер жауап беретінін ереже арқылы оқушылардың өздеріне түйіндетеміз. Орыс тілімен салыстырып, ережені екі тілде бірдей қайталап жіберсе де тиімді болады.

Аударма әдісі-екі тілге тән грамматикалық ерекшеліктерді игерту үшін, өзара салыстыра отырып, қазақ тілін сапалы меңгерту үшін аса тиімді әдістердің бірі. Аударма әдісі сөйлем құрамындағы сөздердің орын тәртібін, қазақ тіліндегі сөз тудырушы, сөз түрлендіруші жұрнақтардың ерекшеліктерін, т.б. меңгерту үшін қолданылады.

Мәтінмен жұмыс:

-Мәтінді мәнерлеп оқу;

-Мәтінді орыс тіліне аудару;

-Мәтін мазмұнын қысқаша айтып беру.

«Армансыз адам қанатсыз құспен тең»,- дейді халық. Барлық адам баласының арманы болады. Арманшыл адам болашақта дегеніне жете алады. Мамандық пен өнерді адам өз жүрегінің қалауымен, өз қабілетіне қарай таңдап алады. Мамандықтың түрі өте көп. Біреулердің арманы - қайрақшы немесе ағаш ұстасы, жиһаз өндірісінің шебері болу. Енді біреулері газбен және электрмен дәнекерлеуші мамандығын таңдаса, біреулер автомобиль кранының машинисі болуды армандайды. Адам жас кезінен бастап өзінің жүрегі қалаған мамандығына қарай

бейімделе бастайды. Терең білім алуға талпынады. Өз бетінше ізденеді. Көп оқиды. Түрлі мамандықта еңбек етіп жүрген адамдардың өмірімен танысады.

Түсіндіру әдісі-жаңа сөз, сөз тіркесі,сөйлемдерді түсіндіру қолданылады. Сабақ сайын үйретілетін жаңа сөздер бойынша, яғни, сөздік жұмысында іске асады. Сондай-ақ, қазақ тілі грамматикасының кейбір ерекшеліктері түсіндіріледі.

Сөздер: жете алады, таңдап алады, армандайды, талпынады, танысады, ізденеді,бейімделе бастайды .

Сөз тіркесі: жас кезінен, жүрегі қалаған, терең білім.

Сөйлем: Адам жас кезінен бастап өзінің жүрегі қалаған мамандығына қарай бейімделе бастайды.

Түрлі суреттер көрсетіп, орыс тілінде жоқ, тек қазақ тіліне ғана тән 9 дыбыс қатысқан сөздермен де тіл жаттықтыру жұмысын жүргізуге болады.

Мысалы: «ә», «і», «ң», «ғ», «ү», «ұ», «қ», «ө», «h»,- әрпін көрсетіп,бұл қандай дыбыс екенін, осы әріпке оқушылардың қандай сөз білетінін сұраймыз. Сонда олар өздерінің сөздік қорындағы бұрын үйренген сөздерін айтып береді: көлік жөндеу, әйнек, жүк тиеу, жүргізуші, дөңгелек, үшбұрыш, құқық, куәлік, қозғалтқыштар, т.б.

Әр сабақта күніне бір әріптен болса да қайталау - күн сайын оқушылардың ойлау қабілетін арттырудың тиімді тәсілі болып саналады.

Енді үй тапсырмасын қайталап алған соң мұғалім жаңа сабақты, шеберлікпен оқушыға жеткізеді.

Жаңа сабақ сөздік жұмысынан басталады. Тіл дамыту жұмысының негізгі саласының бірі-сөздік жұмысы. Орыс мектебіндегі қазақ тілі сабағын өтуде мұғалімнің аса зер салатын өзекті мәселесі -осы сөздік жұмысы **(сөздікпен жұмыс әдісі).**

Тақтаға сөздерді екі тілде жазып,оны дәптеріне көшіріп жаттатқанмен, балалар бұл сөзді ұғып алмайды, ұғып алса

да, кейін оны ұмытып қалады. Сондықтан балаларға жаңа сөз үйретуде оның орысша аудармасымен қоса суреті көрсетіледі. Сурет астына сол заттың аты қазақша жазылады, оны бірнеше рет қайталатып оқытып, мағынасын түсіндірсе, бұл жұмыс әлдеқайда ұтымды болып шығады. Ал, енді оны есте сақтау үшін сол сөздермен сөз тіркестерін құрып, күнделікті тұрмыста қолдана алатындай сөйлем құратып, оны дәптерлеріне жаздыртып отырса, сонда бұл әдіс мақсатына жетеді.

Мысалы: «Ағаш ұстасы және жиһаз өндірісінің шебері» мамандығы бойынша техникалық терминдер тақырыбына жүргізілген сөздік жұмыстың бір ғана көрінісін алайық.

Сөз: жиһаз, тақтай, салу, ағаш, еден, өндіріс, желім, т.б.

Сөз тіркесі: үй салу, жиһазды жасау, ағаш шебері.

Сөйлем: Ағаш өңдеудің технологиясы. Ағаш өңдеу станогы.

Ал, қарама-қарсы мағыналы(антоним) сөздерді үйреткенде жуан-жіңішке, ұзын-қысқа, биік-аласа, ақ-қара, қалың-жұқа, т.т. салыстырмалы әдіс қолданса, сөздікпен жұмыс ұтымды өтеді.

Жоғарыда айтылғандай, екі тілде сөздік жұмысын жүргізе отырып, сол заттарды, яғни, жұқа және қалың екі тақтай, ұзын және қысқа жиһазды салыстырып көрсетсе, оқушының көру, есту,салыстыру қабілеті арта түседі.Тіл дамыту жұмысында көрнекі құралдарды пайдаланудың маңызы зор. Ол балалардың жаңа сөздерді жадында сақтап, мағынасын айқын түсінулеріне әсер етеді.Тіл дамыту жұмыстарын жүргізгенде перфокарталар және сигнал кәртішкелер қолданылады.

Мысалы:

Тәуелдік жалғауларды сөзге дұрыс қосу.

- Менің оқу орным. - Біздің оқу орнымыз.
- Сенің оқу орның. - Сендердің оқу орындарың.
- Сіздің оқу орныңыз. - Сіздердің оқу орындарыңыз.
- Оның оқу орны. - Олардың оқу орындары.

-Сөйлемдерге сұрақ қойыңыз.

1.Өмірде мамандықтың түрі көп.

2. Мен ағаш ұстасы және жиһаз өндірісінің шеберімін.

3.Ағаларым құрылыс әрлеу жұмыстарымен айналысады.

4.Жақсы маман болу үшін зерделі,еңбексүйгіш болу керек.

5.Менің ағам «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясында жұмыс істейді.

-Тиісті әріптерді қойыңыз: қ..змет, ж...мыс.

Тіл дамыту сабағында - техникалық құралдардың атқаратын рөлі де айтарлықтай. Ол, әсіресе студенттердің сабаққа деген қызығушылығын туғызып, ынтасын арттырып, зейінін аударуға мүмкіндік жасайды. Сондықтан, сабақта магнитофон, диапроектор, кодоскоп, күйтабақ, интерактивтік тақта сияқты техникалық құралдарды өз орнымен пайдаланған жөн.

Демонстрациялау әдісі-материалды сурет, бейнефильм, сызба, т.б. экрандық құралдар, интерактивтік тақта арқылы тез және жүйелі түсіндіру әдісі.

Сабақта жиі қолданылатын әдістің бірі - интерактивтік әдіс. Интерактивтік әдіс-жеке индивидтердің, топтың, жұптың өзара біріккен әрекетте бір-біріне әсер етуі. Бұл әдіс әсіресе, сұхбат құруда оқушылардың белсенділігін арттырады. Бірігіп жұмыс істеуге үйретеді. Олардың ізденуін, шығармашылықпен әрекет етуін қамтамасыз етеді. Бұл әдіс кезінде оқушылардың істі ұйымдастыра білу қабілеттері де көрінеді. Интерактивті әдіспен, сабақ кезінде оқытушы кеңесші рөлін атқарады. Ал топ белсенді түрде әрекет ете отырып, бірін–бірі қолдау, толықтыру арқылы сұхбат құруға үйренеді. Екі оқушының сұхбатына үшіншісі де араласуына болады. Ол-қарсы топтың оқушысы болуы да мүмкін. Бұл әдістің негізгі мақсаты-оқу үдерісінің барлық сатысында біріккен әрекетке жағдай жасау. Әр оқушы жеке тапсырмалармен жұмыс істей отырып, топ мүддесін ойлауға үйренеді. Әр қайсысысы өз міндетіне жауапкершілікпен қарай отырып, ортақ нәтижеге қол жеткізуге ұмтылады.

Мысалы: Мәтінді оқу, әңгімелеу.

Мамандықтардың түрі көп. Оны таңдау жас кезінен басталады. Таңдаған мамандықты кәсіптік-техникалық

колледждерден, кәсіптік орта оқу орындары мен жоғары оқу орындарынан алуға болады. Қазіргі кезде қысқа мерзімді курстар да өткізіледі. Орта және жоғары оқу орындарында оқу семестрі екіге бөлінеді. Мұнда студенттер теориядан алған білімдерін сынақ, емтихан арқылы және курстық жұмыстар арқылы тапсырады.

Колледж студенттері таңдаған мамандықтар бойынша әуелі оқу орны жанындағы шеберханаларда, кейін өндіріс орындарында кәсіпке үйренеді де, оны өз өмірлерінде кәсіп қылып, тіршілік көзіне айналдырады.

Басты көңіл бөлетін мәселе-тіл дамыту. Сөйлеуге арнайы мәтіндер беріліп, олардың үйретілетін грамматикалық тақырыптарымен байланысы ескерілуі жөн. Оқулыққа енген жаттығу материалдары оқушылардың жалпы ой-өрісін, білімін, дүниеге көзқарасын қалыптастыру мақсатын көздеуі керек. Ең алдымен, оқушыға сөздің негізгі мағынасын түсіндіру керек. **Әңгімелеу әдісі** -оқушылардың білімін бақылай отырып, өткен тақырыпты тиянақтап, сабаққа қорытынды жасау.

Қайталау әдісі - есте сақтаудың тиімді тәсілі. Мысалы:сурет,тұсау кесер бойынша тақырыптарды қайталау.

I топ- «Автомобиль түрлері».

II топ- «Жеңіл автомобильдер, автобустар».

III топ- «Жүк автомобильдері».

Оқушылардың сабаққа одан әрі ынталана түсуі үшін, сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың өзіндік ерекшеліктері бар. Сыныптан тыс жұмысы және тіл дамыту жұмысына баса назар аударылады. Бұл кезде оқушы әрі оқиды, әрі жазады, әрі сурет салады. Ой-өрісі еркін дамиды.

Оларды олимпиадаға, сайыстарға қатыстыруға болады. Көрнекі құралдарды да оқушылар осы сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар кезінде жасайды. Оларды кейін сабаққа пайдалансаң, оқушының сабаққа деген ынтасы одан әрі артады. Бұл жұмыстың да тіл дамыту сабағында алатын орны

ерекше.

Күтілетін нәтиже:

Қазақ тіліне тән дыбыстарды меңгерген, сөз ішінде дұрыс айта білетін, дұрыс жаза алатын, сөздерді орфоэпиялық нормамен айтуға жаттыққан, мәтіннің мазмұнын баяндайтын, қазақша сөйлеуге жаттыққан, қазақ тілінде өз ойын жазбаша білдіре алатын, сөздік қоры дамыған тұлға қалыптастыру.

Әдебиеттер

1 Байтұрсынов А.Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі.1992г.

2 Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде. - Алматы.2009.

3 Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі.-Алматы: Ана тілі, 1996 ж.

Эффективные методы по развитию казахского языка и разговорной речи студентов на уроках профессионального казахского языка

В статье рассматриваются эффективные методы по развитию казахского языка и разговорной речи студентов, на уроках профессионального казахского языка.

Ключевые слова: диалог, лекция, обучения, вопрос-ответ, способ написания, метод перевода, словарь, демонстрация, повествование, повтор.

Effective kinds of methods used for student speaking in Kazak and spoken speech, for landuage development on the professional Kazakh lessons.

Effective kinds of methods are used for speaking in Kazakh, for language development by the students on the professional Kazakh lessons.

Key words: dialogue, lecture method, of educating, guestions-answer, method of writing, method of translation, diotionary, demonstration, narration, repetition.

ӘОЖ 81:1

Ж.ЖҰМАБАЕВА,
КММ №36 орта мектеп,
Өскемен қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ҚАЗІРГІ БӘСЕКЕЛЕСТІК ОРТА ТАЛАБЫНА САЙ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Мақалада қазақ тілі сабағында инновациялық технологияларды қолданып, оқушыларға халықаралық деңгейге сай білім беру мәселесі көтерілген.

Түйін сөздер: инновациялық технология, бәсекелестік орта, білім сапасы, халықаралық деңгей.

XXI ғасырдағы мектеп ұжымының басты міндеті – оқушыларға халықаралық деңгейге сай сапалы білім бере отырып, әлеуметтік ортаға бейімделген, адамгершілік қасиеті мол, туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігі ерекше дамыған жас жеткіншекті дайындау.

Қазақ тілі – мемлекеттік мәртебемізді, ұлттық қабілетімізді, тәуелсіздігімізді танытатын басты тұғырымыз. Тіл тағдыры -қазақ ұлтының да тағдыры. Сондықтан біздің мақсатымыз – қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерту, үйрету. Мамандығым қазақ тілі пәнінің оқытушысы болғандықтан педагогикалық тәжірибемде әрбір сабағымда, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында жаңа технологияларды пайдаланамын.

Технология – бұл қандай да бір істе, өнерде қолданылатын жүйенің, тәсілдердің жиынтығы, дидактикалық жүйенің құрамдас бөлігі. Инновациялық оқыту дегеніміз – қазіргі кезеңде әлеуметтік, мәдени ортадағы білім беру әрекетінің нәтижесі. Оқытудың тиімді әдіс-тәсілімен, қазіргі заманауи

технологияны меңгеру – әр ұстаздың басты міндеті.

Тәжірибеге сүйенсек, күнделікті сабаққа бейне, аудио қондырғылар мен теледидарды, компьютерді, мультимедиялық проекторлар пайдалану үлкен нәтижелер береді.

Мен М.Жанпейісованың «Модульді оқыту технологиясын» басшылыққа алып, оқушыларға тапсырма бере отырып, модульді оқыту идеясын инновациялық технологиялар арқылы жүзеге асырамын. Мысалы, қазақ тілі пәнінен «Сөз тіркестері» тақырыбын өткенде келесі кестені қолданамын:

1-кесте. Сөз тіркестері

Сөз тіркесі	Тұрақты тіркестер	Күрделі сөздер
Оған мұрын шүйірді.	Мұрнын шүйірді. (менсінбеді)	Сары торы (күрделі сын есім)
Он үш күн.	Ит өлген жерде.	Он үш күн (күрделі сан есім)
Ол бара жатыр.	Жүрек жұтқан.	Бара жатыр. (Күрделі етістік)

Мультимедиялық слайдтар арқылы түсіндіруге болады. Оқушылардың білімін көрсетудің ең басты шарты - пәнге деген қызығушылығын арттыру. Ол үшін мұғалім сабақты қызықты, тартымды өткізуі керек. Сондықтан мен мынадай міндеттерді алға қойдым:

Оқушы белсенділігін арттыру.

Проблемалық сұрақтарды шығармашылықпен шешу.

Оқу еңбегін түрлендіріп өткізу керек.

Жаңа технологияны оқу тәрбие үрдісінде қолдануды инновация дейді. Осылардың ішінде тест жүйесін қолдану өте тиімді. Оқушылардың білімін бақылау үшін тест жүйесін қолданудың үлкен маңызы бар. Тест оқушылардың білімін анық көрсетеді. Қай тақырып бойынша қателер болғанын, қанша оқушы ол сұрақтардан қателескенін білудің мұғалім үшін маңызы зор.

Тест өткізудің мақсаты:

Оқушылардың ойлау қабілеттерін жетілдіру.

Өз білімдерін тексеруге дағдыландыру.

Алған білімдерін қайталай отырып, тексеру.

Оқушының білім сапасын арттыруға жағдай туғызу.

Оқушыға өз кемшілігін байқату.

Тест жүргізу арқылы оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу әрекеттері артады, оқытудың тиімділігіне қол жеткізіледі, ойлауы, есте сақтау қабілеті артып, шығармашылық әрекеті қалыптасады. Өз тәжірибемде көп жылдар бойы жоғары сыныптарға сабақ беремін. Оқушылардың білімін бақылауда жоғары сыныптарда тесттің бірнеше түрлерін пайдаланамын.

1-тірек - сызба. Тест түрлері

Әр оқушының білім, дайындық деңгейін мониторинг арқылы айқындап, бақылап отырамын.

Бүгінгі күні білім беру мекемелерінде теориялық және практикалық жұмыстарда әр түрлі педагогикалық инновациялық технологиялардың нұсқалары қолданылуда. Ауқымды инновациялық технология нақтылы жүйе мен жіктелуді керек етеді. Осы мәселемен Г.К.Семенко мен В.М.Максимов деген ғалымдар айналысты.

В.М.Максимов өзінің зерттеулері бойынша келесі жіктеулерді ұсынады:

Құрылымдық технология.

Интеграциялық технология.

Ойындар технологиясы.

Ақпараттық технология.

Диалогты технология.

Қазақ тілі сабағында инновациялық технологияны қолдана отырып, білім сапасын арттыру үшін төмендегідей алғы шарттар қажет:

-Жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік

білім стандартымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игеруге қол жеткізу;

-Оқу үрдісін үдетуді жаппай қолға алу;

-Оқу үрдісін іргелендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу.

Әрбір ұстаз осындай шарттарды игеріп, ескеріп, жаңаша оқытуға бетбұрыс жасауы керек. Себебі бүгінгі педагогика ғылымындағы жаңа технологияларды тиімді пайдаланумен ерекшеленеді. Сабақтың қай құрылымында болмасын оқытушы осындай стратегияларды қолданғанда «Мен не ұтамын?» және «Оқушы не ұтады?» деген сұрақтарды есінен шығармауы керек.

Инновация (латын сөзі) жаңа, жаңалық, жаңарту деген мағынаны білдіреді.

Инновация дегеніміз білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни, жаңа әдіс-тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, жаңа концепцияларды жасап, оларды қолдану деп анықталған.

Инновация ұғымын ғалымдар әр түрлі түсіндіреді:

1) жаңалық, жаңаны енгізу, жаңарту үрдісі;

2) құрал әдіс-тәсіл.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

– балаға ізгілік тұрғысынан қарау;

– оқу мен тәрбиенің бірлігі;

–баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;

– баланы өз бетімен әрекеттендіру әдістерін меңгерту;

– жоба технологиясы;

– ақпараттық компьютерлік технология;

– деңгейлік - саралап оқыту технологиясы;

– қарқынды оқыту технологиясы.

Оқытудың жаңа технологияларын таңдаған мұғалім оқушылардың жалпы білім деңгейін білуі керек.

Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының

шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады. Жаңа технологияны қолдану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асады:

I кезең – оқып-үйрену.

II кезең – меңгеру.

III кезең – өмірге ендіру.

IV кезең – дамыту.

Жаңа технологиямен жұмыс істеу үшін оқу үрдісін интенсивтендіруді жаппай қолға алу қажет. Мұғалімдердің оқушы білімін көтерудегі мақсаты:

– әр сабақта оқытудың интерактивті әдістерін қолдану;

– әр оқушының психологиялық, физиологиялық жеке - дара ерекшеліктерін ескеру;

– міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейлерін ашу.

Технологиялардың тиімділігі:

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы. Бұл технология әлемдегі ең озық технологиялардың бірі болып табылады. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы шығармашылық қабілеті жоғары жеке тұлға тәрбиелеуде маңызы зор. Осы технологияны төмендегідей қағидаларға сүйене отырып жүргізу керек:

- Өмірлік тәжірибеге сүйену.
- Ойлау жүйесіне қозғау салу.
- Ынталандыру және белсендіру.
- Бірлесіп жұмыс жасау.

Үш кезеңді құрылымды қадағалау(қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой - толғаныс).

Сыни ойлау мәселе тудырудан басталады.

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әдістерін сабақтарда қолданудың маңызы зор, тиімді жақтары жоғары екендігін көрсетіп отыр.

Тиімділігі:

1) Бір-бірін тыңдай білуге үйренеді.

2) Оқушылардың өздігінен жан-жақты білім алуына жағдай жасалады.

3) Өз бетімен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады.

4) Мұғалім мен оқушы арасында ізгілік қарым-қатынастар орнайды.

Ақпараттық компьютерлік технологияны қолдану – заман талабы.

Заман талабына сай оқу үрдісін ақпараттандырылған технологиямен жүргізіп, жас ұрпақты тәрбиелеу - бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі артықшылықтары мынадай:

1) Олар оқушыларға тақырып шеңберінде немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2) Оқыту жүйесінің көп деңгейлілігінің жетілуі олардың тарамдалуы мен оқу материалының сапасын арттырады.

Оқу үрдісін ақпараттандыру арқылы нәтижеге жетемін деген мұғалім алдымен келесі міндеттерге мән беруі керек:

1) Компьютерлік оқу құралдарын зерделеу және қолдану;

2) Тиімді тәсілдерді анықтау;

3) Ақпараттық технологияларды зерделеу;

4) Тәсілдер мен материалдарды құрастыру және қолдану;

5) Қолдану тәсілдерінің нәтижесін бағалау.

Электрондық оқулық қазақ тілін оқытуда тек тиімді теориялық материал мен тапсырмалардан құрастырылған оқу құралы ғана болып қалмай, бақылау және бағалау функциясын да атқарады.

Деңгейлеп - саралап оқыту технологиясы қазақ тілі сабағында

Деңгейлік тапсырмалар орындату - балаға шамадан тыс жүктеме беру емес, керісінше, оқушының біліміне, мүмкіндігіне, сұранысы мен қабілетіне сәйкес дайындалған

сатылы жұмыстар, яғни, оқушылардың жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын, ойлау, сөйлеу қабілетін дамытатын, әлеуметтік көзқарасын қалыптастыратын, ізденушілікке баулитын жұмыстар жүйесі.

Барлық оқушыларға стандарт деңгейінде білім беру.

Әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейінде оқыту.

Шығармашыл іс-әрекет жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Тиімділігі мен ерекшелігі:

Оқушы білімі анық бағаланады.

Белсенділігі артып, қызығушылығы оянады.

Ой еңбегі жетіледі.

Белгілі бір нәтижеге жеткенін іштей сезеді.

Өзіне деген сенімділігі артады.

Шығармашылық деңгейге дейін жетуге ұмтылады.

Әдістері:

Материалды деңгейлеп беру.

Жаттығу әдісі арқылы бірнеше деңгейде жұмыстану.

Бірін-бірі тексеру арқылы жұмыстың дұрыстығына көз жеткізу.

Маңыздылығы:

Сынып оқушыларын жаппай жұмыс істеуге баулиды.

Әркім өзінің білім деңгейін біліп,оны дамытуға тырысады.

Қиындықтарды жеңе білуге дағдыланады;

Ізденіс дағдысы қалыптасады.

Деңгейлеп - саралап оқыту технологиясы мынадай 4 түрге бөлінген:

I деңгей – Репродуктивті – үйренуші (білімнің төменгі шегі. Грамматикалық тапсырмалар, жазба жұмыстарын орындау. Мәтінді түсініп оқу. Жаңа сөздерді сөздікке жазып алу, сұрақтарға жауап беру)

II деңгей – Алгоритмдік (мақсат пен шешілуге тиіс жағдаят нақты, белгілі. Оқушы бұрынғы алған білімін пайдалана отырып, өз бетімен жұмыс істейді. Үйренушілік деңгейдегі білімін толықтыру, күрделі материалды жүйелей алуы, алған білімдерін басқа тапсырмаларды орындағанда пайдалана алуы ескеріледі).

III деңгей – Эвристикалық (мақсат анық, жағдаят түсініксіз. Оны оқушы өзі толықтырады. Жаңа хабар білімді өз ізденісімен алады. Бұл деңгей әр түрлі логикалық тапсырмаларды талдай, жинақтай алуды және салыстыра білуді қажет етеді).

IV деңгей – Шығармашылық (мақсат анық емес, жалпылама. Оқушы оны анықтайды, жаңа нәрсені табады. Өз бетінше жаңа дүниені әкеледі.

Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

1 Маманов Ы. Орыс мектептеріндегі қазақ тілін оқыту. - Алматы, 1977. -71 б.

2 Өстеміров К. «Қазіргі білім беру технологиясы». -Алматы, 2004 жыл, - 54-56 б.

3 Педагогика мәселелері. 2009 жыл. -125-125-б.

Использование инновационных технологий на уроках казахского языка для повышения качества системы образования в соответствии с требованиями конкурентной среды

В статье говорится об использовании инновационных технологий на уроках казахского языка и о международном уровне образования.

Ключевые слова: инновационная технология, конкурентная среда, качество образования, международной уровень.

Uce of innovative technologies on the lessons of Kazakh for upgrading of the system of education in accordance wich the reguirements of competition environment

In the article talked about the use of innovative technologies on the lessons of Kazakh and about the international level of education.

Key words: innovative technolody competition environment guality of education international level

ӘОЖ 81·1

Ғ.ШӘРІПЖАНОВА,
ф.ғ.к. доцент.
Алматы энергетика және байланыс
университеті

- ЛЫ, - ЛІ ҚОСЫМШАСЫ

Мақалада сөз формасын жасаудағы –лы, -лі қосымшасының функциялық ерекшелігі қарастырылады.

Түйін сөздер: антонимдік мағына, сын есім, жұрнақтар, грамматика, сөз жасаушы.

Қазақ тілінде –сыз, -сіз қосымшасына антонимдік мағынаны білдіретін ***-лы, -лі*** қосымшасы бар. Қазақ тілі оқулықтарында бұл тұлға сын есім тудырушы жұрнақ ретінде қаралады. ***–сыз, -сіз*** қосымшасы жалғанған сөзіне жоқтық мағына үстесе, ***-лы, -лі*** қосымшасы бұған керісінше, барлық, осы мағынамен байланысты иелік, молдық, көптік, тәуелдік мағына береді. Түркологиялық еңбектерде бұл тұлға жоғарыда аталған қосымшалар тәрізді сын есім тудырушы жұрнақ, форма тудырушы тұлға, екі функциялы қосымша деп түрліше көрсетіледі. Белгілі түрколог ғалымдар Н.А.Баскаковтың ноғай тілінің грамматикасында, Н.К.Дмитриевтің құмық тілі грамматикасында зат есім мен сын есімнің құрамында сөз тудырушы жұрнақ делінсе, Н.А.Баскаков «формы обладания» деген атаумен «промежуточные аффиксы» деп атаған қосымшалар қатарында көрсетеді. М.А.Хабичев те куман тілінің грамматикасында «иелік форма» деп атайды. М.А.Хабичев бұл қосымшаны форма тудырушы деп анықтауда мынадай өлшемдерді ұстанады. Ғалымның өз сөзімен айтқанда: «В карачаево-балкарском языке аффикс *–лы, -лі* присоединяются ко всем существительным, а также прилагательным,

обозначающим цвет, количественным числительным и вопросительно-относительным местоимением. Во многих случаях при его помощи образуются имена прилагательные, как и в остальных тюркских языках. В карачаево-балкарском языке дело обстоит иначе. Так, например, «джеріли» означает «имеющий землю», «с землей», «земельный». ... образования с *–лы*... передающие идею «имеющий» и соответствующие предлогу «с», не могут быть отнесены к прилагательным /1/.

Қазақ тіл білімінде осы сипаттас бұл тұлғаның екі функция атқаратыны жайлы Қ.Шаяхметов оның бірінші функциясы – сөз жасаушылық, екіншісі – форма жасаушылық деп көрсетеді. Қ.Шаяхметовтің пікірінше, ***-лы, -лі*** қосымшасы зат есім негіздеріне жалғанған барлық жағдайда сын есім тудырады /2/.

Ы.Маманов ***–дай, -дей, -ша, -ше, -сыз, -сіз, -ғы, -гі, -шы, -ші, лық, -лік*** қосымшаларының тілдік табиғатын «Қазіргі қазақ тілі. Лекциялардың текстері» деп аталатын еңбегінде кеңірек тоқталған, ал ***–лы, -лі*** қосымшасының сөзжасамдық, форма тудырушылық қызметіне байланысты «Итті қонақ жараспас» деген мақал құрамындағы «итті» сөзінің, яғни,– ***ті*** қосымшасының жаңа сөз жасап тұрмағанын, өйткені басқа сөздермен тіркесу қабілетінің жоқтығын келтіріп, «бұл қалыпты даяр сөз емес, тек нақтылы мақал-мәтелдерде ғана уақытша қолданылатын сөз» деп нақтылайды /3/.

А.Жаңабекова –лы, -лі қосымшасының сөзжасамдық қызметі жайлы айтқан Қ.Шаяхметовтің анықтамасына Ы. Мамановтың ***–лы, -лі*** тұлғасынан басқа жоғарыда аталған қосымшалардың форма жасаушы қызметі жайлы айтқан пікірлері мен тұжырымдарын басшылыққа алып, мынадай пікір айтады: «Қ.Шаяхметов ***–лы, -лі*** қосымшасының бірінші негізгі қызметі – сөз тудырушылық деген еді. Біз бұл пікірге сын көзбен қараймыз. Себебі, автор –лы, -лі қосымшасының ұйытқы сөздердің барлығына сындық сипат бере алатындары

мен бере алмайтындарын, яғни, тек барлық, иелік мән ғана үстейтіндерін бөліп-жарып қарамайды. Мысалы, үйлі, терезелі, киімді, кітапты, сақиналы, т.б. сөздер мен инабатты, ақылды, әдепті, күшті, т.б. сындық сипат алған сөздермен бір қатарда алып қарағаны байқалады», дей келе, автор жоғарыда аталған мысалдарды салыстыра отырып, жіктеп, көптеп, септеп, олардың арасындағы айырым белгілерін анықтайды /4/.

Жоғарыдағы ***инабатты, мейірімді, әдепті*** сөздері заттанған сапалық сын есімдерше жіктеледі, септеледі, көптеледі (мейірімдімін, мейірімдісің, мейірімдісіз, мейірімді; мейірімдінің, мейірімдіні, мейірімдімен..., мейірімділер); Ал ***терезелі, кітапты, үйлі*** сөздерін бұлайша түрлендіре алмаймыз. Демек мейірімді, инабатты, әдепті сөздері сапалық сын есімдерше түрлене алады екен, яғни, сапалық сынды білдіру дәрежесіне жеткен. С.Исаев осы тәрізді ***толық, ашық, ақылды*** сөздерін сапалық сын есімдерге ауысқан сөздер, сондықтан олар сапалық сын есімдер ретінде танылуы керек деп жазады /5/. Бұл жерде С.Исаев сапалық сын есімдер мен қатыстық сын есімдерді ажыратудың бірден-бір белгісі деп шырай категориясын негізге алады. Шырай категориясы сапалық сын есімдердің ғана түрлену жүйесі деп көрсетеді.

Қысқасы, ***-лы, -лі*** қосымшасы жалғануы арқылы жасалған сын есім сөздер тіліміздің молынан кездеседі. Бірақ ***–лы, -лі*** тұлғалы барлық сөзді не сөзформаны даяр қалпында қолданылатын лексикалық бүтін ретінде қабылдауға болмайды. Бұл тұлға тілдік жүйенің ғана емес, сөйлеудің де бірлігі. Сөйлеу кезінде ***–лы, -лі*** тұлғасы иелік, меншіктік мағына үстеу үшін қолданыла береді. Мысалы, ***Кітапты болып қалдым. Киімді болып қалдым, Етікті болып қалды***. т.б. Осы сөйлемдердегі –лы, -лі тұлғалы сөздер даяр сөздер емес, олар сөйлеуде уақытша қолданылатын сөздер. Ы.Маманов та осы тұлға туралы уақытша қолданылатын сөздер деген терминді қолданған болатын.

«***-Лы, -лі*** формалы сөздердің қайсысының сөз,

қайсысының сөздің грамматикалық формасы екенін олардың мағынасына қарап қана айқындауға болады. Олардың формалық жағында айырма жоқ»/4/.

Қазіргі кезде сөзжасамдық тәсілдер үшке бөлініп көрсетіліп жүр: синтетикалық, аналитикалық, лексика-семантикалық. *–Лы, -лі* қосымшасы жалғанып жасалған сын есім сөздер сөзжасамның қай тәсілі арқылы жасалды деген мәселеде пікір қайшылығы байқалады. –Лы, -лі қосымшасы сөзжасамдық жұрнақ па, әлде осы тұлға жалғанып жасалған сын есім сөздер сөзжасамның синтетикалық тәсілімен жасалған сөздер емес, сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі арқылы жасалған ба? Демек, бұл жерде осы тұлға жалғанып жасалған сын есім сөздер сөзжасамның қай тәсілі арқылы жасалды деген сұрақ туады. Түркологияда осы сияқты құбылыстарды грамматикалық омонимия деушілер де бар. Алда *–лы,-лі* тұлғасының тілдік табиғатын сөзжасамдық, грамматикалық қырлары бойынша арнайы қарастыру қажеттігі тұр.

Әдебиеттер

1 Хабичев М.А. Именное словообразование и формообразование в қуманских языках. – М. Наука,1989.-217 с.

2 Шаяхметов Қ. Екі функциялы аффикстер. Канд дисс. – Алматы, 1973.

3 Маманов Ы. Е. Қазіргі қазақ тілі. Лекциялардың текстері. – Алматы, 1973. -89 б.

4 Жаңабекова А.Ә. Сөз формаларын жасаудағы қосымшалардың функциялық ерекшеліктері. Канд. дисс. – Алматы, 2001. -140 б.

5 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. -303 б.

Аффиксы -лы, -лі

В статье рассматриваются функциональные особенности аффиксов *–лы, -лі* в формировании слов.

Ключевые слова: антонимы, значения, прилагательные, суффиксы, грамматика, словообразующей.

Affixes -лы, - лі

The functional features are examined in the article affixcs of –лы, -лі in forming of wands.

Key words: antonyms of value, adjectires, suffixes, grammar, word - formation.

ӘОЖ 82.0

Ә.НИЕТАЛИНА,
№ 47 жалпы білім беретін
орта мектеп.
Ақтөбе қаласы.

ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

Автор өз мақаласында қазақ әдебиеті сабағында оқушыларды сыни тұрғыдан ойлана отырып, білім алу жолдары туралы баяндаған.

Түйін сөздер: мәдениет, ақпараттық қоғам, жаһандану, әдебиет сабағы, шығармашылық қабілет.

XXI ғасыр - ақпарат ғасыры. Адамзат дамуының жаңа кезеңінде білім жүйесін жетілдіріп, оқытудың жаңа жолдарын іздестіру қажет. Қазіргі білім беру жүйесінде оқыту технологияларын тиімді пайдалану арқылы үздіксіз өзгерістерге

бейімделе алатын жеке тұлға қалыптастыру - басты міндет болып отыр. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев халыққа арнаған жолдауында: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біз болашақты жоғарғы технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауға тиіспіз. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз алысты барлап, кең ауқымды жаңаша ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз»,- деген болатын. [1,6-б.] Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының білім жүйесінің стратегиялық мақсаты – берген білімді, дағдыларды меңгеретін, бәсекелестік қабілеті мол, шығармашылық бағытта жұмыс істей алатын, ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Елбасымыз айтқандай, экономиканың қарқынды дамуы үшін қазіргі нарық қатынасы талаптарына жауап бере алатын, сыни ойлана алатын, шығармашыл тұлға қажет.

Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті, тұтастықты сақтау, ұлттық сананың сарқылмауы, тіл мен ділдің баянды болуы үшін әдебиеттің алар орны ерекше. Әдебиетті оқытудың өзекті мәселелерінің бірі – оқушылардың көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын ояту, сөйтіп тақырыптың идеялық мазмұнын терең ұғыну, шығармадағы көркем тілдің құдіретін түсіну. Бұл міндетті шешу үшін оқытудың жаңа әдістерін пайдалану арқылы оқушының белсенділігін арттырып, шығармашылық ізденісін, пәнге деген қызығушылығын арттырамыз. Көркем шығарманы тұщына оқып, оқиға ішіне еніп, образдар жүйесімен сырласу арқылы оқушы қиялы ұшталады, армандай біледі, әсемдікті, құндылықты тануға жол ашады, шығармашылық қабілеті оянады. Оқушының сезімін ояту үшін, шығармаға деген

ынтасын арттыру үшін мұғалім шәкірттердің алдына зерттеп саралайтын мәселе қойып, оны шешу мақсатында өздігінен ізденіп, белсенділік танытуын талап еткен жөн. Осы орайда оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына зор ықпалын тигізетін бірден-бір оқыту технологиясы – «Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» бағдарламасы. Бұл бағдарламаның негізгі қағидасы шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойы мен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген-білгенін талдап салыстырып, өз бетімен және бірлесіп шығармашылықпен жұмыс жасау. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – оқушыға білімнің дайын күйінде берілмеуі. [2, 43-б.] «Мәселені қалай шешуге болатындығын көрсетпей» мұғалімнің шеберлігі арқылы оқушының өзінің шығармашылық ойлауын, білімге қызығушылығын ояту, шешім қабылдауға үйрету, жауапкершілігін арттыру. «Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша өткізілген сабақтар нәтижесінде оқушы:

- жаңа тақырыпты өзі іздене отырып меңгереді;
- түрлі танымдық тапсырмалар арқылы қызығушылығы артады, тіл байлығы, ой-өрісі, ынтасы дамиды;
- сыни тұрғыдан ойлана отырып, білім алудың шығармашылық деңгейіне көтеріледі.

Аталған жобаны сабақ үдерісінде қолдану арқылы біз оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйретеміз, түрлі танымдық тапсырмалар арқылы оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті сабағына деген қызығушылығын, тіл байлығын, ой-өрісін, ынтасын дамыта аламыз. Ең бастысы, өз ойын еркін жеткізе алатын және алған білімін өмірде пайдаланатын, ойлы, білімді, парасатты оқушыны тәрбиелеу міндеттерін шеше аламыз.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – «Қызығушылықты ояту».

Бұл кезең қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Оқушы бұрынғы білетіні мен жаңа білімді ұштастырады. Осы арқылы ойды қозғау, ояту, ми қыртысына тітіркендіргіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтастыру», «Түртіп алу», «Жұпта талқылау», «Болжау», т.с.с. әдістер арқылы оқушының таным-түйсігіне қозғау саламыз. Бұл кезеңде оқушының белсенділігі, ынта-жігері артады. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, жұпта, топта талқылайды. Яғни, ой айту, пікірін ортаға салу арқылы оқушы ашылады, ой бөлісу қажеттігін түсінеді. Осылайша шыңдалған ойлауға біртіндеп қадам жасала бастайды. Шығармашылық ізденіске баулу сабағымның бірі 5-сыныпта Қабдеш Жұмаділовтің «Қозықөрең» әңгімесін өту барысында сабақ. «Қызығушылықты ояту» кезеңінде «Жылқы – малдың патшасы» деген тақырыпта оқушылар ойларын мақалдап, ассоциация құрастырды. («Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме», «Жақсы ат – жанға серік», «Бәйгеден ат келмейді, бап келеді», «Ер қанаты - ат», «Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса, ас көп», «Түйе - байлық, қой-мырзалық, жылқы-сәндік»).

Ойлану мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі – «Мағынаны тану». Осы кезеңге тән «Кубизм», «Жигсо», «Ротация», «Фишбон», «Түсініктеме күнделігі», тағы басқа әдістер бар. Мұғалім оқушыларды белсенді әрекетке бағыттау үшін сұрақтар дайындайды. Бұл орайда оқу міндеттері мәселелік сұрақтар арқылы шешіледі. Мәселелік жағдаятты туындату – сабақтың ең қиын, ең қажетті бөлігі десе де болады. Әдіскер-ғалым Қ.Тасболатов: «Мәселелік жағдай тудыру-оқушыларға сұрақ қойып, оны шешу ғана емес, мұндағы сұрақ әдетте қойылып жүрген сұрақтардан мүлде өзгеше. Ол сұрақ оқушыға бейтаныс, өздігінен ізденіп, өзінше қорытынды жасай білетіндей сұрақ болуға тиіс»,- дейді. [3, 37-бет] Бұл орайда

оқушыға танымдық сұрақтар қоюдың маңызы зор. М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесін оқыту барысында оқушылардың шығармашылық ойлау әрекетін дамыту мақсатында сұрақтарды төмендегіше жүйелеуге болады:

1.Қасқырлар ұясын адамдар неге талқандады? Адамдардың іс-әрекеті дұрыс па? Өзің оны қолдайсың ба?

2.Қалай ойлайсыңдар, қасқырды қолға үйретуге бола ма? Адамдардың Көксеректі күшік кезінде өз ұяластарынан ажыратуы дұрыс па?

3. Қасқырлар іс-әрекеті мен адамдар іс-әрекетінде ұқсастық бар ма? Қайсысы қаталырақ?

4. Ауыл адамдары Көксеректі неге жек көрді, жазалады? Осы жазаға өзің қалай қарайсың?

5. Көксерек неге адамдар ортасына үйреніп кете алмады? Көксеректің Құрмаш ықпалына мойынсұнбау себебі неде деп ойлайсың?

6. Көксерек Құрмаштан гөрі ақ қасқырмен неге тез бауырласты?

7. Өзін сонша бағып, мәпелеген Құрмашты танымай, Көксеректің жауыздық істеген себебін, қаталдығын, тағылығын қалай түсіндірер едің? Жазушы ойы не? Көксерек жауыздық іс-әрекет жасағанына кінәлі ме?

8. Құрмаш өліміне кім кінәлі? Қасқырды түгел құртып тастауға бола ма? Оқиғаны қалай аяқтаған болар едің?

Мәселелік сұрақтар оқушының ойлау қабілеттерін дамытады, оқу міндеттерінің дұрыс шешілуіне ұйытқы болады.

Сыни тұрғыдан ойлауға бағытталған жұмыстардың ауқымды бөлігі осы кезеңде жүзеге асады. Бұл кезеңде мұғалім оқушыларды топқа бөліп, ой қозғаттырады, тақырыпқа қызықтырады, мәтіндегі ең құнды нәрсені анықтауды ұсынады, кейіпкерлердің ерекшеліктерін тануға меңзейді, мәтіннің тілдік ерекшелігі туралы сұрақ қояды, өз ойларын қорғауға машықтандырады. Оқушы жұппен, топпен жұмыс жасайды,

жаңа ақпаратпен танысады, әр түрлі әдістер арқылы мәтінді зерттейді, кейіпкерлер іс-әрекетін талдайды, салыстырады, ойларын қорытып, өз тұжырымын жасайды, шығармашылық белсенділік танытады. Осы кезеңде тақырыпты жан-жақты ашу үшін «Кубизм» әдісін қолдану оң нәтиже береді.

Әңгімелеңіз. «Жылқы – қазақтың ең қадірлі малы»

Зерттеңіз.

1. Әңгімедегі қырғыз-қазақ достығының үлгісін көрсететін кімдер?

2. Ералы мен Жұмақанды жақындастырып жіберген қандай оқиға?

3. Ағыбайлардың Төреқұл аулына аса салтанатпен бару себебі не?

4. «Қозыкүрең» оқиғасын әңгімелеп отырған кімдер?

5. Саяқбай Қозыкүреңнің қашуға дайындалып жүргенін қандай әрекеттерінен байқады?

6. Жатып қалған Қозыкүреңді тұрғызу үшін Саяқбай қандай емдік шаралар қолданды?

7. Саяқбайдың жануарды арулап көмуін қалай түсінуге болады?

8. «Біздің арамыздағы достықты осы балалар жалғастыратын болсын...» деген Төреқұл сөзінің мәнісі неде?

Қолданыңыз. Әңгімедегі мақал-мәтелдерді тауып, мағынасын түсіндір.

Талқылаңыз. Әңгіменің композициялық құрылысына талдау жасау.

Басталуы. Майданға ат жөнелту.

Дамуы. Паромның дайын болмауы.

Байланысы. Қозыкүреңдегі өзгеріс.

Шиеленісуі. Саяқбайдың жорамалы.

Шарықтау шегі. Жылқының қашуы.

Шешімі. Туған жерге оралуы, өлуі.

Қорытынды. Туған жердей жер болмас.

Елестетіңіз.

Салыстырыңыз. Бағдарламаның үшінші кезеңі – «Ой -толғаныс». Осы кезеңде оқушы не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Білімді үйрену жолында белсенді әрекет етеді, өзгерістер енгізеді, нағыз білім шыңына көтеріледі. Осы кезеңде «Венн диаграммасы», «ББҮ» сызба әдісі, «Инсерт», «Синквейн», «Бес жолды өлең», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», тағы басқа әдістер әр сабақтың ерекшелігіне қарай қолданылады. Сабақтың ой - толғаныс кезеңінде «Еркін жазу» стратегиясын қолдану өте тиімді. Тақырыптың өзекті мәселесі жайлы, одан алған әсерін, не үйренгенін, нені білу керектігі жайлы өз пікірін қағаз бетіне түсіреді. Белгілі уақыттан соң оқушылар өз жазғандарын топ ішінде оқиды. Ең әсерлі жақсы жазылған жұмыс сыныпта оқылады. Әдеби кейіпкерлермен сырласу, оларға ашық хат жазу барысында оқушы сыни ойлауға, шығармашылыққа төселеді.

Оқушылардың алған білімдерін қорытуға оған сын көзбен қарап, ойын түйіндеуге үйретететін бұл әдісті барлық сабақта қолдануға болады. Эссе жазу арқылы өз ойынан әр түрлі пікірлер құрастырып, оны дәлелдеуге үйренеді, тілі дамиды, сөздік қоры молаяды. «Ой - толғаныс» кезеңінде С.Сейфуллиннің «Ақсақ киік» өлеңін оқу барысында «Инсерт» әдісі арқылы оқушы білімін сыни тұрғыдан қорытындылайды.

Инсерт Түртіп алу жүйесі

Білетінім	Білгеніме сәйкес келмейтіні	Мен үшін жаңалық	Таңғалдырады
Киіктің далада, сахарада жүретіні.	*Оның етінің, мүйізінің пайдасы бар екенін білмедім.*	*Мүйізінен дәрі жасалатындығы.*	*Адамдардың оларды қырып-жоюы,оған аяушылық танытпауы ойландырады.*

«Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша өткізілген сабақтар нәтижесінде шәкірттер:

- Ашық пікір айтуға, ой бөлісуге, басқалардың пікіріне құрметпен қарауға үйренеді.
- Іскерлік дағдысы, ойлау белсенділігі және өз бетінше білім алуға ынтасы артады.
- Дарындылар өздерінің қабілеті мен икемділігін одан әрі бекіте түседі, әлсіздер оқуға ниет білдіріп, сенімсіздіктен арылады.
- Өзін қоршаған ортаға сын көзбен қарауға үйренеді.

Ойлаумен ұштастыра білім алуды бағыттайтын бұл жобада оқушылар белгілі мәселені сыни тұрғыда ойлай отырып, ой толғап, суреттеп, еске түсіріп, болжам жасап, жаңа тың идея табуға талпынады. Әдебиет сабақтарында шәкірттерімді сыни тұрғыдан ойлауға бейімдей отырып, шығармашыл тұлға қалыптастыруға қол жеткіздім.

Бүгінгі XXI ғасыр мектебінің түлегіне аса мол жауапкершілік жүктеледі. Ол өз бетімен білім алып, оны өз тәжірибесінде пайдалана алуы керек. Әр түрлі әлеуметтік топтарда қатынасқа оңай түскіш болуы және өмірдің аумалы-төкпелі жағдайларында жан жақты болуы тиіс. Оқытуды жеке тұлғаға бағыттай отырып, сабақтың дамытушылық, тәрбиелік мүмкіндіктерін тиімді жоспарлап, сыни тұрғыдан оқытуды дамыту арқылы әдебиет сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіреміз, оқытуды қызықты етеміз, әлеуметтік табыстарға қол жеткіземіз, кез келген мәселені шешуде сыни ойланатын тұлғаны тәрбиелейміз. Осындай тәрбие құндылығымен қаруланған оқушы ертеңгі күні елін әлем шыңына жеткізе алады.

Әдебиеттер:

1 Назарбаев Н.Ә.«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты», Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. -Астана. 27 желтоқсан, 2012 жыл.

2 Имжарова З.У. «Сын тұрғысынан ойлау білім үрдісінде». - Ақтөбе, 2012 жыл.

3 Тұрғынбаева Б.А. «Дамыта оқыту технологиялары», -Алматы, 2000 жыл.

Развитие творческих способностей учеников на уроках казахской литературы с помощью критической мысли

Автор в свой статье говорит о новой технологии «СТО» как научить учеников на уроках казахской литературы критически мыслить и получить образование.

Ключевые слова: культура, информационное общество, глобализация, творческие способности.

Developing creative flairs of students on the lessons of students on the lessons of Kazakh literature bi means of critical idea

An author in the article talks about STO, as students on the lessons of Kazakh literature to teach critically to think and get education.

Key words: culture, informative society, globalization, creative capabilities

ӘОЖ 81:37.016

Б.НОҚАТОВА,
Манашы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы

Н.А.ОРАЗАХЫНОВАНЫҢ САТЫЛАЙ КЕШЕНДІ ТАЛДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Мақалада автор оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелей меңгертетін Нұрша Оразахынованың «Сатылай кешенді талдау» технологиясын қазақ тілі мен әдебиеті сабағында тиімді пайдлану жолдарын көрсеткен.

Түйін сөздер: технология, тіл білімі саласы, оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым, тілдесім, математикалық тәсіл.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі ретінде алдыма қойған мақсатым – оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәніне деген қызығушылығын, тілге деген құрметін арттыру. Сол арқылы өз елінің мәдениетін, тілін сүюге тәрбиелеу. Сол мақсатты қоса алға қойған мәселем -Н.Оразахынованың сатылай кешенді талдау технологиясын қазақ тілі мен әдебиеті сабағында тиімді пайдалану арқылы сапалы білім мен саналы тәрбие беру.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Еркін елдің ертеңі – кемел білім мен ғылымда» деген еңбегінде «XXI ғасырда білім беру ісін дамыта білмеген мемлекет құрдымға кетері хақ. Сондықтан біз болашақта жоғары технологиялық және білікті өнеркәсіп мамандарының шоғырын қалыптастыруымыз қажет» деп атап көрсетті.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 8 – тарауында көрсетілгендей, білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі –оқытудың білім беру технологияларын енгізу, халықаралық ғылыми коммуникациялық байланысқа шығу, білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Қазіргі таңда білім беру технологиялары кең тарала бастады, олар уақыт пен қоғамдық сұраныстарды жоғары деңгейде қанағаттандыруға бағытталған. Еліміздің жас ұрпағына әлемдік озық технологияны меңгертуге мүмкіндік беретін білімді оқытып - үйрету – білім жүйесінің басты мақсаты. Сондықтан бүгінгі таңда оқыту барысында түрлі авторлар әр түрлі озық, тиімді технологияларды ұсынып, тәжірибеге енгізілуде.

Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінің алдында қоғамдық құндылықтарды, мәдениетті, қоғамдық белсенді шығармашылыққа бейімделген міндеттерді атқара алатын тұлғаларды дайындау мақсаты тұр. Ал мұғалімдердің шығармашылық жұмыс істеуіне, оқушылардың білім, білік деңгейлерін көтеру үшін «Сатылай кешенді талдау» технологиясының маңызы зор. Осы мақсатпен өз тәжірибемде қолданып жүрген сатылай кешенді талдау арқылы тіл, әдебиет сабақтарында оқушы білімін жүйелі, нақты меңгертуге ұмтыламын. Сатылай кешенді талдау – оқушыларға білімді ғылыми негізде сатылай, жүйелей меңгертіп, оларға ұлттық құндылықтарды бағалай, қолдана білуге машықтандыратын оқыту. Бұл әдіс арқылы білімді белгілі бір көлемде беріп, қажетті шеберлік пен дағдыны қалыптастырумен шектелмей, баланың жалпы тұлғалық дамуына ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты танымдық-психологиялық қасиеттерінің жақсы үйлесім табуына да септігі тиеді.

Сатылай кешенді талдау – оқушылардың тіл білімі салалары бойынша теориялық білімдерін практикалық тұрғыдан талдап, саралап меңгертудің қажетті құралы.

Практикалық тұрғыдан жетік игерілмеген білім құр жаттандылыққа ұрындырады. Есте ұзақ сақталмайды. Тілдің әр саласынан өткен материалдардан, ондағы түрлі грамматикалық тұлғалардың атқаратын қызметтері, тыныс белгілерін қолдану ерекшеліктерін талдап, саралап, жинақтап меңгерту - сатылай кешенді талдаудың басты міндеті. Оқушылар тіліміздің қатпарлы қыры мен сырын, теориялық материалдардың жете меңгере алмаған тұстарын осы талдау барысында игереді.Ол үшін өткен теориялық материалды жинақтап баяндауда басшылыққа алынатын кесте, талдаудың рет–ретімен жүйелі түрде жеткізуге негіз болатын сызбалар арқылы орындайды. Сызба бойынша қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарындағы материалды, жүйелі дұрыс талдауға дағдыланады. Сатылай кешенді талдау тілдің әрбір саласы бойынша жеке – жеке жүргізіледі. «Сатылай кешенді талдау» технологиясында тілдік қатынастың оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым, тілдесім әрекеттері толығымен жүзеге асады.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде жазбаша тілдік қатынас басым түрде оқушы үшін қолданылып, ауызша тілдік қатынас көбіне мұғалімнің іс – әрекеті ғана болып келсе, сатылай кешенді талдау технологиясында оқушы белсенді субьектіге айналып, ауызша тілдік қатынас та, жазбаша тілдік қатынас та қатар жүзеге асады.

5 – сыныпта қазақ тілі пәнінде «Дыбыстарды қайталау» сабағымда сатылай кешенді талдау әдісін пайдалана отырып дыбыстарға математикалық тәсілмен дыбыстық мінездеме беру талдауын қолданамын.Мәселен,

Берілгені: Білім сөзінде қанша дыбыс бар, оның нешеуі дауысты, нешеуі дауыссыз?

$$\text{Білім} \quad o = \frac{\square}{\Delta} = ?$$

Шешуі: *Білім* сөзінде 5 дыбыс бар, оның екеуі дауысты, үшеуі дауыссыз.

Білім = 5О = (2 (і)дауысты)
(3 (б,л,м)дауыссыз О) ;

□ – дауысты дыбыстар.

а) Тілдің қатысына қарай:

2□ = (жуан Ø)/
(2 (і)жіңішке □) ;

ә) Жақтың ашылу дәрежесіне қарай:

"2□=" " ашық Ø /
"2 " ("і")"қысаң □;

б) Ерін мен езудің қатысына қарай:

"2□ = " "2 " ("і")"езулік □";
/"еріндік Ø"

Δ-дауыссыз дыбыстар

а) Үн мен салдырдың қатысына қарай:

3Δ= қатаң Ø+1 " ("б")"ұяң Δ "
"2 " ("л,м")" үнді Δ" ;

ә) Айтылу, жасалу тәсіліне қарай:

3Δ= 1 " ("б")" шұғыл Δ+ызың Ø"
діріл Ø+ 1(л)ауыз жолды Δ+1 (м)мұрын жолды Δ;

б)Жасалу орны мен дыбыстау мүшелерінің қатысына қарай:

3Δ= 2 (б, м) ерін Δ + 1 (л) тіл алды;

5 – сыныпта үндестік заңының тарауларын өткенде фонологиялық талдауды қолданып келемін.

Қазақ

1.Бұл сөз - айтылу, жасалу, жазылу жолдарына қарай жуан буынды сөз. Себебі, сөздің құрамындағы дауысты дыбыстар - жуан дауыстылар.

Бұл сөз ***қа – зақ*** болып екі буынға бөлінеді. Себебі, сөздің құрамында екі дауысты дыбыс бар. ***Қа-*** буыны ашық буын. Себебі, буын дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбысқа аяқталып тұр; ***зақ*** – буыны бітеу буын. Себебі буын дауыссыз дыбыстан басталып , дауыссыз дыбысқа аяқталып тұр.

Бұл сөз:

Қа – болып бір жағдайда тасымалданады. Себебі, сөз екі буыннан тұр.

зақ немесе сөз буын жігіне сәйкес тасымалданған.

4. Бұл сөзде екпін ***зақ*** буынындағы а дауысты дыбысына түсіп тұр.

5. Түбір мен қосымшаның арасында буын үндестігі жоқ. Себебі, түбір сөз.

6. Сөзде дыбыс үндестігі жоқ. Себебі, түбір сөз.

6-7 сыныптарда сөз таптарын өткенде сөз таптарына морфологиялық талдау жасаймын. Мысалы:

Жаңбыр

1.Бұл сөз бір құрамнан тұр: жаңбыр

2.Тұлғасына қарай – негізгі түбір (себебі,сөздің әрі қарай бөлшектенбейтін негізгі мағына беретін бөлігі)

3.Құрылысына қарай – дара (себебі, бір ғана негізгі түбірден тұр).

4.Сөзде бір лексикалық, екі грамматикалық мағына бар.

5.Лексикалық мағынасы – табиғаттың құбылысына берілген атау.

6. 1. Бірінші грамматикалық мағынасы-лексикалық мағынаның жалпылануынан

жасалған жалпы грамматикалық мағына – зат есім.
6.2. Екінші грамматикалық мағынасы – атау септігінің (0) нолдік тұлғасы арқылы берілген категориялық грамматикалық мағына - атауыштық мағына.
7. Жаңбыр -не? деген сұраққа жауап береді. Ендеше бұл – зат есім. Зат есім дегеніміз - кім? не? кімдер? нелер? т.б. сұрақтарға жауап беріп, заттың, нәрсенің атын білдіретін сөз табы.
8. Мағынасына қарай: а) жалпы (себебі, біркелкі заттардың жалпылай аталуы);
в) жансыз (себебі, тіршілік иесі емес);
б) деректі (себебі, көзбен көріп, қолмен ұстап тануға болатын зат атауы);
в) нақты (себебі, деректі болған зат нақты болады).
8-9 - сыныптарда сатылай кешенді синтаксистік талдау жасаймын.

Ұлы жол үйдің табалдырығынан басталады. Мақал

1. Сөйлемде бір тыныс белгі бар. Ол нүкте (.).
2. Айтылу сазы мен мазмұнына қарай – хабарлы сөйлем.
3. Құрылысына қарай – жай сөйлем.
4. Жай сөйлемнің түрлерін анықтау үшін сөйлемдегі сөздерді сөйлем мүшелеріне талдаймыз.

а) Қайтеді? – басталады – дара, етістікті баяндауыш. а) Басталатыны не? – жол – дара, зат есімді, атау тұлғалы бастауыш. б) Қандай жол? – ұлы – дара, сын есімді, сапалық анықтауыш.

в) Нені табалдырығынан? - үйдің – дара, зат есімді, (-нің) ілік тұлғалы –иелік анықтауыш. г) Несінен басталады? –табалдырығынан – дара, зат есімді, (-нан) шығыс тұлғалы – жанама толықтауыш.

Жай сөйлемнің түрлеріне қарай: а) Жайылма. а)Толымды. б)Жақты.

5. Сөйлемде: үйінің табалдырығынан, табалдырығынан басталады деген сөз тіркестері бар. Құрылысына қарай – еркін тіркестер. Себебі, бағыныңқы сыңарын кез келген сөз сыңарларымен алмастыруға болады. Тұлғасына қарай – ***үйінің табалдырығынан*** – есімді, себебі, басыңқы сыңары есім сөзден басталып тұр, ***табалдырығынан басталады*** – етістікті тіркес, себебі, басыңқы сөз етістіктен болып тұр.

6. Сөйлемдегі сөздерді байланысу түрлері мен тәсілдеріне қарай талдау.

а) Табалдырығынан басталады – меңгеру. Себебі, бағыныңқы сыңары барыс септігінде тұрып, басыңқы сыңарымен меңгеріле байланысып тұр. Тәсілі – жалғаулық.

ә)Үйдің табалдырығынан – матасу. Себебі, бағыныңқы сыңары ілік септігінде, басыңқы сыңары тәуелдік жалғауында тұрып, матаса байланысып тұр. Тәсілі – жалғаулықты.

Сатылай кешенді талдау технологиясын әдебиет сабағында да қолданамын. Мысалы: 7 – сыныпта Ә.Тәжібаевтың «Сырдария» өлеңін былай талдаймыз.

Сырдария

1.Авторы: Ә. Тәжібаев 1909 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Ақынның бірнеше өлеңдері, поэмалары, пьесалары бар.

2.Тақырыбы: Ақынның туған өлкесі - Сыр бойы, Сырдария өзені туралы.

3.Жанр түрі: Поэзия (өлең). Өлең дегеніміз – белгілі бір өлшеммен қиыстырып, үйлесімді ырғақпен ұйқасып келетін өрнекті сөз жүйесі.

4.Идеясы: Ақынның еліне, жеріне, Сырдария өзеніне деген сүйіспеншілік.

5.Шумақ: Өлең 6 шумақты.Шумақ аяқталған синтаксистік біртұтас ойды білдіреді.

6.Тармақ: 24 тармақ. Тармақ – бұл өлеңнің әр жолы.

7.Бунақ: 2 бунақ. Бунақ – белгілі бір дауыс ырғағымен бөлінуі.

8.Буын: 6-7-8 буынды өлең.

9.Ұйқас: қара өлең ұйқасы (а,а,б,а) кезекті ұйқас (а,б,в,б).

10.Әдеби теориялық ұғымдар. а) Эпитет. Сұлу өзен, қарт анам, асқан алып қайратын, жаңа Гейне. ә) Жартылай арнау – бұл ақын жеке адамға емес, жалпы жұртқа қайырыла сөйлеп, жеке адаммен оңаша емес жалпы жұртпен жария кеңескен.

11.Түсіндірме сөздік: Сыр, Рейне, Днепр, Еділ – өзен аттары. Гейне,Тарас, Пушкин – ақындар.

12.Өлеңнің негізгі түйіні, тәрбиелік мәні: Өлең табиғат сұлулығы арқылы туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілікті оятуға арналған.

Мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда оқушылардың ынтасын арттырып, білім сапасын жақсарту мақсатында қазіргі кездегі білім берудің жаңа технологияларын кеңінен пайдалануға тырысамын. Оқушылардың алған білімдерін бекіту үшін әр оқушының білім деңгейін ескере отырып, тақырып не тарау бойынша қайталау сабақтарын сайыс түрінде өткізуді дағдыға айналдырып келемін. Бұл қазіргі таңда біздің шапшаң қарқынмен дамып отырған заманымыздың талабы.

Әдебиеттер

1 Оразахынова Н. Сатылай кешенді талдау технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. - Алматы, 2007ж.

2 ҚР Білім туралы заңы. 2007ж.

3 ҚР 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. 2002ж.

Эффективное использование технологии «СКТ» Н.Оразахыновой на уроках казахского языка и литературы

Автор этой статьи рассматривает эффективные методы использования технологии «СКТ» Нуршы Оразахыновой на уроках казахского языка и литературы.

Ключевые слова: технология, область лингвистики, чтение. прослушивание, говорение, писать, математический подход.

Effective use of technolody of CKT N.Orazahinova on the lessons of Kazakh and literature

The author of this article examines the effective methods of the use of technology of «СКТ» of Nurshi of Orazahinova on the lessons of Kazakh and literature.

Key words: technolody, region of linguistics, reading, listening, talking, to write, the matematicat approa.

АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

Мәдениетті адам болып тәрбиеленуге екі құдіретті күш әсер етеді - көркем өнер мен ғылым. Бұл екеуіне де кітап бетінен дидарласасың.

М.Горький.

Адамның көңілі шын мейірленсе, білім - ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тез қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Абай.

Көкейкесті көзқарас

ӘОЖ 37:004

Р.ЖҰМАҒАЛИЕВА,
Сейітқали Меңдешев атындағы
жалпы білім беретін орта
мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
БҚО, Жаңақала ауданы,
Мәстексай ауылы

НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ - КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК

Мақалада қазақ тілі сабағында инновациялық технологияларды қолданып, оқушыларға халықаралық деңгейге сай білім беру мәселесі көтерілген.

Түйін сөздер: инновациялық технология, бәсекелестік орта, білім сапасы, халықаралық деңгей.

Қазіргі кезде жоғары білім жүйесін реформалаудың басты мақсаты – білімді игеру кезінде күтілетін нәтижелерге қол жеткізу. Мұнда басты назар оқытушыдан оқушыға ауысады. Оқушы жеке тұлға мәртебесіне ие болады. Жеке тұлға бұрын білімді қабылдаушы, жинақтаушы болса, ал жаңа талап бойынша өздігінен білім алушы, үйрене білуші ретінде танылады.

Қазіргі біздің қоғамда жоғары білікті, кәсіби дайындалған, шығармашылықпен ойлайтын мамандар қажет. Сондықтан да жоғары білім беруді модернизациялау стратегиясын «құзыретті білім беру»деп атап жүр.

Қазіргі заманғы ғылым тарихында түрлі әдіс – тәсілдер, әдістемелер пайда болып, жаңаша білім жолдары іздестірілуде.

Соның айғағы ретінде өз білімімді жетілдіру мақсатында Джордж Соростың ашық қоғам институтының «Сорос Қазақстан» қоры арқылы келген Қазақстан оқу қауымдастығы ұйымдастырған «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» жобасын терең меңгеру бағытында оқу курсына қатысып, өз тәжірибемде қолданудамын. Сын тұрғысынан ойлаудың авторлары: Джинни Стилл, Курт Мередит, Чарлз Темпл.

Сын тұрғысынан ойлаудың 100–ге тарта әдіс–тәсілдері бар. Сын тұрғысынан ойлау стратегияларының оқушыларды еркін сөйлеуге, сөз ұшқырлығын ұштауға, өз ойын қысылмай жеткізе білуге мол әсері бар. Сабақ құрылымы үш кезеңнен тұрады.

І. Қызығушылығын ояту стратегиялары. Ой қозғау, топқа бөлу, топтастыру, РАФТ стратегиясы, дөңгелек үстел, т.б.

ІІ. Мағынаны тану стратегиялары. ДЖИГСО. Венн диаграммасы. Бес жолды өлең. Өзара оқыту. Ассоциация, т.б.

ІІІ. Толғаныс стратегиялары. Автор орындығы. ББҮ. Эссе. Кейіпкерге хат. Иә, Жоқ, т.б.

Бұл жобамен жұмыстанудағы мақсатым:

Жеке тұлғаны өзінің өмірлік мәселелерін, тиімді және рухани тұрғыдан шешетіндей өмір-сүруді үйренуге бағыттау.

Қызметті жүзеге асыру функциялары: болжау, ұйымдастыру, бақылап реттеу, үйлестіріп сәйкестендіру, белсенділігін арттыру, зерттеу.

Күтілетін нәтиже:

Сабақ мазмұнының ең негізгі түйінін табуға дағдыланған;

Өз бетінше іздене алатын;

Сұрақ қойып, сұрақтарға толық жауап беруге төселген;

Тақырыпқа жан–жақты түсінігін аңғарта отырып ынтасын одан әрі дамытуға ұмтылыс байқататын;

Білуге, тануға, үйренуге құштар;

Өз көзқарасы, дүниетанымы бар **ЖЕКЕ ТҰЛҒА** қалыптасады.

Осы орайда өзім сабақ беретін 6 –сыныпта өткізген сабағыма тоқталмақпын.

2 сағатқа жоспарланған **Талап Сұлтанбековтың «Ғажайып планета» әңгімесі.**

Сабақтың мақсаты: білімділік-өткір сюжетті мәтін мазмұнын меңгерту, кейіпкерлер бейнесін ашу арқылы ғылымның құпия сырларына көз жеткізу; дамытушылық-оқушы ойын тіршілік, әлем туралы құпия жұмбақтарға жетелей отырып, қиялын дамыту; тәрбиелік- баланың ұшқыр қиялына қозғау сала отырып, қабылдау, ой қорыту дағдыларын дамытып,тылсым әлем сырын ұғынуға жетелеу;

Сабақтың түрі: Сын тұрғысынан ойлау сабағы.

Әдісі: СТО жобасының әдіс – тәсілдері.

Пәнаралық байланыс: астрономия, физика, дүниетану, ғылыми жаңалықтар.

Сабақтың көрнекілігі: слайд кестелері, суреттер, макеттер.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.

Үй тапсырмасын сұрау.(Слайд арқылы қосымша мәліметтер көрсетіледі)

- Талап Сұлтанбеков кім? (Фантаст жазушы, журналист, кинодраматург)

- «Ғажайып планета» қандай шығарма? (Фантастикалық шығарма)

- Фантастикалық әңгіме дегеніміз не? Шығарма неге «ғажайып» деп аталады? (Қиял әлемінен туған шығарма. Жазушы қиялындағы планета «ғажайып» болды.

- Бөгде ғаламшарды қалай елестетесіңдер?

Оқушылардың үй тапсырмаларын тыңдау.

Абатова Сандуғаш: *Бөгде ғаламшарда адамдар табиғатты аялай біледі. Сондықтан да көліктерін жанармаймен емес,*

ағаштан бөлінетін оттегінің көмегімен жүргізуді ойлап тапқан. Адамдар мейірімді.

Қазбек Еділ: Ондағы тіршілік бізге мүлдем ұқсамайды. Жердегідей тартылыс күші болмағандықтан бар тіршілік ұшып жүреді. Бірақ бір – бірімен соқтықпай,өз ережесімен жүреді.

Ерланова Гүлбану: Бөгде ғаламшар мен үшін мүлдем тылсым. Адамдар бір – бірімен өзгеше тілде үнсіз байланысады. Жұмбақтары көп

«Қызығушылықты ояту» кезеңі.

«Топтастыру» стратегиясы. Оқушылар үй тапсырмасы бойынша салып келген суреттері бойынша топтасып отырады. Осы суреттері бойынша жұмыстанады.

I топ. Планетаның сыртқы бейнесін салған топ.

II топ. Өз қалауы бойынша кейіпкерлерді бейнелеген топ.

III топ. Табиғат көрінісін бейнелеген топ.

Жеке жұмыс. Әр оқушы өз тобына сәйкес мәтіннен қажетті сөйлемдерді жазады.

Жұппен жұмыс.Оқушылар жұптасып, өз жазғандарын талқылайды.

Топпен жұмыс.Оқушылар топта мәтін мазмұнындағы өз тақырыптарын жинақтап, бір спикер қорғауға шығады. «Аквариум» стратегиясы, немесе топ спикерлерінің презентациясы.

I топ. Ғажайып планета несімен ерекше? Неге «ғажайып»? Өзгешелігі неде?

Сарғыш ғаламшар. Қос жұлдыз шоғыры 17 планетадан тұрады. Мәңгі жарық. Біркелкі мәңгілік температура орнаған.Планета атмосферасы жөңкіліп жүрген сүлік тәрізді «құстарға» толы. Атмосферада белок пен көміртегі орасан көп мөлшерде шоғырланған. Планетада тіршілік мөлшері шарасынан мүлде асып кеткен. Планетадағы ауа райы мүлде өзгермейтіндей біркелкі. Атмосфера биотоктың аса қуатты

разрядына толы. Оның тарту күшін адам ағзасы жеңе алмай, ұсақ бөлшектерге ыдырап кетуі мүмкін. Планетаның алып жүрегі бар. Жүрек соққанда жан – жаққа жылы леп тарап, ол бүкіл планетаны ұйқыға баурайды. Сөйтіп планета бір космостық тәулікте ұзақ уақыт ұйқыға кетеді. Ғарыш кемесінің биогравитацияны жеңіп, ұшып шыға алуы да осы ұйқының арқасы.

II топ. Ғажайып планетаға сапар шегуші кейіпкерлер кімдер? Олардың іс–әрекеттері қандай? Олардың көмекшілер бар ма?

Биолог Тұранов, «Байқоңыр-12» космос кемесінің командирі Елшібек Оразов, кеме дәрігері Мәриям Темірболатова, конструктор- механик, байсалды мінез Осипов, жасанды адам физиомеханикалық «Кибер». Барлығы – бес мүше. Экипаж жұмысын автокосмонавтқа жүктеп, үш айлық терең, анабиоздық ұйқыға кетеді.Кеме «Тұңғиық» жұлдыздар жүйесінен көтерілді. «Апат» аппараты, электрондық ми, гравитомашина, жұмсақ дөңгелекті амфибия автомобиль – көмекші құралдар. Робот Кибердің адамзатқа төнетін қауіпті түсінетін тетігі бар. Қауіпті сезгенде тетіктің қызыл лампасы жанады.

III топ. Планетадағы табиғат қандай? Ерекшелігі неде?

Планетаның табиғаты өте қызық. Кілемнің түгіндей ғана шоп тәріздес бірдеңе өскен тақыр дүние. Арқан жіп сияқты шұбатылған ағаштар бар. Сезім мүшелері ерекше дамыған,томпаңдаған борсық тәріздес хайуанаттар бар. Өсімдік атаулы ауада жүзіп жүреді. Жанды торпедаға ұқсас ұшатын шабуылдаушы жәндіктер бар.Қара қошқыл өзеннің бетін мөлдір жұқа қабық қымтап тұр.Жәндіктердің тұрақты формасы жоқ. Бұлтыңдап,сынапша толқып,құбыла береді. Балықтар тюленьге ұқсас, ішінен жасыл сұйықтық ағады. Аккумуляторына өзен суын құйған Кибер өліп қалып, ауадан жәндіктер мен шыбын – шіркей тәріздес құрттарды сүзіп алып, суға қосқанда оған жан бітті. Жер бетіндегі тіршілік

ауа райына байланысты мың құбылған формада өсіп–өнсе, мұнда барлығы биогравитациялық заңға бағынған.

(Осылайша әңгіме мазмұнына шолу жасалды.)

«Мағынаны тану» кезеңі. (Сұрақтар слайд арқылы көрсетіледі)

I топқа сұрақ.

- Экипаж құрамында неше адам бар еді?
- Шығарманың басты кейіпкері кім?

II топқа сұрақ.

- Планетаның табиғатының ерекшелігі қандай ?
- Жердегі өсімдіктерден қандай айырмашылық бар?

III топқа сұрақ.

- Ғалым Тұранов қандай адам? Ол қандай жаңалық ашты?

Экипаж мүшелері ғажайып планетадан қалай құтылды?

«Тест – сұхбат» стратегиясы.

№	Мысалдар	Кімнің сөзі?	Қашан айтылды?
1	Алақай, жаңа планета көреміз!	Кибер	Кеме ғажайып планетаға қонар алдында
2	Міне,бізге қарата бір снаряд ұшып келеді!Сақтаныңдар, жанды торпеда!	Командир Оразов	Кеме қонғаннан соңғы алғашқы соққы кезінде

3	Ойпырау, мына жерде топырақ пен кәдімгі судан адам жасап алуға болады екен ғой.	Мәриям	Кибердің денесіне жәндіктер мен құрттарды суға қосу арқылы жан біткен сәтте.

«Галереяда ой шарлау» стратегиясы. Жасанды Кибер қандай болуы мүмкін деп ойлайсыңдар? Әр топ жасанды Кибер бейнесін бейнелеп, қорғайды. (Қорғалым біткен соң, слайд арқылы роботтың құрылысы көрсетіліп, жауаптардың дұрыс – бұрысы тексеріледі.)

Жалпыға сұрақ.

Осындай ғажайып кейіпкерлерді біз тағы қайдан кездестіреміз?

«Венн диаграммасы» стратегиясы. (Слайд арқылы көрсетіліп, толтырылады).

«Дөңгелек үстел» стратегиясы. Оқушылар дөңгелене отырып, сөздік жұмысы бойынша сұрақ – жауап кезеңін өткізеді. (Терминдер слайд арқылы көрсетіліп, дұрыс жауабымен салыстырылып отырады.)

Ғаламшар - Анабиоздық ұйқы – биогравитация – гравитомашина – орбита - метеорит – торпеда – автоғарышкер - электрондық ми – фотосинтез – полимер – молекула – биотоп - галактика - иллюминатор.

«Ойтолғаныс» кезеңі. – Заман өзгеріп, ғасырлар өткен сайын ғылым мен техника дамып, астроботаника, астронавтика, астрофизика, ғарыш машинасы сияқты ғылымның жаңа саласы пайда болды. Адам қиялы ұшан – теңіз. Табиғаттың құпия сырларына болжам жасау үшін ғылымды жетік меңгеруіміз керек. Ғылымның керемет сырларына терең бойлауымыз керек.

Мұқағали Мақатаевтың «Фантазия» атты өлеңі оқылады.
«ББҮ» стратегиясы. (Сызба слайд түрінде көрсетіледі. Әр оқушы дәптеріне орындайды.)

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім
Жалпы ғарыш әлемі туралы, ғарышқа космос кемесі ұшатынын, алғаш ғарышқа ит ұшқанын, ғарышкер киімі скафандр деп аталатынын білемін.	Қиял арқылы ғарышқа саяхат жасауға болатынын, ғарыштың қыр–сырын, роботтар дүниесін тереңірек білгім келеді.	Ғарыш кемесінің өз сызба жолы болатынын, ғарыш әлеміне қатысты көптеген термин сөздерді, роботтың құрылымын, ғарыштың беймәлім сырларын үйрендім.

Сабақты қорытындылау.

Оқушылардың білімін бағалау. (10 ұпайлық жүйе бойынша)

№	Оқушының аты - жөні	Спикер рөлі	Сұрақ - жауап	Суретті қорғау	Талдау	Қорытынды

Үйге тапсырма: Ы.Алтынсариннің «Өнер – білім бар жұрттар» өлеңін оқып, шығармамен байланыстыра отырып, эссе жазу.

Бүгінгі күні өркениетті елдерде қоғамды ақпараттандыру кең өріс алуда. Осыған байланысты жаңа ақпараттық технологиялар кәсіби қызмет пен білім беру үрдісінде де үлкен сипатқа ие. Ақпараттарды өз бетімен алуға,талдауға, қайта өңдеуге үйрету ақпараттық құзіреттілікті қалыптастыру сабақ сайын жүргізілетін күрделі үрдіс болып табылады. Бұл құзыреттілікті қалыптастыруда жеке тұлғаның танымын кеңейтіп қана қоймай, құзырлы тұлға болуына, яғни, бір сөзбен айтқанда, «Сегіз қырлы, бір сырлы » болуына

лайықтау мақсаты алға қойылады. Құзыреттерді меңгеру үшін оқушының психикалық әрекеттерін дамыту қажет екендігін ғалымдар дәлелдеп отыр.

Құзыретті маман – өз бетінше білім алып , құбылмалы заманға ыңғайланып, жаңа ақпараттық технологияларды меңгерген жеке тұлға.

Д.Дьюри «егер оқушыны қызықтыра білсе,олардың таным белсенділігі ешқашан төмен болмайды» дейді. Дьюридің көзқарасы бойынша оқушы әрқашан белсенділік танытады, оның ішкі жан дүниесінде шынайы тартыс – жаңа мен тәжірибенің, эмоция мен себеп – салдардың, іс – әрекет пен ойлаудың тартысы болып жатады. Мұны әрбір мұғалім өзінің философиялық көзқарасының алғы шарты ретінде білуге тиісті.

Өз ұлтымызды, мемлекетімізді өркендететін білімді, болашағы зор шәкірттер тәрбиелеу үшін бірінші кезекте балалардың сезімталдығын, ойын, тілін дамытуды қолға алған жөн деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

1 Әбдезұлы Қ., Рыскелдиева Г.Д., Тұрсынғалиева С.Ч. «Қазақ әдебиеті» оқулығы. - Алматы. «Арман – ПВ» баспасы. 2010 жыл.

2 «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, -Алматы. 2012 жылғы жинағы.

3 Мирсейтова С.«Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. (Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері)» Қарағанды, 2011 жыл.

4 Мирсейтова С.С. «Мұғалім философиясының қалыптасуы мен дамуы: гуманистік парадигма». Қарағанды, 2012 жыл.

Использование инновационных технологий на уроках казахского языка для повышения качества системы образования в соответствии с требованиями конкурентной среды.

В статье говорится об использовании инновационных технологий на уроках казахского языка и о международном уровне образования.

Ключевые слова: инновационная технология, конкурентная среда, качество образования, международный уровень.

Uce of innovative technologies on the lessons of Kazakh for upgrading of the system of education in accordance wich the reguirements of competition environment.

In the article talked about the use of innovative te chndogies on the lessons of Kazakh and about the international level of education.

Key words: innovative techndogy, competition environment, guality of education, international level.

АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

Таусылмас ғылым теңіз, шалқып жатқан,
Өмір бойы оқысаң бір таусылмай.
Қиындығы қинайды жаңға батқан.
Білімге қарсы тұрар қандай күш бар
Бас иер талай мырза кеуде қаққан...
Оқу малды таңдамас, зейін таңдар...

Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРОВ.

Ғылыми еңбек адамды надандықтан құтқарады, ал көркем әдебиет дөрекіліктен, арсыздықтан құтқарады. Адамды шын мәдениетті, бақытты ету үшін мұның екеуі де игілікті нәрсе.

Н.Г.ЧЕРНЫШЕВСКИЙ.

А.ӘЛІМБАЕВА,
Шалқар орта мектебінің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Қорғалжын ауданы,
Шалқар ауылы

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЛОГИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Ғылым мен жаңа технологиялардың қаруланған заманында жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы болып отыр. Жас ұрпақты білім нәрімен сусындатуда пәнге деген қызығушылықты арттырудың маңызы өте зор.

«Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» - деп, орыстың көрнекті ғалымы К.Д.Ушинский атап өткендей, мұғалім үнемі ізденіс, шығармашылық үстінде болуы тиіс.

Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда әр түрлі дидактикалық тапсырмаларды әр мұғалім өзі құрастырып, шығармашылық жолын өркендетсе, еңбегінің жемісін көре бермек.

Қазақ тіліндегі күрделі тапсырмаларды орындату оқушылардың ой-өрісінің дамуына, танымының кеңеюіне көп септігін тигізеді.

Мен 5-сыныпқа арналған «Қазақ тіліне арналған дидактикалық тапсырмалар» жинағымда әр тараудың тақырыптарына байланысты көптеген логикалық тапсырмалады құрастырып, өз сабақтарыма қолдану үстіндемін.

5-сыныптың қазақ тілінің «Лексика» тарауында «Омонимдер» деп аталатын тақырып бар. Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында «Омонимдер» тақырыбына байланысты «Ойлан, тап» дидактикалық ойынын ойнату арқылы сабақты меңгеруге болады.

«Ойлан, тап» дидактикалық ойыны.

Ойын шарты: оқушылар логикалық сұрақтарға мүдірмей жауап беруі тиіс.

Әрі зат атауы, әрі жәндік атауы?
Әрі қимыл атауы, әрі сан атауы?
Әрі түс атауы, әрі қимыл атауы?
Әрі мейрам атауы, әрі қимыл атауы?
Әрі зат атауы, әрі қимыл атауы?
Әрі қимыл атауы, әрі мезгіл атауы?
Әрі құс атауы, әрі қимыл атауы?
Әрі қимыл атауы, әрі дене мүшесінің атауы?
Әрі қимыл атауы, әрі дене мүшесінің атауы?
Әрі қимыл атауы, әрі мезгіл атауы?
Әрі жәндік атауы, әрі тағам атауы?
Әрі қимыл атауы, әрі дене мүшесінің атауы?

Жауаптары: ара, жүз, қара, айт, күл, жаз, қаз, жақ, шаш, түс, құрт, іш.

«Сөздің тура және ауыспалы мағынасы» тақырыбына байланысты ойлануды қажет ететін семантикалық картаны толтыру, графикалық диктант, сөздерді суреттермен сәйкестендіру тапсырмалары берілсе, ұтымды әрі қызықты болар еді.

«Сөздің тура және ауыспалы мағынасы» тақырыбына байланысты семантикалық кестені толтыру тапсырмасы

Тура мағыналы сөздер	Ауыспалы мағыналы сөздер
1. Терең құдық	
2. Адамның көзі	
3. Аяқ – дене мүшесі	
4. Суық балмұздақ	
5. Ақ қоян	
6. Ыстық су	
7. Тіл – адамның дене мүшесі	
8. Алтын – қымбат қазына	
9. Күміс жүзік	
10. Қара қазан	

«Лексика тарауын қайталау» сабағында бірнеше тақырыпты қамту үшін логикалық ойлауды талап ететін әр түрлі перфокарталармен жұмыс жүргіземін.

Перфокартамен жұмыс.

Логикалық ойын түрлерін көптеп жүргізу, оқушылардың тақырыпты терең меңгеруімен қатар сөздік қорларын дамытады. Тапсырмаларды өз бетінше зерттеу арқылы орындау олардың өмірде кездесетін кез-келген қиындықтарды шешуде тез әрі ұтымды шешім қабылдауларына көмектеседі. Оқушылардың шығармашылық, ізденімпаздық, танымдық қабілеттері ашылады.

Ш.БАЯХМЕТОВА,
Шәкәрім атындағы облыстық
дарынды балаларға арналған үш тілде
оқытатын мамандандырылған мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
ШҚО, Семей қаласы

КОУЧИНГ - ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЫҢДАЛУҒА БАҒЫТТАУШЫ

Коучинг-сессия өткізу бүгінгі білім беру саласында мұғалімдерді жаңалыққа жетелеуші жаңаша үрдіс. Коучинг (ағылш. Coaching) сөзбе-сөз аудармасы – тәлім ету, дайындау, жаттықтыру. Коучинг – жеке тұлға ретінде және маман ретінде дамудың құралы. Коучингтің бастау көзі позитивті, когнитивті және ұйымдық психологияға және мақсатты дамуға негізделген спорттық тренерлікте жатыр. Бұл пікір бекер айтылып отырған жоқ, ең басты мәселе, спорт жаттықтырушысы спортшы үшін өзі жасамайды, оған қалай жасау керектігін үйретеді, ынталандырады, жігерлендіреді. Коучингтің өзіне тән негізгі үш ерекшелігі бар. Біріншіден, коучингтер қатысушылардың қажеттілігіне орай өткізілуі керек, екіншіден, коучингке қатысушылар мәселенің шешу жолдарын өздері табулары керек, коучтың міндеті – бағыт беру, ынталандыру, шабыттандыру т.б., үшіншіден, коучингтің белгілі бір нәтижесі болу керек.

Тақырып: Формативті бағалаудың «Пилот және новигатор», «Өзін-өзі бағалау», «Жұптарда өзара бағалау» стратегиялары.

Мақсаты: "Пилот және новигатор", "Жұптарда өзара бағалау"және "Өзін-өзі бағалау" стратегияларын түсініп, мұғалімдерді өз пәндеріне икемдеуге бағыттайды.

Күтілетін нәтиже: Ұсынылған стратегияларды өз пәндерінде сәтті қолданады.

Коучтың іс-әрекеті	Мұғалімнің іс-әрекеті	Күтілетін нәтиже	Қолданылған модульдер. Бағалау.
Кіріспе бөлім Сергіту сәті. «Мүмкі ндігінше шырмалу» Ойын шартымен таныстырады. **Топтастыру.** Сусын түрлері арқылы топтастырады. Формативті бағалау туралы біліміңіз қай тұста? «Блоб ағашы» парағын тарату.	Ойын шарты бойынша шырмалады. Теріс қараған мұғалім шырмауды шешеді. Ұсынылған сусын түрлері арқылы топтасады. Әр түсті бояумен өздерін белгілейді. Ойланады, көзқарастарын таразылайды.	Психологиялық ахуал қалыптасады. Жаңа топ құрылады. Сыни ойлауға дағдыланады.	1.Топтық жұмыс 2. АКТ 3. Сыни тұрғыдан ойлау 4. Диалогтік оқыту 5. Формативті бағалау. Бағалау түрлері: Формативті бағалау. Кері байланыс. «Блоб ағашы»

Таныстырылым. Коучингтің мақсатын таныстырады. Өзіндік «Smart» мақсаттарын жазуға мүмкіндік береді. Формативті бағалау фишкалар жинау арқылы жүзеге асатындығын, коучингтің соңында көп фишка жинаған адамды тосын сый күтіп тұрғанын ескертеді. Таныстырылым. Бүгінгі меңгеретін стратегиялардың атауымен таныстыру. 1. «Пилот және новигатор», 2. «Өзін-өзі бағалау», **Тапсырма №1** «Пилот және новигатор» стратегиясы бойынша. (Алдын ала «Штурман» «Пилот» стикерлері жапсырылған орындағы мұғалімдер ортаға шақырылады.	Ойланады. Өз мақсаттарын жазады. Жұмысқа ынталанды. Тыңдайды. Қызығушылықтары оянады, өздеріне жазып алады. Штурман мен пилот ортада тапсырманы орындайды. Топтағы өзге мұғалімдер бұл стратегияны өз пәндерінде қалай қолдануға болатындығын ойланады.	Мақсатты әрекет нәтижеге ұмтылдырудың шарты екенін мойындайды. Қызығушылық оянады. «12 стр. 5 түрін меңгердік» деген ойға келеді. Топтар өзара ақылдасу арқылы бір пәнге бірлесіп тапсырманы өңдейді. Сәтті өнім даярланады.	

Ортаға пилотқа көрсетілмей кедергілер жасалып, штурманның бұйрығымен көзі байланған пилотты межелі жерге аман-есен жеткізу.)			
Топтарға осы стратегияны өз пәндеріне икемдеу тапсырылады.	Топта талқылайды.	Стратегияны өз пәндерінде қалай қолдануға болатындығын меңгереді.	
Үш топ даярлаған өнімдерін ортаға салады.	Еркін, түсінікті түрде жеткізеді.	Алдыңғы тапс. дұрыс орындауға талаптанады. Белсенділік артады.	
Фишкалар арқылы қорғаушыларды бағалайды.	Тапсырманы сәтті орындағандарын немесе өз қателіктерін дұрыс орындаған топтар арқылы түсінеді.		
2-Тапсырма. «Өзін-өзі бағалау», «Жұптарда өзара бағалау» стратегиялары бойынша. Шаштараз және клиент болып жұптасады. **Клиенттің тапсырмасы:** Сіз шашыңызды боятуға келдіңіз. Креслоға жайғасқан соң шаштараздың әрекетін ойша елестетіңіз.	Оқиды, ойланады, әрекеттерді сатылап жазады. Қаншалықты сәйкес орындағандарын саралайды.	Өздеріне таныс әрекет болғандықтан қызыға орындайды.	

Сіз шашыңызды боятуға келдіңіз. Креслоға жайғасқан соң шаштараздың әрекетін ойша елестетіңіз. Ойыңызды қағазға түсіріңіз. Шаштараздың тапсырмасы: Сізге шашын боятуға клиент келді. Клиенттің шашын бояу үшін қандай әрекеттер жасайсыз? Сатылап жазып шығыңыз.) Уақыт аяқталғанда жұптар жұмыстарын ауыстырып өзара талдайды. Экраннан дұрыс шаш бояудың сатылы әрекеттері шығады. Әр топтан бір жұп ортада өз жұмыстарын таныстырады. Фишкалар арқылы жұптарды бағалайды. Өздерін бағалауға мүмкіндік береді.	Өз жұмыстарын тексереді. Бірін-бірін толықтырады. Өз жұмыстарының қай деңгейде орындалғанын түсінеді. Экрандағы бағалау өлшемі арқылы өздерін бағалайды. Ендігі білімдері қай деңгейде екендігін саралайды. Ой қорытады. Мақсаттарына қаншалықты жеткендерін түсінеді. Қызығушылықтары артады.	Өздерінің нені тастап кеткендіктерін түсінеді. Бір-бірінің жұмыстары арқылы өздерін толықтырады. Жұптық бағалау жүзеге асады. Қаншалықты дұрыс орында-ғандарын түсінеді. Стратегияларды өз пәндерінде қалай қолданатынын түсінеді. Белгілі мақсатқа жетуге құлшынады. Ойланады. Өзін-өзі бағалау орындалады. Ойланады. Өздерін - өздері бағалайды Жаңалыққа ұмтылады. Оқушыларға да мақсат белгілетуге дағдыланады. Келесі коучингке қуана келеді.	

Рефлексия	Коучинг сәтті орындалды. Көп жылдық еңбек өтілі бар ұстаздың өзі «Блоб ағашы» арқылы өзінің әлі де үйренетін жаңалықтары көп екенін мойындады. Коучинг басында ол кісілердің қатысқанына менде қорқыныш болған еді. Әрекеттер барысында ол кісілердің белсенділігін көріп қорқыныш бұлты сейілді. Дегенмен бірден жұмысқа араласып кеткен жоқ. 2 - тапсырма орындағанда клиент рөлін алғанда қызығушылығы артты.
	Болашаққа қадам: 1. Стратегияларды сабақта қолдануға тиімділігін мойындаған ұстаздардың алғысын естіп, қалған 6 стратегияны да үйрету керек деп алдыма мақсат қойдым.2. Формативті бағалаудың өзге түрлерін қамту.3. Коучингке қатысқан мұғалімдердің сабағына қатысу арқылы стратегияларды сабақтарында қаншалықты дұрыс қолданып жатқанын бақылау.

А.ӘБДІҚАДЫРОВА,
«Жаңа Ғасыр» №175
гимназияның қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Алматы қаласы

М.МАҚАТАЕВ - ҚАРА ӨЛЕҢНІҢ ХАНТӘҢІРІ

Мақсаты:

Білімділік: ақын өмірімен тереңірек таныса отырып, өлеңдердің тақырыбы мен идеясын ашу, оқушылардың мәнерлеп оқу,жаттау дағдысын қалыптастыру;

Дамытушылық: оқушының сөйлеу тілін, шығармашылық ізденістерін дамыту, ойлау қабілетін, салыстыра отырып, ой ұшқырлығына баулу;

Тәрбиелік: тіл, сөз өнерін қастерлеп, қадірлей білуге, Отансүйгіштікке баулу, поэзияны сүюге, туған жерді қадірлеуге тәрбиелеу;

Сілтеме: 1.Әдебиет оқулығы, 6- сынып.
2.«Аңыз адам» журналы. №3.(2011)
3.Ғаламтор беттері.

Оқушылар үшін оқу нәтижелері:

1. Ақын өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін нақтылайды.

2. Өлеңнің мазмұнымен танысып, құрылысына талдайды, әдеби - теориялық білімдерін тереңдетеді.

3. Қазақтың қара өлеңі туралы мәліметті игереді.

4. Сыни тұрғыда ойлау әдістері арқылы шығармашылық тапсырмалар орындайды.

Негізгі идеялар: Халық ауыз әдебиетінің бір түрі - қара өлең мен ақынның «Қара өлең» шығармасының ерекшелігін

ажыратып, ақынның сөз өнеріне деген құрметін өлеңге сатылай кешенді талдау жасай отырып түсіндіру.

Сабақта қолданылатын материалдар:

1. Слайд.
2. Суреттер.
3. Үлестірмелі қағаздар.
4. Бағалау смайликтері.
5. Бейнефильм.
6. Флипчарт.

Оқыту әдістері: АКТ, СТО, Фишбоун әдісі, Авторға хат әдісі, Бес жолды өлең әдісі, Инсерт әдісі, Бәрі өз қолымда әдісі, Атом, молекула әдісі.

1. Диалог. 2. Жеке жұмыс. 3. Топтық жұмыс.

Дерек көздері:

1. М.Мақатаев туралы зерттеулер, жинақтары, күнделігі.
2. Интернет желісінен алынған материалдар.
3. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналдары.
4. «Қазақ әдебиеті» әдістемелігі

Сабақ бойынша мұғалім мен оқушының іс-әрекеті:

I. Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу. (5 мин).

1. Кезекшімен сұхбат. Оқушыларды түгелдеп, оқу құралдарын тексеріп, сабаққа даярлығын білу.

2. Бүгінгі сабаққа жақсы ахуал қалыптастыру,

«Күн шуағы» әдісі.

Атом, молекула әдісі бойынша 3 топқа бөлу.

1. Жақсы тілектер мен сөздер жазылған стикерлерін күннің нұрына іледі. Топтарға бөлінеді.

II.Қызығушылықты ояту.

(3 мин).

«Ой шақыру» .

«Ортаға салайық». (7 минут).

- Ал, балалар, бір сәт интербелсенді тақтадан бейнефильм тамашалап алайық.

Эпиграф

«Мұқағали ғасырлармен бірге жаңарып, келер ұрпақпен бірге жасай береді» С.Дәуітов

Бүгінгі сабақтың тақырыбы: «М.Мақатаев-қара өлеңнің Хантәңірі»

Сабақтың мақсаты:

1.Ақын өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін толықтыру.

2. «Қара өлең», «Елім барда», «Анау - аспан, мынау - бақ» өлеңдеріне сатылай кешенді талдау жасау.

3. Қара өлең туралы теориялық білім беру.

-Ақын туралы айтар ой-пікірлерің бар ма? Ақын өміріне көз жүгіртіп шығайық. Ақын туралы бар білгенімізді ортаға салып бөлісейік! Бейнефильм тамашалап, ақын өміріне қатысты білгендерін ортаға салып, айтып шығады.

III.Жаңа тақырып.

Мағынаны тану. (8 минут).

«Өлең керек ұрпаққа, өлең керек» айдары.

-Ал, балалар, сендер М.Мақатаев шығармашылығынан төменгі сыныптан бері таныссыңдар. Қазір ақпан айы, ақын айлығы, іштеріңде ақын поэзиясын сүйіп оқитын оқушылар бар ма?

-Өте жақсы, ендеше оқулықтан ақынның «Қара өлең», «Елім барда», «Анау - аспан, мынау - бақ» туындыларын оқиық. Өлеңдегі түсініксіз сөздерді мына қағазға жазып, ілеміз.

Қара өлең-ежелгі сөз ұйқасы, өлеңнің бастапқы қалпы, байырғы өлең. Қара өлең ауыз әдебиетіне жатады. Оның авторы-халық.

Күпі – матамен тысталып, ішіне қойдың жүнін салып тігетін ұлттық сырт киім. Шекпен –түйе жүнінен тоқылатын аса мықты, қара барқытпен қапталған жағалы сырт киім.

Желі –құлын байлайтын жіп.

Көген- қозы байлайтын жіп.

Жадау-жүдеу.

Түксиеді- қабағын түю.

Дәке-орысша бинт.

«Фишбоун» әдісі бойынша өлеңді талдайтын боламыз.

IV. Ізденімпаздық кезеңі.

«Іздеген жетер мұратқа». (10 минут).

Өлеңге сатылай кешенді талдау жүргізу.

Әр топқа өлең мазмұны бойынша тапсырма беріледі.

1-топ «Қара өлең» өлеңін талдайды.

2-топ «Елім барда» өлеңін талдайды.

3-топ «Анау аспан, мынау бақ» өлеңін талдайды.

Оқушылар арасынан әр топтан 3-4 оқушы ақын өлеңдерін жатқа оқиды.

Әр топ өздеріне берілген тапсырмалар бойынша ізденеді, ойланады, дәлелдейді, өз пікірлерін айтады.

V. Сергіту сәті. (5 минут).

Ақын мұражайына саяхат және ақын өлеңдеріне жазылған әндердің біреуін тыңдау, көрініс.

Ақын мұражайына саяхат жасап, «Райымбек» поэмасының желісі бойынша көрініс

VI. Ой қорыту (3 минут).

Оқушылар өздеріне берілген тапсырмалар бойынша жұмыс жасайды.Сабақты қорытып, қағаз бетіне түсіреді.

1-топ	2-топ	3-топ
Авторға хат	Бес жолды өлең	Инсерт әдісі

Оқушылар сабақты қорыту үшін өздеріне берілген тапсырмаларды орындап, оқиды, ой бөліседі.

VII. Үй тапсырмасын беру. (2 мин.)

1. Өлеңді мәнерлеп жатқа оқу.

2. Сөз өнері туралы мақал-мәтел тауып, ойтолғау жазу.

Оқушылар үй тапсырмасымен танысып, күнделікке жазады.

IX. Бағалау. (2 минут). Смайликтермен бағалау.

Оқушы білімі бағаланып, қорытындысын өзі жасайды.

Рефлексия. (3 мин.)

«Бәрі сенің өз қолыңда». Таратылған парақтарға сол қолдарының суретін салып, әр саусаққа өз ойларын жазады.

1. «Үлкен саусақ» - мен үшін маңызды және қызықты болды .....
2. «Сұқ саусақ» - мен бүгін түсіндім .....
3. «Ортаңғы саусақ» - мен үшін қиын болды .....
4. «Төртінші саусақ» - менің бағам .....
5. «Кішкентай саусақ» - менің білгім келеді .....

М.КЕНЖЕБАЕВА,
Ембі қалалық №4 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы

С.МҰҚАНОВ. БАЛУАН ШОЛАҚ

Мақсаты:	*Шығармадағы балуан бейнесіне жан-жақты талдау жасау арқылы оқушылардың сыни ойлауын жетілдіру.*
Оқыту нәтижесі:	***-белсенді іс-әрекет арқылы шығарманы жан-жақты талдайды;*** ***-өз ойын еркін және дәлелді жеткізе білуге төселеді;*** ***-топтың белсенділігі артады;*** ***-шығармашылық қабілеті дамиды.***
Сабақтың эпиграфы:	«Шын атым–Нұрмағанбет Балуан Шолақ, Бойымда толып жатыр күш пенен бақ». (Балуан Шолақ)

Уақыты	Оқыту формасы	ресурсы	Сабақтың мақсаты Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті
А бөлімі				
мин. мин.	Ой шақыру Топтастыру «Идеялар тақтасы»	Инт.тақта	1.Сергіту биін ұйымдастырады. 2.XIX ғ.аяғында қазақ әдебиетінің сахнасына бір топ ақындар келді. Олар-сал-серілер. -Сал-серілер деген сөзді қалай түсінесіздер? Солардың ішіндегі ерекше тұлға-Балуан Шолақ.	1. Тренингке жеке қатысады. 2. Оқушылар өз ойларын ортаға салады. «Балуан» сөзін топтастырады. **балуан** 3. Әр топтан бір оқушы мазмұндайды. 4. Ойынға топ болып қатысады.
А бөлімін қорытындылау				
	жеке оқушының жұмысы	презен-тация	Оқушы презентациясына уақыт бөледі.	Жеке оқушы Балуан Шолақ өмірі туралы қосымша деректер мен өзге де балуандар туралы өз презентациясын қорғайды.Қалған оқушылар түртіп алады және Балуан шолақтың өзіндік ерекшелігін табуға тырысады.
мин.			**В бөлімі**	

<table>
<tr><td>мин.</td><td>«Болжау» кестесі. Тұжырым-дамалық кесте.</td><td>парақ-шалар</td><td>1.-Қалай ойлайсыздар, Нұрмағанбеттің балуан болып шығуына не, кім әсер етті?

2.Кейіпкерге баға берулерін сұрайды.</td><td>1.Әр топ өз болжамдарын кестеге түсіріп, мәтіннен дәлел іздейді.<table><tr><td>Өз пікіріміз</td><td>дәлеліміз</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table>2.Әр оқушы кестені жеке толтырады, топта талқылайды.<table><tr><td>Кейіпкер</td><td></td></tr><tr><td>Іс-әрекеті</td><td></td></tr><tr><td>Адам герші лік қасиеті</td><td></td></tr><tr><td>бағасы</td><td></td></tr></table></td></tr>
<tr><td colspan="5">В бөлімін қорытындылау</td></tr>
<tr><td>мин.</td><td>Пікіралма су, тренинг</td><td></td><td>-Қалай ойлайсыздар, балуан болу үшін табиғи дарын керек пе,әлде көп жаттығу қажет пе?
-Қазіргі таңдағы балуандардан кімдерді білесіңдер?
-Ендеше, сіздердің де күштеріңізді байқап көрейік.
«Бірлік» тренингін ұйымдастырады.</td><td>Сауал төңірегінде оқушылар өз пікірлерін ортаға салып, пікір алмасады.

Тренингке ер балалар қатысады, қыз балалар қолдау көрсетеді.</td></tr>
<tr><td colspan="5">мин. С бөлімі</td></tr>
</table>

мин.	Жеке, топ - тық жұмыс	парақшалар	Әр топқа тапсырмалар ұсынады.	I топ. «Балуан Шолақ» сөзін септеу арқылы сөйлем құрайды. II топ. «балуан» сөзіне бес жолды өлең құрастырады. III топ. Балуан Шолаққа хат жазады. Тапсырманы жеке орындап,топта талқылайды.Әр топтан бір оқушы өз жұмысын қорғайды.
мин.		**Қорытындылау**		
мин.	Ой қозғау	Инт.тақта	Тақтадан Көкше жерінің суреті көрсетіле отырып, Балуан Шолақтың әнін ғаламтор арқылы табуларын сұрайды.	Әр топ ғаламтор арқылы Балуан Шолақтың әнін тауып,өзге топтар тыңдайды, орындаушысы туралы да мәлімет береді. Сабақты Көкше жерімен байланыстыра отырып, қорытын-дылайды.

мин.		Бағалау		
мин.	бағалау	жетондар	Көшбасшылардың бағалауын сұрайды,қорытынды бағасын қояды.	Әр топ көшбасшысы өз тобындағы оқушылардың жинаған жетондарын есептеп,өзіндік баға береді.
Қосымша оқуға:		Балуан Шолақтың өлеңдері		
Мұғалім рефлексиясы.				

«Кімнің сөзі?»ойынының сұрақтары:

1)Ат бар,құс бар,ит бар,менен бақытты кім бар?

2)-Әй,залым патша-ай,иттің ғана баласы –ай,халықты осылай жылатып қойған!

3)- «Осындай жігіт бола ма екен,басына түскен бір іске мұқап қалған?!Көрсетпе ол қылығыңды көзіме!Бар,басқа!»

4)- «Жаман иттің баласын Бөрібасар қояды» деген сөз бар еді,атың жақсы екен!

2. Бағалау

I бөлім		II бөлім		III бөлім
«Идеялар тақтасы»	«Кімнің сөзі?»	«Болжау кестесі»	Концептуалдық кесте	Ой толғаныс

Г. АСИМОВА,
№12 орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.
Қапшағай қаласы

М.МАҚАТАЕВ. АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА

Мақсаты: Ақынның өміріне шолу жасау, сөзімен өлең өрген жыр пырағы - Мұқағали туралы дерек, поэмасының тақырыбы мен идеясы, оқушылардың поэзия туралы түсініктерін, сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту.

Міндеттері:

Білімділік: Ақын поэзиясының өміршеңдігін таныту, көркемдік тілін ашу.

Дамытушылық: Оқушының сөйлеу тілін дамыту,өз ойын еркін, жатық жеткізе білуге,мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру. Өз бетімен іздене білуге,ой қорытуға үйрету.

Тәрбиелік: Туған жерге деген сүйіспеншілікке, адамгершілікке, табиғат әсемдігін түсінуге, халықтық наным-сенімді (қасиет, кие) қадір тұтуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылар поэманың мазмұнымен танысады.
2. Кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға бере алады.
3. Топта өз ойларын, көзқарастарын қорғай алады.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Пәнаралық байланыс: бейнелеу өнері, музыка, география, тарих, өзін-өзі тану, т.б.

Көрнекілігі: *ақын суреті, техникалық құралдар, компьютер, аққу туралы тақырыптық суреттер, көрініс, сызба- кестелер, т.б.*

Әдіс-тәсілдері: *интербелсенді әдіс-тәсілдер.*

1. Мәнерлеп өлең оқу.
2. Композициялық жоспар *(сызба-кесте) талдау.*
3. Шығармашылық ізденіс.
4. Сын тұрғысынан ойлауға үйрету.

Сабақ барысы.

Ұйымдастыру.

I. Үй тапсырмасын пысықтау (ой шақыру)

«Микрофон» әдісі. Оқушылар өткен сабақтағы ақын өмірі мен шығармашылығына қатысты алған білімдеріне қоса жаңа ақпараттарын топтастырады.

Жаңа сабақ. – *Мұқағали мұрасы-жалпақ елдің жүрегінде, ой-парасатында, жарық жұлдыздай қараңғы түн қойнауынан құпия сәулесін шашқандай жарқырап нұр беруде.Әр ғасырдың біртуар адамы болады. Мысалы: Абайда-ой, Мағжанда-махаббат, Қасымда-от, Мұқағалида тазалық (қасиет деген ұғым) басымырақ болады.Табиғат ананың бір бөлшегі болған Мұқағали:*

Табиғат,
Жанымды алсаң,
Алшы менің,
Бір түйір жерге түскен тамшы едім.
Мұқағали жоғалса қайтер дейсің.
Артымда қалсын жерім,
Қалсын елім, – дейді.

Мұқағали барлық өлеңін бойындағы сезімнің ағынымен барып таусыла жазды.Барлық шығармасын соңғы өлеңіндей жазды. Өйткені,

"Мұқағали-бір ғасырда бір рет қана дүниеге келетін қазақ поэзиясының алтын домбырасы дерліктей ірі талант иесі". Бүгін біз сөз еткелі отырған шығарма "Аққулар ұйықтағанда» - ғажап поэма. Бір түнде, бір деммен, табиғат пен ақын сезімінің үндесуінен туған дүние.

Мұқағали:

Қазақтың қара өлеңі – құдіретім,

Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген, – деген болатын. Бүгін сондай «Сұмдық сыры бар» жыры «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан ой толғаймыз.Осы поэма жөнінде Тұманбай Молдағалиев ағаларың былай дейді.

М.Мақатаевтың шығармалар жинағындағы 1991 жылы жарық көрген «Мұқағали жайлы ойласам» деген алғысөзді оқып беру.

– Сендерге де, маған да бұл поэма мұң тарту етеді. Бірақ бір бастап оқыған нан кейін тастай алмай соңына дейін бір-ақ оқисың. Бейне бір басқа күй кешесің. Көкірегіңде ән ұялап, жырмен тербелесің. Көз алдыңнан Жетімкөлдің ерке аққуы баласы үшін дүниенің тыныштығын, кереметін бұзып, қасиетке оқ атқан ана бейнесін, ең соңында екі бірдей асылынан қасиетінен айырылған сорлы, зарлы ананы көріп, сен де ah ұрасың.

II. Поэманың әр тарауына ат қою:

Жетімкөл аққулары

Аққуға атылған оқ

Аққулардың көлге оралмауы

III. Мәтінмен жұмыс.

Мәтіннің мазмұнын оқып, сатылай кешенді талдау **(«Жіптегі тізбектер»** *әдісін қолдану)*

1-топқа:

1.Поэманың I бөлімінен қандай әсер алдыңдар?

2.Туған жер, Жетімкөлдің сұлулығы,аққудың үні, қасиеті, айнала қоршаған ортамен үндестігі, ақынның сезімі өлеңде қалай берілген?

3.«Сызат», «Алау» сөздерінің мағынасын түсіндір.

2-топқа:

1.Ананың психологиялық жай-күйін ақын қалай берген?

2.Ананы қасиетті аққуға оқ атуға итермелеген не?

3.Бала жатыр төсекте **күйіп-жанып,**

Баласының ана отыр **күйін** бағып –деген өлең жолындағы «күй» сөзінің мағыналарын түсіндір.

3-топқа:

1.Осы бөлімдегі жылқышы мен ананың

диалогін екі оқушы кезекпен мәнерлеп оқиды.

2.Білмеймін сор аттың ба,бақ аттың ба?

Аққуға кезенерде ырым жасап,

Тым құрыса саусағыңды қанаттың ба?-деген жылқышы

қарттың сөзінде не мән бар?

3.«Қасиет», «Қасірет» сөзінің мағынасын түсіндіріңдер.

Поэманың композициялық құрылысына талдау:

Оқиғаның басталуы.

Оқиғаның дамуы.

Оқиғаның шиеленісуі.

Оқиғаның шарықтау шегі.

Оқиғаның шешімі.

Оқиға соңы. Эпилог.

IV. Сабақты бекіту. («Қар кесегі» әдісін қолдану). Әр оқушы ақ параққа сұрақ жазып, бір-біріне қар кесегі етіп лақтырады. Сол сұрақтар бойынша пікір алмасады.

V. Сергіту сәті: поэзия минуты (оқушылар поэмадан үзінділерді жатқа оқиды), Н.Тілендиевтің «Аққу» күйі ойнап тұрады.

VI. «Рөлдік ойындар» әдісі: поэманың үш тарауы бойынша оқушылардың дайындаған сахналық көріністері қойылады.

VII. Рефлексия: Кері байланыс «Бестармақ» (Синквейн) әдісі. Поэмаға арқау болған тірек сөздерге

бес тармақты өлең құрастыру.

«Аққу», «Ана», «Киe»

Оқушылардың өзін-өзі бағалау парағын толтыру, тапсыру.

Оқушының аты-жөні	Мазмұнын оқу, жоспарлау	Сатылай-кешенді талдау	Үзінді жатқа оқу	Эссе жазу	Орташа баға	Мұғалім бағасы

Топ көшбасшысы:

VIII. Үйге тапсырма: *1. "Аққу – киелі құс» – эссе жазу, сурет салу.*

Л. ІБІКЕНОВА,
А.Құнанбаев атындағы №6 жалпы білім
беретін орта мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Қостанай облысы, Арқалық қаласы

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. ЕКІ ШЫБЫН

Мақсаты: 1. А.Байтұрсынұлының қазақ әдебиетіндегі орны, аударма мысал өлеңдерінің мазмұнын, идеясын ашу.

2. Өз ойын ашық айтуға, көркемдеп еркін сөйлеуге, мәнерлеп оқуға дағдыландыру, ізденімпаздыққа баулу.

3. Адамгершілікке, мәдениеттілікке, қарапайымдылыққа, өз бойларына асыл қасиеттерді сіңіре білуге тәрбиелеу.

Әдісі: сұрақ–жауап, түсіндіру, мәнерлеп оқу, ассоциация, зерттеу, талдау.

Түрі: салыстырмалы сабақ.

Көрнекілік: сызбалар, слайдтар, сурет.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру.
2. Өткен сабақты қайталау, үй тапсырмасын сұрау .

1 - слайд. Топтау әдісі. Ахмет кім?

«Ақын іниме» өлеңін жатқа сұрап, талдау

а) өлеңнің тақырыбы не?
ә) идеясы?
б) өлең кімге арналған, ондай өлең қалай аталады?
в) ирония деген не?
г) өлеңнің тәрбиелік мәні қандай?

3. Жаңа сабақ.

Ахмет Байтұрсынұлы–балаларды оқу–білімге шақырып, көп жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарған ағартушы педагог, қазақ тіл білімінің ірге тасын қалаушы. Ахметтің ақындығы мен аудармашылығы 1909 жылы Петербургте шыққан

«Қырық мысал» жинағынан басталады. «Қырық мысал»-ұлы ағартушының мұратынан туған өлеңді шығармалар топтамасы. 1901-1922 жылдары аудармамен айналысқан.

Ал, балалар, Ахмет атамыз кімдерден қандай шығармалар аударды, кім біледі?

2 слайд. Аудармалары

А.С. Пушкиннен	И.А. Крыловтан
«Алтын әтеш»	«Аққу,шортан һәм шаян»
«Балықшы мен балық»	«Егіннің бастары»
«Данышпан Аликтің ажалы»	«Қара бұлт»
	«Өгіз бен бақа»,
	«Малшы мен маса»

«Қырық мысал» жинағына кірген өлеңдер түгелдей орыс ақыны И.А.Крыловтан аударылған.

Орыстың тәржіма еттім мысалдарын,
Әзірге қолдан келген осы барым.
Қанағат азға деген, жоққа сабыр,
Қомсынып, қоңырайма, құрбыларым,- дей тұрғанмен осы қырық мысал өлеңнің бәрі де түгелімен аударма секілді емес.

Крыловтан аударған сондай аудармаларының бірі- «Екі шыбын». Бұл мысал түрінде жазылған.

Мысал дегеніміз не?

Мысал дегеніміз - эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Әрқашан сатиралық сипатта болады. Көбіне аң, хайуанат, жәндік туралы жазылады, сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік мазаққа айналдырылып, сықақпен сыналады.

Идеясы астарсыз, ашық тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді.

Мәтінмен жұмыс «Екі шыбын» мәнерлеп оқу

Мағынаны ажырату. Тірек сөздер. Шыбын, сабан, өгіз ,жер жырту, ғибрат, мұрнын көкке көтеру.

Сөздік жұмысы:

Маңғаздану - паңсыну, тәкәппарлану;

Мақтаншақ адам-өзін-өзі асыра бағалайтын, мақтауды сүйетін адам;

Әлін – шамасы, күші;

Ғибрат – үлгі, өнеге;

Мұрнын көкке көтеру – менсінбеу.

Өлеңнің жоспарын құру;

1.Сабан тарқан өгіз.

2.Мүиіздегі қара шыбын.

3.Шыбынның танысына кез болуы.

4.Танасының жөн сұрауы.

5.Шыбынның маңғазануы/мұрнын көкке көтеруі/.

6.Өзімшіл қара шыбын.

Өлеңді талдау.

Кейбіреу көтереді мұрнын көкке, / 11 буын/ /а /

Өз әлін өзі білген адам көп пе? /11 / / а /

Мақтанып, бәрін де өзім айттым дейді, / 11 / / б /

Біреудің шылауында жүріп текке. /11 / /а /

Сатылай кешенді талдау: .

1. Авторы - А. Байтұрсынұлы
2. Тақырыбы - Екі шыбын
3. Жанр түрі - поэзия /өлең/
4. Идеясы - мақтанға, тәкәппарлыққа салынбау
5. Шумақ - 5 шумақ
6. Тармақ - 20 тармақ
7. Бунақ - 3 бунақ
8. Буын саны - 11 буынды
9. Ұйқас түрі - қара өлең
10. Әдеби - теориялық ұғым-ирония, кекесін зілді мысқыл.
11. Түсіндірме сөздік-маңғаздану, мақтаншақ адам, әлін, ғибрат.

12. Өлеңнің тәрбиелік мәні-шыбын арқылы адамдарды мақтаншақтық, тәкәппарлық, өзімшілдік сияқты жаман әдеттерден сақтандыру.

А.Байтұрсынұлы мен Крыловтың айтар ойы, ұсынар түйіні біреу-адамдар арасындағы алауыздық,оның зияны. Жалғыз-ақ осы түйінді орыс ақыны өлеңнің басында айтса, қазақ ақыны бұл ойды таза қазақы машықпен әрі өрбіте келе, көпке ғибрат ретінде ұсынып отырады.

- Ал, балалар, осы өлеңнің ғибраты қай шумақта айтылған, кім оқиды?

- 5,6 сыныпта өткен өлеңдеріңді еске түсіріп көрейікші.

«Аққу, шортан, һәм шаян» өлеңінде қандай түйін айтылған?

6-сыныпта «Қара бұлт» өлеңінде қандай ғибрат айтылған?

- «Қырық мысал» өлеңдер жинағының 40-өлеңі - «Малшы мен маса».

Бір малшы шаршаған соң малын итіне баққызып, өзі шөптің үстінде қалып кетсе, бір жылан мұны шағуға келе жатады. Ызыңдап ұшып жүрген маса малшыны ажалдан құтқармақ боп бетіне қонса, малшы ояна сала, масаны алақанымен ұрып өлтіреді.Сол мезетте ол өзіне ұмтылған жыланды көреді. Сары масаның достығын түсінбегеніне өкінеді.

Түйіні. Мысалы: қазақ малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды пәле делік аңдып баққан.
Пәленің түрін көрген мен- Сарымаса-
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан.

Сабақты бекіту.

Тест - сұхбат

Ахмет шығармаларының ерекшелігі қандай?	**Шығармалары арқылы қандай тәрбие береді?**
1.	**1.**
2.	**2.**
3.	**3.**
4.	**4.**

Бес жол өлең. Ахметке

1. Кім? - Ахмет / ақын/
2. Қандай? - шебер ,суреткер
3. Не істеді? - аударды, шығарды /жазды/
4. Синоним - мысалшы аудармашы, ақын
5. Сөйлем - Ахмет XX ғасыр әдебиетшісі.

Жаңа сабақты қайталау.

1.Мысалдан қандай әсер алдыңдар?

2.Шыбын образы арқылы қандай адамдарды береді?

Үйге: «Екі шыбын» жаттау.

«Қазақты оянсын деп сөзбен шақтым» тақырыбына шығарма жазу.

Оқушыларды бағалау.

Н.ДҮЙСЕНОВА,
Т.Айбергенов атындағы
мектеп-гимназиясы.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Шардара ауданы

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ. ЕСКЕНДІР

Сабақ мақсаты	Ақын шығармашылығындағы поэманың рөлін анықтау, қара сөздерінің тәрбиелік мазмұнын ұғыну.
Күтілетін нәтиже	Абай поэмасының тәрбиелік жақтарын терең түсінеді, өзіндік ой түюге үйренеді.
Жұмыс түрі	Жеке, жұптық, топтық

Сабақ кезеңдері	**Мұғалім іс-әрекеті**	**Оқушының іс-әрекеті**	**Ресурстар**
Ұйымдастыру кезеңі (2 минут)	1.Оқушылармен сәлемдесемін. 2. Топқа бөлемін	1. Сәлемдесу. 2.Түстер арқылы 5 топқа бөлініп отырады.	
Қызығушылықты ояту (3 минут)	Ассоциация құру	1. Өз білетіндері бойынша топтастырып постер дайындайды.	Слайд ЭО
Үй тапсырмасын пысықтау (10 минут)	«Адамдықты іздесең, Абайды оқы, таңырқа» С.Торайғыров	Лирикалық шығармаларының тақырыбы. Кімнен қандай шығарма аударғаны.	Слайд Абай портреті

Мағынаны тану (3минут)	1.Абай-ұлы суреткер. 2. Абай-лирик. 3. Абай-аудармашы . 4.Абайдың қарасөздері. 5. Абай-сазгер. Ескендір» поэмасының сюжетін неміс әдебиетінің көрнекті ғалымы француз Альберт фон Шамиссо Тальмудтан алады. Бұл назирагөйлік дәстүрмен жазылған шығарма, аударма емес Фирдоуси, Низами нұсқалдарымен салыстырып айту.	Қарасөз жазудағы мақсаты Күйлері мен әндері туралы түсіндіреді. Абайдың «Ескендір» поэмасына қатысты тың мағлұматты дәптерлеріне жазады.	Абай шығармаларынан көрнекілік. «Қазақ әдебиеті» 9-сынып оқулығы «Арман ПВ» баспасы.

<table>
<tr><td>Сергіту сәті
(2 минут)</td><td>Абайдың «Желсіз түнде жары-ай» әнін тыңдату.</td><td>Бейнебаян көріп, тыңдайды.</td><td>Абай. «Желсіз түнде жарық-ай»</td></tr>
<tr><td>Ой толғаныс
(15 минут)</td><td>«FIFA» кестесін толтыруға нұсқау беремін
<table><tr><td>F</td><td>I</td><td>F</td><td>A</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table></td><td>1-топ поэмадағы нақты мәліметтерді теріп жазады.
2-топ поэманың идеясын.
3-топ поэма бойынша сұрақтар құрастырады.
4-топ поэма мазмұнын баяндайды.
5-топ Ескендір мен Аристотельді Венн диаграммасы арқылы салыстырады.</td><td>Слайд
Постер
Маркер</td></tr>
<tr><td>Ойтолғаныс
(5 минут)</td><td>Абайдың «Ескендір» поэмасының түйіні.</td><td>Поэманың сюжеті бойынша адамның көзін бір уыс топырақ қана толтыратынын түсінеді</td><td>Слайд</td></tr>
</table>

Бағалау **(2 минут)**	Оқушылардың сабақта белсенділігі мен жауаптарына	Топтар өзара бағалайды	Бағалау парағы
Кері байланыс Рефлексия **(2 минут)**	«Инсерт» кестесін толтыруға нұсқау беру	1.Білетінім. 2.Жаңа сабақта білгенім. 3.Білгім келеді.	Стикер
«Үйге тапсырма» (1минут)	А.Құнанбайұлының «Ескендір» поэмасы бойынша ойтолғау жазу.	«Қанағат қарын тойғызар» тақырыбына шағын эссе жазу.	

Б. ҚАЗИЕВА,
Тобанияз орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Маңғыстау облысы,
Маңғыстау ауданы

ҚАРСЫЛЫҚТЫ БАҒЫНЫҢҚЫЛЫ САБАҚТАС

(8 – сынып)

Мақсаты: сабақтас құрмалас сөйлем туралы оқушылардың білімін тиянақтап, тереңдету. Бірінші жай сөйлемнің баяндауышына қарай қарсылықты бағыныңқылы сабақтас болуын ұғындыру.

Міндеттері:

Білімділік – қарсылықты салалас және қарсылықты бағыныңқылы сабақтастың ұқсастықтарын және өзгешеліктерін меңгерту.

Дамытушылық–түрлі әдістер арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, құрмалас сөйлем туралы алған білімдерін жүйелеу, жинақтау.

Тәрбиелік–білімге құштарлыққа тәрбиелеу, тіл құдіретін сезіну білуге, дәстүрімізді қадірлеуге тәрбиелеу.

Типі: аралас сабақ.

Түрі: жаңа сабақ

Әдістері: сұрақ-жауап, топқа бөлу, салыстыру, талдау, СТО, интербелсенді тақта, слайдтар.

Көрнекілігі: кесте-сызба, семантикалық карта, оқулық.

Пәнаралық байланыс: әдебиет.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

2.Үй тапсырмасын сұрау.

Шартты бағыныңқы сабақтас.

3. Жаңа сабақ.

Қарсылықты бағынықты сабақтас. Басыңқыдағы іске бағыныңқыдағы айтылған іс бағыныңқыдағы іске басыңқыдағы іс қарсы қойыла айтылған сабақтасты қарсылықты бағыныңқылы сабақтас дейміз.

Мысалдар	Бағыныңқының баяндауышы	Тұлғалық белгісі	Сұрауы
Жетпіс жыл өмір сүрсем де, аз секілді білгенім.	Шартты рай	- са, да -се, де	қайтсе де? не етсе де?
Жарысқа түспегені болмаса, анық ақын екен.		-ған+ы, - ген+і болмаса	қайткені не еткені болмаса?
Оған сөз бергенмен, ертеңіне уәделі жерге келмеді.	Есімше	-ған, -ген (-мен)	қайткенмен?
Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл.		-ған, -ген (-ша, - ше	қайткенше? не еткенше?
Күн райының қабағы түйіле түскеніне қарамастан, жолға асығыс шықты.		-ған+ы+на -с- (- тан, -тен қарамастан	қайткеніне не еткеніне қарамастан?
Осынша әзірлігі бола тұра, егін оруды кеш бастады.	Көсемше	а, - е, -й тұра	Қайте, не ете тұра?

Кітаппен жұмыс.

129-жаттығу.

Көшіріп жазып, қарсылықты бағыныңқының астын сызып, жасалу жолын түсіндіру.

130-жаттығу.

Тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазу.

«Кубизм» стратегиясы

«Кубизм» стратегиясы бойынша жұмыс жасайды.

1.Суретте. (Қарсылықты бағыныңқы сабақтас туралы жазады).

2.Салыстыр (Қарсылықты бағыныңқы сабақтасты қарсылықты салаласпен салыстыр).

3.Ойыңмен байланыстыр. (Қарсылықты бағыныңқы сабақтастың жасалу жолдарындағы кейбір жұрнақтардың өзге сабақтастарда бар екеніне мысал келтіріп дәлелдейді).

4.Сарала. (Жасалу жолдарын түсіндіреді, мысал келтіреді).

5.Қолданыңыз. (Қарсылықты бағыныңқы сабақтастардың ажыратылуы қиын екені, мағынаның қарым – қатынасына жете мән беру керек екені айтылады).

Үйге тапсырма беру: 131-жаттығу.

Оқушыларды бағалау.

Д.ШАКЕРБЕКОВА,
Ж. Шайжүнісов атындағы орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Көкпекті ауданы

КӘСІБИ СӨЗДЕР МЕН ТЕРМИН СӨЗДЕР

(жаттығу жұмыстары)

Мақсаты: 1.Кәсіби сөздер мен термин сөздер тақырыбы бойынша жаттығу жұмыстарын орындау.

2.Оқушылардың білімін жетілдіру, сөздік қорын молайту.

3.Өз ана тілін құрметтеуге, қастерлеуге тәрбиелеу.

Түрі: бекіту сабағы.

Әдісі: салыстыру, іздендіру, сұрақ-жауап.

Технологиясы: СТО стратегиялары.

Көрнекілігі: үлестірме қағаздар, PISA бойынша мәтінмен жұмыс.

Пәнаралық байланыс: бейнелеу өнері.

Сабақтың барысы

1.Ұйымдастыру кезеңі.	Мұғалім:-Әрбір адам- Оқушы: -Туысым, досым, жұрағат Мұғалім. –Әрбір сабақ- Оқушы: -Үйрену, ұғу, ұлағат Мұғалім: -Әрбір ісім- Оқушы: -Тірлік, тірек, адамдық, Мұғалім:-Әрбір сөзім- Оқушы: -Шындық, бірлік, адалдық Топ басшыларын сайлау, бағалау парағын тарату.

2.Үй тапсырмасын тексеру.	94-жаттығу. Ата-аналарыңмен әңгімелесіп, қолданатын термин сөздерді жазып келу. 3-деңгей бойынша шығармашылық тапсырманы орындау.
3.Білім-дерін тексеру	Лексикалық диктант Басқа тілден енген сөздер.....(кірме сөздер) Шырпы, сым, құдағай, бережақ сөздері бұлар.....(диалект сөздер). Көнерген сөздер нешеге бөлінеді, түрлері..... (2 тарихи, архаизм) Сөздік қорға жаңадан енген сөздер.....(жаңа сөздер) Ащы-тұщы, ұзын-қысқа, көп-аз, бұл сөздер....(антоним) Айтылуы бірдей, мағыналары басқа сөздер.....(омоним) Айтылуы әртүрлі, мағыналары басқа сөздер.....(синоним) Екі немесе одан да көп мағынаға ие болған сөздер..... Ғылым, техника, өндіріс және т.б. саласындағы арнаулы ұғымдар мен зат атауларын білдіретін сөздер...
4.Сабақ бойынша жұмыс	1\Өткен тақырыпқа шолу. а\Термин сөздер деген не? ә\Кәсіби сөздер деген не? 2\ Оқулықпен жұмыс.198-жаттығу. Мәтінді оқып, оған ат қойыңдар. Суреттер топтамасындағы 7-суретке зер салып қараңдар. Сонан соң мәтінді оқып шығып, не туралы айтылғанын аңғарыңдар. Мәтінде халықтың қандай тұрмыстық заттары аталған? Осы сөздерді кәсіби сөздерге жатқызуға бола ма? Сұрақтар қою. 1-топ: Ер-тұрманды не үшін пайдаланамыз, қандай ат – әбзелдерін білесіңдер? 2-топ: Бала алғаш атқа мінгенде ата-анасы қандай жоралғы жасайды? 3-топ: Баланың ер—тоқымын қалай атайды? 199-жаттығу. Мәтіннен халықаралық терминдерді тауып жазыңдар.
5.Топпен жұмыс	Әр топқа мәтіндер беріледі. Жас суретшілер Гүлстанда. Өмірде сұлулыққа тұнып, адамды құштар етіп, ұмытылмас сезімге бөлеп әкетер ғажайыптар көп. Ал, сұлулықты қабылдай алу үшін айналамызға қарап, бір сәт бізге табиғаттан дарыған керемет байлықты бағалауымыз керек. Ал, табиғатты аялап, оның адам өміріндегі маңызын түсінуде өнер адамдарынан кім озар?! Сазгер болсын, суретші болсын барлығы дерлік шабытын табиғаттан алады. Осындай көрікті жерлердің бірі «Гүлстан» саябағында жақында «жас суретшілердің» пленэрі өтті. Оған Ә.Қастеев атындағы суретшілер мектебінен 50-ге жуық жас суретші келді.

	Жарты сағатқа созылған экскурсия арқылы балалар ауладағы барлық өсімдіктер жайлы толық мәлімет алды. Экскурсиядан соң олар 3 топқа бөлініп, өздеріне берілген тапсырма бойынша сурет салды. Бес сағатқа созылған пленэр «Гүлзар» қоғамдық бірлестігінің директоры Б.Әскербекқызының жас суретшілер туындыларын бағалауымен қорытындылады. Қазақ бейнелеу өнерінің дамуына сүбелі үлес қосатын Әбілхан Қастеев секілді біртума суретшілеріміз көбейе берсін! 1-сұрақ. Сурет өнері. Қыста терезеге қырау ою салады. Сондықтан табиғаттың өзі «суретші», - дейміз. Неге? ....
	2-сұрақ. Сурет өнері. Пленэр (фр. Plein air – ашық ауа) – айнала қоршаған атмосфера мен күн сәулесі әсеріне байланысты картинадағы барлық бояу түсінің өзгеруін білдіретін кескіндеме ұғымы. Пленэрлік кескіндеме суретшілердің натураны дәлме – дәл бейнелеу үшін картинаны шеберханада емес, ашық далада салуынан қалыптасқан. Мәтіннен термин сөздерді теріп жаз. ---------- ---------- ---------- ---------- ---------- 3-сұрақ. Сурет өнері. Натураны дәлме – дәл бейнелеу үшін картина қайда салынады? А) Пленэрлік кескіндемеде. В) Шеберханада. С) Ашық далада. Д) Суретшілер көрмесінде. Е) Суретші кабинетінде.

Сөйлем	иә	жоқ
Пленэр (фр. Plein air – ашық ауа) – айнала қоршаған атмосфера мен Күн сәулесі әсеріне байланысты картинадағы барлық бояу түсінің өзгеруін білдіретін кескіндеме ұғымы.		
Экскурсиядан соң олар 3 топқа бөлініп, өздеріне берілген тапсырма бойынша сурет салды.		
Жазу өнерінде қолданылған сиясауыт та арнайы әзірленбейді.		
Сияны тым сорып алып жайып жібермеу үшін қағаз бетіне қаламның тез жүруін жеңілденетін ахар деп аталатын зат жағылады.		

Сабақты бекіту.

Сәйкестендіру тесті

Мысалдар	Жауаптар
Белгілі бір жергілікті аймақта қолданылатын сөздер	Кірме сөздер
Өзге тілден енген сөздер	Көнерген сөздер
Қолданыстан шығып, тек тарихи шығармаларда кездесетін сөздер	Диалект сөздер
Тіліміздегі қолданысқа жаңадан енген сөздер	Термин
Сұлтан, би, уәзір, садақ	Жаңа сөздер
Глобус, карта, теңдеу, теңсіздік	Тарихи

Үйге тапсырма

201-жаттығу. Жазбаша орындау.
Лексика тарауы бойынша қайталау.

Сабақты бағалау

Топ басшылары бағалау парағын беріп, оқушылар бағаланады.

С. ӘЛМҰРАТОВА,
А.Жанпейісов атындағы
№105 орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Қармақшы ауданы

ЕТІСТІКТІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Етістіктің сөйлемдегі қызметі бойынша білім беру. Сөйлем мүшелеріне талдауға үйрету.

Тәрбиелік: Оқушыларды жаттығулар орындату арқылы алғырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Дамытушылық: Топпен жұмыс істеу дағдысын дамыту, шығармашылыққа баулу, логикалық ойлауын дамыту.

Түрі: Дәстүрлі.

Типі: Аралас сабақ.

Әдісі: түсіндірмелі, сұрақ-жауап, интерактивті.

Көрнекілігі: слайдтар, үлестірмелі қима қағаздар, оқулық, тақта, бор.

Сабақтың барысы:

І. Ұйымдастыру кезеңі.

а) сәлемдесу, түгелдеу.

ә) сабаққа назар аударту.

ІІ.Үй тапсырмасын тексеру: І,ІІ,ІІІ қатарға есімшелі, көсемшелі, тұйық стістікті мақал-мәтелдер

жазып келу. Етістіктен өткенді қайталау.

Бекіту сұрақтары:

1. Етістік дегеніміз не? Оның неше шағы бар?

2. Осы шақтың түрлері, мысал ойлаңыз. Қалып етістіктерін атаңыз.

3. Өткен шақтың түрлерін атаңыз.

4.Есімше мен көсемшенің жұрнақтарын атаңыз.

5.Етістіктің райларын атаңыз.

6.Тұйық етістікке бірнеше мысал ойлаңыз.

IV. Жаңа сабақ.

- Жақсы, балалар, етістік жайында жалпы біліміміздің қаншалықты екенін көрсете білдік.

Бүгінгі жаңа сабағымыз етістікпен тікелей байланысты. Жаңа сабағымыздың тақырыбы: Етістіктің сөйлемдегі қызметі. Дәптерімізді ашып, бүгінгі күн мен сабақтың тақырыбын жазып қояйық. Тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерді еске түсіре отырып, сұрақтарын қайталап өтейік.

(Ауызша тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің сұрақтары еске түсіріледі.)

Мұғалім: Жақсы, рахмет. Ал енді тақтадағы сөйлемдерге назар аудара отырып етістіктердің атқарып тұрған синтаксистік қызметін тауып көрелік. (ауызша)

Мен биыл мектепті бітіремін. (баяндауыш)

Оқу – білім бұлағы. (бастауыш)

Білгенге – маржан, білмеске - арзан. (толықтауыш)

Ол күлімсіреп қарады. (пысықтауыш)

Оқудың шегі жоқ. (анықтауыш)

Оқушылар тапсырмаларды ауызша орындайды. Түсінбегендерін сұрай отырып, өз түсініктері бойынша ереже қорытқызамын. Оқушы жауабын тыңдағаннан

кейін, толық түсінік беріледі. Етістік шақ, рай тұлғаларында жіктеліп келіп баяндауыш қызметінде болады.

Сөйлем соңында келген тұйық етістік жатыс септігінде немесе басқа тұлғаларда тұрып та баяндауыш қызметін атқарады.

Көсемше тұлғасында келіп, қимылдың амалын білдіріп, сөйлемде пысықтауыштың қызметін атқарады.

Тұйық етістік септеліп, кейбір шылаулармен тіркесіп келіп, сөйлемде пысықтауыштың қызметін атқарады.

Етістік есімше, тұйық етістік тұлғаларында атау септігінде келіп, заттанып, сөйлемде баяындауыш қызметін атқарады.

Етістік есімше тұлғасында немесе ілік септігіндегі тұйық етістік зат есімдермен тіркесіп келіп, сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады.

Етістік есімше немесе тұйық етістік тұлғаларында атау және ілік септіктерінен басқа септіктерде тұрып, сөйлемде толықтауыш қызметін атқарады.

Оқулықпен жұмыс.

Жаңа сабақты түсінгендігімізді байқау үшін, пысықтауға оқулықтағы 2016-жаттығуға назар аударыңдар.

Тапсырма. Мәтіннен етістіктерді тауып алып, сұрақтар қою арқылы сөйлемдегі қызметін анықтау. Тақтамен жұмыс.

217-жаттығу (Етістіктің шақтарын, райларын ажырату.), 218-жаттығу (Етістіктерді тауып, тұлғасына қарай ажырату, сөйлемдегі қызметін анықтау).

V. Жаңа сабақты бекіту.

«Етістік» сөзжұмбағын шешу.

Есімше

Бастауыш

Ілік

Пысықтауыш

Толықтауыш

Есім

Көсемше

1. -ған,-ген,-қан,-кен жұрнақтары арқылы жасалатын етістік.

2. Оқу - инемен құдық қазғандай. Тұйық етістіктің қызметі қандай?

3. Анықтауыш қай септіктің сұрақтарына жауап береді?

4. Мен жақсы оқу үшін жүрмін. Тұйық етістіктің қызметі?

5. Кітап оқудан жалықпа. Тұйық етістіктің сөйлемдегі қызметі?

6. Есімшенің атқаратын екі қызметінің бірі.

7. Жіктелмейтін жұрнақтары бар етістіктің ерекше түрі?

VI.Үйге тапсырма: Тұйық етістікке сөйлем құрап келу. 215-жаттығуды көшіріп келу, мәтіннен етістіктерді табу.

Сыныпта 131-беттегі пысықтауға арналған сұрақтармен ауызша жұмыс жасау, етістіктің сөйлемдегі қызметіне 5 сұрақтан тұратын тест құрап келу, 215-жаттығуды орындау.

VII. Оқушыларды бағалау.

Ә. ЕРМЕНТАЕВА,
Абай атындағы мектеп-гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
Чапаев ауылы

ЕЛІКТЕУ СӨЗ

/6-сынып/

Мақсаты:	Еліктеу сөз туралы түсінік алу.			
Күтілетін нәтиже:	Мәтіннен, сөйлемнен еліктеу сөздерді табады, басқа сөз таптарынан ажыратады. Еліктеу сездердің мағынасын ашады. Еліктеу сөздерді мағынасына қарай тиісті жерде қолдана алады.			
Блум таксоно-миясы	Модуль	Ресурстар, әдіс-тәсілдер	Сабақтың мазмұны	
			Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
1мин.		Стикерлер	А, В, С және аралас топқа стикерлерге аты-жөндерін жазу арқылы бөлемін.	4 топқа бөлінеді
1 мин.			Топтық жұмыс ережесін дайындап алуды ұсынамын.	Топтық жұмысқа қатысты бір-бір ережеден жазып іледі.
Білу. 1 мин.	Сыни ойлау	Диалог	-Есік қалай жабылды? -Жарық қалай жанды? -Шар қалай жарылды? /жаңа тақырыпты тақтаға жазамын/	Оқушылар сұраққа жауап береді, еліктеу сөздерді табады.

<table>
<tr>
<td>Түсіну.
7 мин</td>
<td>АКТ</td>
<td>Электронды оқулық. «Келісемін, келіспеймін» әдісі.</td>
<td>Жұптарға топшамалар беремін. Мысалы:
<table>
<tr><th>Тапсырма</th><th>Келісемін</th><th>Келіспеймін</th></tr>
<tr><td>Қайқаң-қайқаң, майман-маймаң, сырт, тырс. Бұлар - еліктеу сөздер.</td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Әр жұп тыңдалымда түсінгендері бойынша жауап береді.</td>
</tr>
<tr>
<td>Қолдану.
7 мин.</td>
<td>Жаңа әдіс-тәсілдер</td>
<td>Ойлан. Жұптас. Бөліс</td>
<td>297-жаттығуды орындау үшін дәптерлеріне кесте сызуды тапсырамын.</td>
<td>Әр оқушы өзі жаттығудан еліктеу сөздерді теріп жазады, дыбысқа немесе бейнесіне еліктеуден туындағанын жұппен ажыратады, кейін топпен еліктеу сөздің мағынасын ашады.</td>
</tr>
<tr>
<td>Талдау.
12 мин.</td>
<td>Көшбас-шылық</td>
<td>Семантикалық карта, эссе, толықтыру картасы, сәйкестендіру парағы</td>
<td>Төрт топқа төрт түрлі тапсырма беремін.
1-топқа тапсырма: бұралаң, сылдыр-сылдыр, сыбдыр-сыбдыр, дүр, шолп-шолп, т.б. еліктеу сөздерді қатыстырып, шағын эссе жазыңдар.</td>
<td>Әр топ деңгейіне байланысты берілген тапсырмаларды орындайды.</td>
</tr>
</table>

Бағалау 4 мин.	Жас ерекшеліктеріне байланысты оқыту.	Диалог	Еліктеу сөздер не үшін қажет?	Оқушылар өз ойымен бөліседі.
Қорытынды. 5 мин.	Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау.	Табыс өлшемдері бойынша кері байланыс парақтары, «Екі жұлдыз, бір тілек».	Кері байланыс пен бағалауды ұсынамын. Үйге тапсырма: 298-жаттығу	Табыс өлшемдері бойынша кері байланыс парағын толтырады. Өз тобындағы «Екі жұлдызды» атап, бір оқушыға ұсыныс айтады.

Ж.ӨМІРЗАҚОВА,
Қарынсалды негізгі орта мектебі
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Қостанай облысы, Аманкелді ауданы

СӨЗДІК ҚОР

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты:	Жаңа сабақты меңгерту, сөздік қорларын молайту, сөз мағынасын ұғына білуге ықпал жасау.	
Табыс өлшемдері:	Жеңілден ауырға қарай. Тапсырмаларды орындай отырып, елдерді аралау. Тапсырмаларды жүйелі түрде орындау.	
Көрнекіліктер:	Оқулық, түрлі- түсті фламастерлер, АКТ, т.б.	
Сабақтың әдіс- тәсілдері:	Сұрақ- жауап; Сыни тұрғыдан ойлау; Топтық жұмыс; АКТ- мен жұмыс. Өзін-өзі бағалау.	

Сабақтың барысы:	1. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен амандасу: Оқушыларды түгелдеу: АКТ-мен жұмыс. Топқа бөлу (қағаздың қиықшаларымен бөлу.) 2.Үй тапсырмасын сұрау. «Кім көп біледі» ойыны. *Жеті* туралы мақал-мәтел айту. Топпен жұмыс: №1 Қазақстан еліне саяхат жасау Өлшемдері: Тапсырмаларды орындай отырып, елдерді аралау. Тапсырмаларды жүйелі түрде орындау. Саяхат жасамас бұрын ауа-райын бақылап алайық. Бізде бүгін күн бұлтты, сол бұлттан арылу үшін тапсырма орындайық.Ол үшін мақал мен мәтелдің айырмашылығын айтайық. Қостанай қаласынан саяхатқа еліміздің басқа да өңірлерін аралаймыз. Ол үшін постерді пайдаланамыз. Көкшетау қаласына барғанда 136- жаттығу Астана қаласына барғанда 137- жаттығу Қарағанды қаласына барғанда 138- жаттығу Алматы қаласына барғанд 139- жаттығу Қызылорда облысына барғанда 140-жаттығу Ақтау қаласына барғанда141- жаттығу Қостанай қаласына қайтып 142- жаттығу Сергіту сәті, жан-жануарлар қимылын салу Жеке жұмыс: №2 «А»деңгейі: Бауыржан, мал атауына байланысты 6 сөз атап бер. «Б» деңгейі: Мұхамбетнұр мен Ақмарал қимыл қозғалысқа байланысты 8 сөз С деңгейі: Рамазан мен Аружан 10 есімдік ата.	2 минут 6 минут 8 минут 14 минут 2 минут 5 минут 2 минут
Сабақты бекіту:		

	143 жаттығу. Мәтіндегі дәурен, аялап күту, адал қызмет, сұр жебе, үміт құсы, лайнер деген сөздер мен сөз тіркестерінің сөздік қордың қандай тармағына жататынын дәлелдеңдер. Әр оқушының сабақ бойы алған бағаларын есептеп анық бағасын шығарамын. Сауалнама	1 минут 1 минут 2 минут

Әр облыстарға саяхатқа шыққанда берілетін тапсырмалар:

Көкшетау тапсырмасы:

136 – жаттығу.

Мәтіннен сөздік қорға енетін сөздерді теріп жаз:

Сиыр, тауық, ұлу, доңыз.

Астана қаласының тапсырмасы:

137- жаттығу.

Мәтінді оқып шығып Махмуд Қашқари нелер жайында айтқанын баяндаңдар:

Оймақ-

Саптама-

Құймақ-

Бөрі тісі қарысты-

Қарағанды қаласының тапсырмасы:

138 –жаттығу.

Батаны мәнерлеп оқыңдар, әр жолына мән беріп, жаттап алыңдар. **Алматы қаласының тапсырмасы**

139- жаттығу.

Мәтінді түсініп оқыңдар.

Ырымға қатысты сөздерді, сөз тіркестерін ата.

Тіл тию.

Қызылорда облысының тапсырмасы:

140 –жаттығу.

Оқыңдар. «Мұхтар» есімінің мағынасы қандай?
(азат, білімді, таңдаулы)

Туыстық атауларды теріп жаз:

Дүниеге келді-

Азат-

Дос-

Сүйікті-

Мәңгілік- сөздерінің антонимін табыңдар.

Алматы қаласының тапсырмасы:

141- жаттығу.

«Мейірімді ана», «Дастарқан басында» тақырыбы бойынша мәтін құра.

Сөздік қор құрамын пайдалан.

Қостанай қаласының тапсырмасы:

142 –жаттығу.

Мәтінді оқып, ат қойыңдар.

Тұйық оюдың суретін салыңдар.

Тағы қандай ою түрін білесіңдер?

А деңгейі:

Мал атауына байланысты 6 сөз айтып бер.

Б деңгейі:

Қимыл-қозғалысқа байланысты 8 сөз тап.

С деңгейі:

Есімдікке байланысты 10 сөз ойла.

К. ЕРМҰХАНОВА,
Еңбекші орта
мектебінің мұғалімі.
Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы

БАУЫРЖАН ЕРЛІГІ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Мақсаты:

Білімділік: халқымыздың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлының өмірі, шығармашылығымен таныстыру.

Тәрбиелік: туған жерін, елін сүйетін, ұлтжанды, намысшыл, адамгершілігі мол жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Дамытушылық: жеке тұлғаның сөйлеу мәдениетін дамыту, өз көзқарасын тұжырымдай білуге, шығармашылықпен жұмыс жасауға баулу.

Көрнекілігі: слайдтар, дербес компьютер, интерактивті тақта, батыр портреті, билборд, бейнеүзінді, кітап көрмесі, жинақтар, төсбелгі.

Түрі: танымдық сабақ.

Әдіс-тәсілдері: жаңа технология элементтері, пікірталас, эвристикалық сауал, топпен жұмыс.

Сабақтың жүрісі:

I. Эвокация – қызығушылықты ояту.

ТЭ- 1. Жадымызды жаңғыртайық – Мәңгі тірі – Бауыржан.

II. Реализация - мағынаны тану кезеңі.

ТЭ-2. Кластер стратегиясы - Біз қазақпыз текке тартып бір туатын.

ТЭ-3. Сәйкестендіру кестесімен жұмыс- Біз білімді ұрпақпыз.

ТЭ-4. РАФТ стратегиясы- Алаштың алыбы - батыр Бауыржан.

III. Рефлексия-Ой түйін- Бауыржанның жанды дауысы мен ерен ерлігі.

ТЭ-5. Ой толғаныс стратегиясы - «Тәуелсіз ой» тележоба.

ТЭ-6. Оқушы шығармашылығы - «Жасасын Ұлы Жеңіс» тақырыбында эссе, слайд, бейнеролик жасау.

Барысы:

Мұғалім: - Ат ауыздығымен су ішіп, ер етігімен су кешкен заманда жауға қарсы шығып, елін, жерін қорғаған айбарлы да айбынды, күн жүрек қаһарман батырларымыз қаншама десеңші! Ел басына ел туғанда елі үшін, жері үшін, Отан үшін қан майданның сұрапыл күндерінде ерлік көрсеткен дарабоздарымызды еске алып өтейікші.

I. Эвокация – қызығушылықты ояту бөлімінде «Ер есімі – ел есінде» тақырыбымен Ұлы Отан соғысының батырларын есімізге түсірейік! Олар...

Оқушылар: -Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова, Талғат Бигелдинов, Рахымжан Қошқарбаев,Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Нұркен Әбдіров, Рахымжан Қошқарбаев, Хиуаз Доспанова.

Мұғалім: Жыр дәптерінен...

Мен кім едім, мен едім, Атақсыз солдаттың бірі едім.
Мен де мыңның бірі едім. Ата аруағы қолдады
Қызықпай баққа, атаққа, Адал еңбек еткен соң.
Адал еңбек ұлы едім, Панфиловтан бата алдым
Қызмет еткен халыққа Жау қаһарын төккен соң.
Ақ ниет мыңның бірі едім,

- Міне, балалар, бұл өлең жолдары жоғарыда аталған

майдангерлеріміздің қайсысының жыр дәптерінен деп ойлайсыздар?...

1- оқушы: - Бұл өлең жолдарының авторы - Кеңес Одағының Батыры, Халық қаһарманы, әскери шенді қызметкер, даңқты қолбасшы, қазақтың көрнекті жазушысы Бауыржан Момышұлы.

Мұғалім: - Олай болса, бүгінгі танымдық сабағымыздың тақырыбы - **«Бауыржан ерлігі – ұрпаққа өнеге»**

ТЭ-1 (тәрбие элементі). Жадымызды жаңғыртайық!

«Мәңгі тірі Бауыржан» Бауыржанның өмір деректерімен танысу.

2-оқушы: - Бауыржанның балалық шағы.

Бауыржан Момышұлы 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау ауылында туған. Әкесі Момыш өз бетімен ескіше сауат ашқан.Атасы Имаш қартайған кезінде барлық шаруашылықты Момыш ұлына табыстаған. Әжесінің есімі – Қызтумас болды. Анасы Рәзия дүниеден ерте өтіп, Бауыржан 3 жасынан бастап Қызтумас әжесінің қолында өседі. 13 жасқа дейін ауылда, одан соң интернатта тәрбиеленеді.1932 жылы әскер қатарына алынып, мергендік өнерін игереді.Орыс мектебінде білім алды. Жеті жылдық біліммен мектеп мұғалімі болды.

3-оқушы: - Әскери өміріне шолу.

1941 жылы Қазақ әскери комиссариатының нұсқаушысы қызметін атқарады.

Ұлы Отан соғысына 1941 жылдың қыркүйегінен бастап қатысты.

316 атқыштар дивизиясының жасақталуына белсене

атсалысып, сол дивизия құрамында майданға аттанады.

1941 жылдың 26 қарашасында оны маршал Рокоссовский полк командирі етіп тағайындайды.

1941-1945 жылдары Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизияның батальон, полк командирі, соғыстың соңғы жылдары аталған дивизияның командирі болады.

1944 жылы денсаулығына байланысты Алматы госпиталіне жіберіледі.

1945 жылдың 21 қаңтарынан бастап гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы 9 гвардия атқыштар дивизиясын басқарды.

II. Реализация- мағынаны тану кезеңі.

Мұғалім: Бауыржан Момышұлының әдебиетке араласуы, шығармашылығы.

4- оқушы: Оның еңбектері: Ұшқан ұя (1974 жыл), Москва үшін шайқас, Жауынгердің тұлғасы, Майдан, Майдандағы кездесулер, Генерал Панфилов, Төлеген Тоқтаров, Куба әсерлері, Адам қайраты (1981 жыл), Елбасына күн туса, Психология войны.

Б.Момышұлының "Ұшқан ұя" туындысы ("Наша семья" деген атпен алғаш орыс тілінде жазылған) автордың өмір кезеңдерін, ата-бабалары мен бауыр-туыстарын, жақын-жуықтарының адами қарым-қатынастарын, кәсіп-дағдыларын, өзіндік белгі, ерекшеліктерін, Отанға, ел-жерге көзқарастарын дәуір келбетімен, уақыт тынысымен байланыста көрсетеді. Б.Момышұлының жақын-жуық, дос-жарандары да көп болған. Кітапта осы тақырыптарға да кең орын берілген. Бауырмалдық пен достық, туыстық тамырлары – Бауыржан Момышұлы шығармашылығының алтын арқауы. Туынды табиғатындағы мазмұн мен көркемдік,

өмір-уақыт шындықтары жоғары бағаланып, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығын алды.

Оқулықпен жұмыс *(«Бауыржанның қайсар мінезі мен өшпес рухы» тақырыбындағы мұғалімнің Бауыржан туралы жинақ кітапшасы оқушыларға үлестіріліп, мәтінмен жұмыс жүргізілді).*

5- оқушы:

Бауыржанның бойында қазақы қасиеттер молынан болды. «Момышұлы» деген тегінің өзі үлкен бір қайсарлықтың арқасында солай аталды.

Сол кезде Кеңес Одағының талай мансапты қызметтерін атқарған Анастас Микоянның: «Неге тегіңіз Момышев емес Момышұлы?» деген сұрағына «Сіздің тегіңіз неге Микоев емес Микоян?» - деп, қарсы сұрақ қою арқылы жауап қайырады. Бұл дегеніміз нағыз өжеттік, қайсарлық. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген халық нақылына келтірілген өмірдің мысалы.

Бауыржан батыр шындықты жақсы көретін адам болған. Онымен бірге болған әріптестері Бауыржанның шындықты сүйгіштігін аңыз қылып айтады.

ТЭ -2 Кластер стратегиясы

«Біз қазақпыз текке тартып бір туатын», «Санаға сапар» /Жылдар шежіресі/

(шеңбердің ішкі бөлігі мен сыртқы бөлігіне төмендегі атаулы оқиғаларды топтастыру)

1944 жылы 6 маусымда «Москваны қорғағаны үшін» медалімен;

«Қызыл жұлдыз» орденімен 2 рет марапатталды.

1942 жылы 6 маусымда «Қызыл ту» орденімен;

1970 жылы «Еңбек Қызыл ту» орденімен, «Құрмет белгісі» орденімен;

Ел тәуелсіздігінен кейін Президенттің жарлығымен халық қаһарманы атағы берілді.

2000 жылы «Ғасыр адамы» деп танылды.

КСРО Президентінің 1990 ж 11 желтоқсандағы жарлығымен «Кеңес Одағының Батыры атағы» берілді.

1945 жылы шілдеде 1 дәрежелі «Отан соғысы», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталды.

ТЭ – 3. Сәйкестендіру кестесімен жұмыс.
«Біз білімді ұрпақпыз»

Ердің туы -	жігіттің қасиеті.
Командир– аға,	өз еліңде ұлтан бол.
Ерлік – ердің қасиеті, жүректілік -	намыс.
Өз қадірін білмеген	ерлер қолында.
Ел бақыты	солдат - іні.
Кісі елінде сұлтан болғанша,	ер қадірін білмейді.

ТЭ – 4. РАФТ стратегиясы

Р-рөл: оқушы.

А-аудитория: оқушылар, ұстаздар.

Ф-формасы: нақыл сөздердің мағынасын ашу, құттықтау, арнау, суреттер, оқушы шығармашылығы.

«Алаштың алыбы – батыр Бауыржан» тақырыбында оқушылар Бауыржанның нақыл сөздерінің мағынасын ашып, арнау, құттықтау, өз өлең жолдарын, туынды суреттерін орындайды, **«Бауыржанның жанды дауысы мен ерен ерлігі»** тақырыбында бейнеүзінді тыңдап, талқылайды).

Мұғалім: - Міне, сіздердің шығармашылық жұмыстарыңыз арқылы аты бүкіл әлемге аңыз болып тараған қазақ елінің ақиық қыраны Бауыржан

Момышұлының қайталанбас сырға толы өмір жолы мен көркем туындыларына куә болдық. Бауыржан Момышұлы - елі үшін ерен ерлік жасаған, өнегесі ұрпаққа үлгі болатын ұлы тұлға.

III. Рефлексия - ой - түйін.

ТЭ-5. Ой - толғаныс стратегиясы. «Тәуелсіз ой» тележоба.

1. Бейне үзіндідегі Батыр Бауыржанның қандай қасиеттерін үлгі тұтасыз?
2. Адалдыққа, шыншылдыққа, батырлыққа, ізгілікке тәрбиелеуде.
3. Бүгінгі шараның қай тұстарын атап өтесіз?
4. Ерлік деген сөзді қалай түсінесіз?
5. "Бауыржан ерлігі – ұрпаққа өнеге" тақырыбынан алған әсеріңіз?

ТЭ-6. Оқушы шығармашылығы. Үйге тапсырма: **«Жасасын Ұлы Жеңіс»** тақырыбына эссе, слайд, шағын бейнеролик жасау.

Бағалау (жұлдызшалар арқылы әрбір оқушы бағаланды)

Сіздің алған әсеріңіз?! (әр оқушы өзінің алған әсерін «Жеңіс» гүлі арқылы қорытындылады)

Қорытынды.

Мұғалім:

Батыр ұл есімдері сақталады,
Жыр болып жүректерде жатталады.
Ғасырдан-ғасырларға аңыз етіп,
Ұрпағы мәңгі бақи мақтанады.

Ерліктің ерен үлгісін көрсеткен, артына өшпес із қалдырған, ердің ісін ұмытпай, тарихымызды жаңғыртып отыру - бүгінгі ұрпақтың парызы. Бауыржан Момышұлының өмірі - сендерге үлгі, өсиет сөздері таза бұлақтай жаныңды жаңғыртады. Тау алыстаған сайын биіктей түседі. Қанша уақыт өтсе де Бауыржан

Момышұлының ерен ерлігі, қайсар мінезі, шындықты жаны сүйетін ержүректілігі, болмысындағы биік патриоттық сана - сезімі әр ұрпақтың жадында мәңгі қалады, бірге жасайды.

Ш.ҚАСЕНОВА,
Құрлық әскерлерінің
Әскери институтының
аға оқытушысы.
Алматы қаласы

МАЙДАНГЕР ҰСТАЗДЫҢ ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ

Ұлы Отан соғысына қатысқан біздің қазақстандық азаматтарымыз ерекше ерлік көрсетіп, жеңіс күнін жақындатуға айтарлықтайөзүлестерінқосқанытарихтан белгілі. Сұрапыл соғыс кезіндегі майдан даласында көрсеткен ерліктері үшін Қазақстаннан аттанған талай жерлестеріміздің Кеңес Одағының Батыры атағын алуы, түрлі марапаттарға ие болуы – жауынгерлердің Отанға, елге деген сүйіспеншіліктерінің көрсеткіші. Халқымыздың ардагер ұлы, аты аңызға айналған батыр, даңқты қолбасшы – Бауыржан Момышұлы: «Ерліктің негізі – сүйіспеншілік» [1.231-б], – деп айтқан еді. Иә, ерлік сүйіспеншіліктің негізінде жасалады.

Қазақстандықтар соғыстың алғашқы күндерінен барлық ұрыс даласында, майданда жаумен бетпе-бет келіп шайқасты. Сол Отан үшін от кешкен жауынгерлердің бірі – Жұмабек Сейдахметов. Халқымыздың жауынгер ұлы – Жұмабек Сейдахметов 1921 жылдың 21 желтоқсанында Алматы облысының

Гвардия ауданындағы (қазіргі Кербұлақ ауданындағы) Қарашоқы ауылында (әскери билетінде с.Кара-Чек деп жазылған, әскери билет АГ №092757, 1967 жылдың 27 қыркүйегінде берілген) дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Майдангер Ұлы Отан соғысына дейін ұлы іс – ұстаздық қызмет атқарғаны белгілі. Оның еңбек кітапшасында 1939 жылдың 10 шілдесінен бастап 1941 жылдың 20 тамызына дейін Тастыөзек ауылының жетіжылдық мектебіндегі бастауыш сыныптың мұғалімі (Приказ по Районо от 10.07. 1939 год. за №105), ал 1941 жылдың 20 тамызынан 1946 жылдың 21 тамызына дейін Кеңес Армиясының қатарында лейтенант шеніндегі командир взводы болғаны көрсетілген.

Майдангер Жұмабек Сейдахметовтің әскери билетінде Жаркенттегі педучилищені және 1943 жылы Оңтүстік-Батыс майданындағы кіші лейтенанттар курстарын (Курсы младших лейтенантов Юго-Западного фронта в 1943 г.) бітіргені (аяқтағаны) жазылған. Әскери шені – лейтенант (әскери билетте былай көрсетілген: 5. Воинское звание лейтенант присвоено приказом 6 Армии №а124/п от «22» мая 1943 г., 7. Состав командный. 8. Запас 3 разряда). Оңтүстік-Батыс майданындағы 6-армияның керемет ұрыс қимылдары жөніндегі мәліметтер тарихи деректерде жазылған. Ол 1941 жылдың 18 қыркүйегінде әскери ант қабылдаған екен (әскери билетте төмендегідей көрсетілген: 9. Военную присягу принял «18» сентября 1941 г.). Әскери ант – жауынгерлердің Отанына, халқына, үкіметіне, өзінің әскери борышына адалдығын білдіретін серті [2.58-б].

Әскери билеттің «Прохождение службы в Вооруженных Силах Союза ССР» деген оныншы пунктінде 1941 жылдың 20 тамызынан 1946 жылдың

10 мамырына дейін әскер қатарында болғаны жазылған. Онда осы жылдар аралығындағы мәліметтер төмендегідей көрсетілген:

Қызыл әскер – 8.1941 – 12.1941жж.

Жаралануына байланысты сауықтыру – 12.1941 –1.1942 жж.

Рота командирінің орынбасары – 1.1942 – 8.1942 жж.

Жаралануына байланысты сауықтыру – 8.1942 –9.1942 жж.

Курсант – 9.1942 – 1.1943 жж.

Рота командирінің орынбасары – 1.1943 – 6.1943 жж.

Резервте – 6.1943 – 8.1943 жж.

Тыңдаушы – 8.1943 – 12.1943 жж.

Резервте – 12.1943 – 6.1944 жж.

Ауруына байланысты сауықтыру – 6.1944 – 10.1944 жж.

Резервте – 10.1944 – 11.1944 жж.

Взвод командирі – 11.1944 – 5.1946 жж.

Жерлесіміз Жұмабек Сейдахметов Ұлы Отан соғысының Батыс және Оңтүстік-Батыс майдандарына қатысқан, рота командирінің орынбасары болған. Ол 1946 жылдың 18 наурызында «1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» («За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг.») деген медалімен, 1947 жылдың 28 наурызында «Қызыл Жұлдыз» орденімен (№786744), 1964 жылдың 28 қарашасында «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен, 1985 жылдың 11 наурызында «II дәрежедегі Отан соғысы» орденімен (№6867594), 1997 жылдың 23 ақпанында Кеңес Одағының Маршалы Г.К.Жуков медалімен, 1985 жылы «Еңбек ардагері» («Ветеран труда») медалімен және де мерейтойлық медальдармен марапатталған.

Соғыстан кейін майдангер-ұстаз 1946 жылдың 1 тамызынан Боранбай бастауыш мектебінің меңгерушісі болып тағайындалады. 1947 жылдың 8 тамызынан

1951 жылдың 7 тамызына дейін Күркүлді бастауыш мектебінің меңгерушісі қызметін атқарады.

1951 жылдың 7 тамызынан Тастыөзек жетіжылдық мектебінің бастауыш сынып мұғалімі болады.

1954 жылдың 16 қазанынан 1955 жылдың 4 тамызына дейін Красногоров орта мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, ал 1955 жылдың 4 тамызынан 1959 жылдың 18 шілдесіне дейін Ворошилов атындағы колхоздың мектеп меңгерушісі қызметін атқарады. Аталған мектептің жабылуына байланысты Ж.Сейдахметовті 1959 жылы Қызылжар жетіжылдық мектебіне ауыстырады.

1963 жылдың 26 тамызында «Айгүл» бастауыш мектебінің директоры қызметін атқарады. 1966 жылдың 10 тамызында Қызылжар ауылдық кеңесінің төрағасы қызметіне ауысады.

1967 жылы өз өтініші бойынша ұстаздық қызметін жалғастырады. 1967 жылы «Айгүл» бастауыш мектебінің директоры, 1972 жылы Қызылжар интернатының меңгерушісі, 1979 жылы Сәмен бастауыш мектебінің меңгерушісі қызметін атқарады.

1982-1986 жылдар аралығында Қызылжар орта мектебінде алғашқы әскери дайындық пәнінен сабақ береді.

1986 жылдан 1993 жылға дейін Қызылжар қой совхозында еңбек еткен.

1995 жылдың 26 сәуірінде ҚР ҚМ-нің бұйрығымен аға лейтенант шені беріледі.

1997 жылдың 7 сәуірінде майдангер-ұстаз қайтыс болады.

Еліне, жеріне, Отанына қалтқысыз еңбек еткен, келешек ұрпақты білім нәрімен сусындатқан, Отан қорғаушыларды тәрбиелеуге ерекше мән берген,

ерінбей тер төккен, ұстаздық қызметтің қыр-сырын жетік меңгерген абзал азаматтың еңбегі ешқашан ұмытылмас.

Ұлы Отан соғысының ардагері, ұлағатты ұстаз, білікті маман Жұмабек Сейдахметовтің өнегелі өмірі өскелең ұрпаққа, жастарға тәлім-тәрбие беретіні сөзсіз. Майдангер-ұстаздың өмірі – үлкен мектеп.

Әдебиеттер:

1 Ә.Нұршайықов. Ақиқат пен аңыз - А., Жазушы, 1978.

2 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Әскери іс. - А., Мектеп, 2001.

А.ҚАЙЫРҒАЛИЕВА,[1]
Е.НИҒМЕТОВ,[2]
Бегалиев атындағы орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,[1]
Жаһанша Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледж студенті.[2]
Атырау облысы,
Құрманғазы ауданы

СЕН ҚҰРМЕТТЕ ОНЫ!

Мақсаты: жауынгер жазушы, ақын Әбу Сәрсенбаевтың Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы шығармашылығынан жас жеткіншектерге отансүйгіштікті, ерлікті үлгі ету, көркем шығармадағы отты жырларды жүрекпен оқып, құрметтеуге үйрету және тәрбиелеу.

Кешке қатысты жабдықтар-буклеттер, ақынның суреті, жауынгер жазушылар мен жауынгер ақындардың суреті, мультимедиа, шарлар, оқушы шығармашылығынан көрме, т.б.

Кештің жүру барысы.

I.Ұйымдастыру бөлімі.

Зал іші шарлармен, соғыс бейнеленген суреттермен, майдангер ақын,жазушы Әбу Сәрсенбаев суретімен безендіріледі.

II. Жүргізілу бөлімі.

(Соғыс жайлы ән үні баяу естіліп тұрады.Сахна сыртынан «Сен құрметте оны!» атты өлең оқылады)

Сен құрметте оны!

Түсіндің, бе, қарағым?...

Жүргізуші: - Иә, «соғыс»деп аттанған, «Жеңіс»деп

шаттанған сәттер естен кетер ме?! Сол бір ғаламат құбылыстың көзден кетсе де көңілден кетпейтін өз тағдырына әсер етпеген адамның мүлде жоқтығынан болса керек. Осы дархан тіршілігіміздің өзі сол Жеңістің шапағаты емес пе? Соғыс отына шарпылмаған шаңырақ бар ма? Рас. Соғыс жарасы жазылған.Соғыстан кейінгі түлек те ірге қалап, отау тіккен. Бірақ біздің бақытымыз үшін құрбан болғандардың жарқын бейнесі жадымызда, жүрегімізде...

Жүргізуші: - Ендеше, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында сіздерді осы бір шаттық күнмен құттықтай отырып, майдангер ақын Әбу Сәрсенбаевтың Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған «Сен құрметте оны!..» атты әдеби-портреттік кешін ашуға рұқсат етіңіздер. **(сахна сыртынан)**

Сен құрметте оны!
Түсіндің бе, қарағым?
Сенің келешегің үшін берді ол
Азаттық жолында аяғын!

Жүргізуші: - Біз құрметтейміз оны! Олар біздің келешегіміз үшін күресті,

Өр кеудесімен бізді жаудан қорғады.Біз құрметтейміз оны!...Қаһарманға қаза жоқ,батырды ажал жеңбейді. Ендеше ерлік пен жыр да өлмек емес.Соғыс тақырыбындағы ән-жырлар осының айғағы емес пе?

Жүргізуші: - Қазақ халқының ұғымында «жау тигендей» немесе «жау шапқандай» деген сөз тіркестері ел басына күн туып, қара аспан орнады дегенді білдіреді. 1941 жылы басталған шапқыншылық елге сондай бүлік әкелді. Ол тұстағы әдебиеттің басты ерекшелігі - мүлде жаңа тақырыпқа бет бұруында еді.

Жауынгерлік, қаһармандық тақырыптары бұрыннан бар болатын. Бірақ, мұндай үлкен соғысты адам баласы бұрын бастан кешірмегені сияқты, әдебиет де дәл осындай ауқымды тақырыпты меңгермеген-ді.

Соғыстың құны - кесілген білек,
Соғыстың құны - тесілген жүрек,
Соғыстың құны - лаулаған орман,
Соғыстың құны - уланған арман,

Соғыстың құны - өртенген аспан,
Соғыстың құны - төгілген жас қан....
Қадыр Мырзалиев.

Жүргізуші: - Қазақ ақындары: С.Мұқанов, А.Тоқмағамбетов, Т.Жароков, Ә.Сәрсенбаев, Ә.Тәжібаев, Ж.Сайн, Д.Әбілов, Қ.Аманжолов, Ғ.Орманов, С.Сейітов, С.Мәуленов және басқалардың бұл кездегі жазған лирикалық өлеңдері азаттық соғысқа аттану, жауды жеңіп, кек алу тақырыбына арналған. Бүгінгі кеш жерлес ақынымыз Әбу Сәрсебаевтың Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы жырларына арналады.

Жүргізуші: - Ендігі кезекті жерлес ақынымыз Әбу Сәрсенбаевтың Ұлы Отан соғысы тақырыбындағы жырларына берейік.

Поэзия минуты

Азаттық солдаты

Соғыс. Берлин қақпасының түбінде
Қанқұйлы айқас кеше дағы, бүгін де.
Ажылдаған оқ астында қарт солдат
Тым түршіге құлақ тосты бір үнге.
Ракеталар, зеңбіректер жар салған
Байқа солдат, ел намысын арқаңнан.
Төге көрме, дір етті ме жүрегің
Неге кенет сол қанатқа жалтардың?
Ойлаушы едім қайыспайтын нар шығар
Мойрылған ба,жігер жүзі,бар шыдам?
Қасқасымен сүзе жарып әйнекті
Сүңгіді үйге тарғыл алау шарпыған.
Ғажап,ғажап,өрттен нені табады?
Өтпек пе,әлде,жарып жаудың қамалын?
Уа,жоқ,кері шықты солдат жүгіріп,
Шабдар шашты құшақтап бір баланы.
Неміс сәби жабысқанда төсіне,
Алды солдат өз бөбегін есіне:
«...Мүмкін сенің әкең шығар ұлымды
Отқа тастап,оқ атқан да төсіме...
Бірақ сенде күнә қанша,нәресте,
Құлағың сал,мынадай бір кеңеске:

«Бізге найза көтергендер- найзаға
Түйреледі, бөбек, соны ал еске!

Өлім ойпаты

Кескілескен айқаста жауды жеңіп,
Таң алдында үлгердік селоға еніп,
Ақ теректер омырылып, ақ қабырға
Хаталарды өтіпті жалын көміп.
Өртті өшірдік,
Таң да атты, ертеңгі алты
Қайда кеткен селоның тұрғын халқы
Нан мен тұз, сүт пен сусын, қызыл гүлін,
Ұсынатын бар еді ата – салты.

Бұл не сыр

Білуге біз болдық асық
Іздедік, екінші бір дөңнен асып
Фашист сұмдар селонын бүкіл жанын
Терең сайға иіріп, кеткен атып
Бүлдіршіндей арулар балғын бөбек
Жазықсыз өр кеудесін оққа төсеп,
Шомылып дариядай жатыр қанға
Туған жер топырағын етіп төсек.

Жүргізуші: - Қазақстан Республикасының Халық жазушысы, ақын Әбу (Әбуғали)15.,10.1905 жылы Атырау облысының, Құрманғазы (бұрынғы Теңіз) ауданындағы Мақаш ауылдық аймағының Алға ауылында туған.

Төңірекпен болыпты әкем силасты,
Жамандықты тірі жанға қимапты.
Әкем маған ұлы Гомер айтқандай
Туған күн-ақ ғажап есім силапты.
«Әбу-Ғали-сина» атапты,
Не сәбише қызығып,
Ғұламаны таныды әлде шын ұғып,
Арманшыл жан күткен шығар менен де
Есіміме лайықты ұлылық!-

Менің ұям деп ақын өзі жырлағандай, оның ұлылығы өлең-жырларынан танылады.

Жүргізуші: - Әбу Сәрсенбаев 1927 жылға дейін балық өндірісінде жұмыс істеген. Астрахань Кеңес - партия

мектебінде (1929), Алматыдағы Комвузда Коммунистік жоғарғыоқуорнынбітірген(1934).1930-32жж.«Еңбекші қазақ» газетінде әдеби қызметкер.1934-36 жж. қазақ тілінде «Темір жолшылар» газетін ұйымдастырып, сол газеттің редакторы. 1942-1943 жылдары Ташкенттегі Әскери Педагогикалық институтында оқыған. Соғысқа дейін «Түрксиб» газетінің редакторы, Қазақ

Мемлекеттік баспасын басқарған. 1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысында әскери тілші ретінде бастан аяқ қатысады.

(Сол кезді суреттейтін видео)

Жүргізуші: - Майданда әскерлер қатарында жауға қарсы соғысқан ақын Әбу Сәрсенбаев өлеңдерінің көбі майдан тақырыбына арналады. Жауынгерлердің майдандағы жаппай ерліктерінен ақын халқымыздың ұлылығын, батырлығын көреді.Туысқан халықтардың соғыстағы жан қиярлық ерлігін достық сезіммен жыр етеді. Жауды тезірек жеңіп, Украинаның қайтадан шаттыққа бөленуін тілейді.

Поэзия минуты: «Мазасыз Украина түні», «Днепр» өлеңдері.

Жүргізуші: - Жеңіспен оралған ақын 1947-1953 жылдары Қазақ мемлекеттік педагогикалық баспасының директоры қызметін атқарған. 1936-42 жылдары Қазақ мемлекетінің біріккен баспаларында директор, бөлім меңгерушісі.Әдебиеттегі алғашқы қадамын өлең жазудан бастаған.

Жүргізуші: - Соғыс жүріп жатқан кезде әлем баспасөзінде («Правда» және т.б. ақпарат құралдарында) қазақстандықтар ерлігі шынайы сүйіспеншілікпен аталып өтіп жатты. Ұлы Отан соғысына аттанған тоқсанға жуық Қазақстан жазушылары мен ақындары: партизан ақын Жұмағали Сайн Қасым Аманжолов Жамбыл Баубек Бұлқышев, Абдолла Жұмағалиев, Тахауи Ахтанов, Ә.Нұрпейісов, т.т. көптеген ақын-жазушылар өмір мен өлім ортасында болып қайтты. Осылардың ішінде майданға ақындық өнерімен танылып, белгілі бола бастағандар санатында Әбу

Сәрсенбаев та болды.

Поэзия минуты.

Жау пистолеті,
Кеше ғана жау қолында
Оқ боранын төктің маған,
Аласұрып өңешіңнен,
Ажал құштың жалындаған.
Өшірмекші болдың менің
Өмірімнің шырағданын.
Төкпек болдың жүрегімнің
Нарттай қызыл ыстық қанын.
Тәтті өмір тартысында,
Әруағым болды басым.
Қанға құмар қожаңның мен
Иығынан үздім басын.
Қазір үлкен алақанның,
Жатырсың сен аясында,
Айналдырсам болар еді,
Жүк атының тағасына.

Солдат.

Солдат қарлы окопта жатты!
Қатерлі майдан даласы.
Мейірімді анадай үңіле қапты
Ту сыртынан туған қаласы
Ал алдыңғы шепті
Ажылдаған ажал минасы жапты
Солдат қарлы окопта жатты.
Граната, граната!
Оң қанаттан танк келіп қалды
Бұл кім, дауысы неткен күшті,
Солдат басын көтеріп алды.
Жүрегі дір етті де, бұға түсті
Ал оның бір білегін,
Бір жалын жалап ұшты
Граната, граната!
Сенің суретің
Соғыс жолы батысқа барады ұзап
Сағат сайын солдатта жаңа тұрақ
Сен менімен бірге сәулем, мәңгі

Ара шалғай болса да сонша ұзақ.
Қатер күшті
Жау оғы тынбай ұлып,
Окобымның кемерін өтеді ұрып.
Бірақ сенің суретің жүрегімнің,
Тұсында тұр өмірдей жарқын күліп
Көз алдымнан кеткен жоқ бейнең сенің
Тұрса дағы өмірден таяу өлім
Төс қалтамда сақтаулы суретіңнен
Рухтанды сезімпаз кеудем менің.

Солдат шинелі

Шинель, шинель
Сұрапыл кезеңдерде,
Ту тігіп, талай хутор, селендерге,
Сызды окопта ажалдың алдын торып,
Оқ астында сүңгідік өзендерге.
Сеңмен бірге сең болып жүзіп те едім,
Кейде батып, кей сәтте биіктедім.
Етегіңде сыңғырлап Ақ маржандар
Аязды кеш бойымды иілтпедің
Дүр сілкініп, Маржанның тастап бәрін
Кештім майдан қырының аппақ қарын
Өзің мұз боп қатсаң да, сұр шинелім
Жүрегімнің жылуын сақтап қалдың.

Жүргізуші: -Әбу ағаның өлеңдерінің ішінде партизандардың ерлігін жырлауға арнағандары да бар. Ақын ержүрек партизандардың жауға тұтқиылдан тиіп, оны қару-жарақ пен адам күші жағынан әлсіретіп, Кеңес әскерлеріне көмек көрсеткен ерліктерін жырлайды.

Партизандар жыры. Би. «Катюша»

Жүргізуші: - Біз бүгін Сәрсенбаев әулетін жалғастырушы, әулеттегі жалғыз тұяқ Минаж Сәрсенбаевтың атасы туралы естелігіне орын беріп отырмыз.

(Сахна сыртынан оқылады) Минаж Сәрсенбаев:

– Менің балалық және жастық шағым атамның өте мұқият қамқорлығымен өтті. Ол менің тәрбиеме көп көңіл бөлді. Оқушы кезімде мені жанынан бір елі

тастамайтын. Тіпті жолсапарға шықса да ертіп кететін. Атаммен бірге Мәскеу, Ленинград, Қырымға дейін бірге қыдырып барған кездерім әлі күнге дейін көз алдымнан кетер емес.

Атамның үйі қонақтан босамаушы еді. Біз қалжыңдап, «біздің үй – аула» дейтінбіз. Қонақтардың біреуі кетіп үлгермей, екіншілері келіп жататын. Олардың кейбірін біз танымайтын да едік. Дегенмен қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері біздің үйдің қадірлі қонақтары болатын. Ал атамның жақсы көретін достары – Хамит Ерғалиев пен Зейнолла Қабдолов үйге күн аралатып келіп тұратын..

Бұл отырыстарда тек әдебиет мәселесі ғана сөз болмайды. Қазаққа қатысты дүниенің барлығы ортаға салынып, оларды шешудің жолдарын қарастыратын.

Жүргізуші: - Ол майдан туралы жырлады,соғыс туралы сыр шертті,жеңіс туралы шаттанды.Өйткені оның өзі-майдангер.

Жүргізуші: - Әбу Сәрсенбаев өзінің соғыс және соғыстан кейінгі кезеңдегі достары жайында естелік жазумен шұғылданды. 1985 жылы 80 жылдық мерейтойы Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында және өзінің туып өскен жері – ол кездегі Гурьев облысының Теңіз ауданында кеңінен аталып өтілді.

Қаһарман халқымыз жаумен жаралы жолбарыстай алыса жүріп, үлкен Жеңіске қол жеткізді. «Жеңіс» деген құдіреттің соры ащы болса да, дәмі тәтті екенін осындай отты жырлардан білеміз.

Қызу қанды майдангер ол намысты,
Жауға қарсы жан аямай алысты.
Жырларынан нәр аламыз халықтың
Батыр ақын Әбу ата арыстың.

Ақиық ақын,майдангер Әбу Сәрсенбаев-әдебиетіміздің қақ ортасынан ойып тұрып орын алатын тұғырлы тұлға. Өйткені бүкіл ғұмырын қастерлі қағаз бен қасиетті қаламға арнап өткен қаламгердің есімі

жырларымен мәңгі жасайды.

(Ән. «Соғыстан қайтқан солдаттар»)

Жүргізуші: - Соғыс тақырыбы, соғыс пәлсафасы барлық халықтар әдебиетінің бірден-бір мәйекті тақырыбы болды. Бұл соғысқа өз көзқарасын білдірмеген әдебиет пен көркем шығарма кемде-кем еді. Қазір өз алдымызға мемлекет болсақ та, тәуелсіз ел болсақ та ол кездегі Кеңес Одағы барлық халықтардың ортақ Отаны болып есептелетін. Батыстан шапқан жау шығыстағы елге де шабуыл жасағанмен бірдей еді. Сондықтан соғыс жайы, ол кездегі әдебиет сол достық Одақ тұрғысынан қаралады.

(Ән. «Бейбітшілік сақталады»)

Жүргізуші: -Құрметті ұстаздар,оқушылар! Осымен көріп тамашалаған кешіміз аяқталды. Көңіл қойып тамашалағандарыңызға рақмет!

Әдебиеттер:

1 Сәрсенбаев Ә. «Батырлар ізімен»-әңгімелер, есте ліктер, күнделіктер. -А, «Жазушы» 1974.

2 «Мұғалім және қоғам» журналы. №2,2014.

3 Сәрсенбаев Ә. «Жауынгер монологі» шығармалар. -А, «Қазақстан», 1972.

4 «Қазақ әдебиеті» оқулық,11-сынып. Әдібаев.Х, Базарбаев М.

Г.ҚЫСТАУБАЕВА,
№33 жалпы орта білім
беру мектебі.
Павлодар қаласы

СҮЙЕМІН ҚЫЗЫЛ ҚҰМЫН КЕРЕКУДІҢ

Мақсаты: Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Ұлы Отан соғысының ардагері Қалижан Нұрғожаұлы Бекхожиннің шығармашылық өмір жолымен таныстыру, ақын өлеңдерін түсіну, балалардың поэзияға, өнерге сүйіспеншіліктерін арттыру және қаламгер шығармалары негізінде өз елін, тілін, салт-дәстүрін құрметтеуге, адами қасиеттерге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, әр кезеңдегі суреттер топтамасы, «Өлеңім-өмірім» естеліктер, аудиотаспа;

(Баяу ғана күмбірлеп музыка ойнап тұрады, сахнаға екі жүргізуші шығады)

1-жүргізуші: - Құрметті поэзия сүйер қауым, біз бүгін Сіздерге Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,Ұлы Отан соғысының ардагері Қалижан Нұрғожаұлы Бекхожинді еске алу мақсатында **«Сүйемін қызыл құмын Керекудің»** атты әдеби кешті ұсынғалы отырмыз.

2-жүргізуші:

..... Сүйемін қызыл құмын Керекудің,
Мен өзім сонда өсіп,сонда тудым.
Туғанда ашулы Ертіс құшаққа алып,
Жастанып жатқам талай толқын суын, -деп жырлаған ақынымыз 1913 жылы 15 желтоқсанда Павлодар

атырабының Баянауыл өлкесінде әулиелі Қызыл тауда дүниеге келген.

1-жүргізуші: Қалижан атамыздың өмірнамасына тереңірек үңілсек, оны қасиетті сөз өнеріне, ақындыққа талпындырған, ең алдымен, өз әкесі-Нұрқожа. Ол кісі көп оқыған, аса білімдар адам болған. Үйінде шығыс поэзиясы жұлдыздарының талай туындылары жинақталыпты.

Қалижан да сол шығыс әдебиеті шолпандарының өлең-жырларын оқып,сонан мейірін қандырған.

2-жүргізуші:-Ежелгі бай әдебиеттің шырын-нәрін бойына жинаған Нұрғожа атаның өзі де өлең жазып, талай айтысқа түскен, оның Ақан серімен айтысы көпке мәлім, сонымен қатар Нұржан Наушабаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Иса Байзақов сияқты ақындармен сөз қағыстырған.

1-жүргізуші:-Екі ұлына азан шақырып қойған аттары: Қайыржан-Қайырмұхаммед, Қалижан-Қалимұхаммед.Қалижан Бекхожин өзінің «Жазушы» баспасынан 1986 жылы басылып шыққан "Өлең өткелдері" деп аталатын әдебиет хақындағы ойлар, толғаныстар мен естеліктерінде: «Сірә, мен алты жасымда хат таныған шығармын. Мені әкем сол алты жасар кезімнен ескіше хат тануға баулыды. Ал менен үш жас үлкен Қайыржанды араб әліппесін үйретіп, хат білгеннен кейін, орыс мектебінде оқытты. Әкем Қайыржанды өзінің жанынан артық көріп:

Нұрғожа бас жігіттің болған бірі,
Тарқаған қалам алса көңіл кірі.
Құдайға қазір алса ризамын,
Артымда Қайыржаным қалса мірі,– деп өлең де арнады.

2-жүргізуші: -Үлкен баласына "сен ғылым жолын қуарсың, менің қаламымды сен ұстарсың" дейді екен

атамыз. Айтса, айткандай-ақ, Қайыржан аға Торғайда облыстық газеттің редакторы, мыңдаған шәкірт тәрбиелеген ғұлама ұстаз, қазақ журналистикасында есімі алтын әріптермен жазылған ақсақалы, керкемсөз шебері дәрежесіне жетті.

1-жүргізуші:-Ал Қалижан атамыз нағыз сегіз қырлы, бір сырлының өзі болатын. Домбыраны жақсы шертетін, күйсандықта жақсы ойнайтын, әсіресе, Мәдидің әндерін нақышына келтіре жақсы орындайтын. Сазгерлігі де бар болатын.

2-жүргізуші:-Молдадан арабша хат таныған Қалижан бала кезінде қисса-жырларды көп оқып, әдебиетке ерте құмартады. 1924 жылы дін оқуынан кеңес мектебіне ауысқан. 1929 жылы комсомол қатарына өтеді. 1930 жылдың басында Ертіс бойындағы Ақсу ауылында мұғалім болып істеген. 1932 жылы 19 жасында аудандық «Колхоз» газетінде 8 наурыз – әйелдер күніне арнаған тырнақ алды өлеңі басылып шықты. Содан кейін осы газеттің жауапты хатшысы қызметіне жұмысқа шақырылады. 1934 жылы мамыр айында Алматыға Қазақстан жазушыларының I съезіне Павлодардан делегат болған. 1934 жылы ҚазПИ-ге оқуға түсті.

1-жүргізуші:-1949 жылдан шығармашылық жұмыста болды. Алғашқы лирикалық туындыларында замандастарының қиындыққа толы күрделі өмірін жырлады. Қазақ халқының дарынды тұлғалары туралы жазған «Орман қызы» атты тұңғыш поэмасы 1938 жылы республикалық бәйгеде жүлде алды.

«Партизан Балтабай», «Кек» (1940) поэмалары азамат соғысы жылдарындағы қазақ халқының ерлігіне арналды. Тарихи тақырыпқа жазылған «Ақсақ құлан» атты поэмасында (1938) күй өнерінің құдіретін, 13

ғасырдағы қазақ халқының ерлік күресін суреттеді.

2-жүргізуші:-Сұрапыл соғысты толарсақтан қан кешіп, басынан аяғына дейін өткерген майдангер ақын қыруар тақырыптарға арнап өлеңдер, балладалар жазды. Оның «Томаға киген тау бүркіт» деп аталатын бас-аяғы төрт-ақ шумақ өлеңінде аты аңызға айналған қазақтың қаһарман батыры Бауыржан Момышұлының бейнесін былай суреттейді:

«Томаға киген тау бүркіт
Қадайды көзін құздарға.
Сонда бір шыңды жаңғыртып,
Саңқылдап ұшқан мұз-қарда.
Сабалап сонда қанатын
Қиқулайтын дауылда.
Шүйілсе бұғып қалатын
Аң да, құс та, тауың да.
Енді маңы тып-тыныш
Жоқ дауыл да, тықыр да.
Отыр тарлан сұсты құс
Топшысын бүгіп тұғырда.
Мүмкін қалған із бар ма
Құзында қарлы қияның?
Қарайды қыран құздарға
Қиялар тербеп қиялын».

1-жүргізуші:-Сонымен қатар соғыс жылдары «Александр Невский»(1941), «Жиырма сегіз»(1942), атты патриоттық дастандар жазды. «Мариям Жәгөрқызы» поэмасында (1949-1954) екі жастың шынайы махаббатын бейнеледі.

2-жүргізуші:-1974 жылы ақын Әзербайжан халқының ұлы ақыны Низами мен қыпшақ қызы Әппақтың аяулы махаббаты туралы «Әппақ-наме» атты поэма жазды.

1-жүргізуші:-«Сері күйші» поэмасында (1989)

композитор, ғұлама, шешен әрі батыр Қорқыт Атаның бейнесін шынайы шеберлікпен сомдады..

2-жүргізуші:-Бекхожин драматургия саласына да үлкен үлес қосқан жазушы. «Егер жүрек шын берілсе», «Нөсерден кейін», «Ұлыстың ұлан асуы», «Гималай сарыны» пьесалары республика, облыстық театрларды қойылды. «Ұлан асу» пьесасында қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресінің қолбасшысы Абылай ханның ерлік жолы, өмірі шынайы суреттелген.

1-жүргізуші:-Қалижан Бекхожиннің шабыты шарықтап, айдай әлемге әйгілі болған шағы 1947 жылы сол кездегі кеңестік ел астанасы Мәскеуде өткен КСРО Жазушылар Одағының кезекті пленумы еді. Жазушылар Одағының төрағасы А.А.Фадеев жасаған баяндамасында қазақ ақынының «Келтемасат», «Сырдария көкпары» атты шағын көлемді балладаларын Ұлы Отан соғысынан кейінгі елеулі шығармалар қатарына жатқызды. Ақиық ақынның есімі одақтың бас газеті «Правданың» шілденің 30 -жұлдызындағы санында жарқ ете қалды. Кешікпей Александр Фадеев Қалижан Бекхожинді арнайы қабылдап, оған шығармашылық табыстарға жете беруіне тілектестігін білдірді. Араға көп мезгіл салмай-ақ жұлдызы жанған ақынның таңдамалы туындылары «Под звездами Москвы», «Мария дочь Егора», «Сказания о славных», «Избранные стихи и поэмы» деген айдармен бірінен соң бірі көп таралыммен басылып шықты.

2-жүргізуші:-Қалижан бойындағы даңғайыр дарынды бірден танып, өмір бойы бауырына тартып, қастерлеп өткен Сәбит Мұқанов оның еңбектеріне арнап жазған «Өршіл ақын» деп аталатын мақаласында: «Ол ерен шабытты ақын, дарыны мол, қаламының

өзінше өрнегі бар, шығармаларында лирикалық саздар, романтикалық серпіндер, философиялық толғаныстар басым. Лирикалық терең тебіреністерге ұштастыра Қалижан барлық тақырыпты да шабытпен шалқи жырлайды»,-деп атап көрсетті.

1-жүргізуші:-Бекхожиннің өлеңдері мен поэмалары ТМД елдері халықтарының тілдеріне аударылып, кеңінен танылды. Бекхожин Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1978). Еңбек Қызыл ту, Халықтар достығы ордендерімен марапатталған.

2-жүргізуші:-Қалижан Нұрғожаұлының өлеңдерінің қай-қайсысын болмасын бүгінгі шәкірттері сүйсіне оқып, жаттауда. Енді, ақынның өлеңдерін оқушылардың мәнерлеп оқуын тыңдаңыздар.

1-оқушы:-«Келемін мен ауылға».

2-оқушы:-«Қарындас» (жаралы жауынгердің аузынан).

3-оқушы:-«Тым асығып келемін».

4-оқушы:-«Қария мен дария».

5-оқушы:-«Құтты болсын мектебің».

1-жүргізуші:-Отбасы атаулының мәні мен сәні де аналар мен балалар ғой. Туған анасы мен жарасты отбасына өлең жазбаған ақын кемде-кем. Қалижан атамыз да құдай қосқан қосағы Зайда Жанайқайқызы апамызбен қуаныш құшағына бөленіп, көзі жұмылғанша Ерланын еркелетіп, Гүлнары мен Мирасгүлін мәпелеумен өтті. Оның және бір дәлелі - жан-жарына арнаған «Тереземді бүркемеші» өлеңі.

Тереземді перделеме, Зайдахан,
Күлімдеген жұрттың көзін көрейін.
Тыңдап бақтан бұлбұл даусын сайраған,
Бәйтеректей көтерілсін мерейім.
Әйнегімді бүркемеші, Зайдахан,

Батар күннің шырайына қарайын.
Нажағайдың бұлтты қуып ойнаған
Жанарыма түсірейін арайын.
Тереземді ашып қойшы, Зайдахан
Түнде тұрып жұлдыздарды байқайын.
Бір досымның талайына жайнаған
Жұлдыз көрсем соны жыр ғып айтайын.
Әйнегімді айқара ашып, Зайдахан,
Шолайыншы шың-құздарды ерте мен.
Самал таудан толқындасын ой маған,
Биіктесін жырмен өрлеп мәртебем.

2-жүргізуші:-Ұрпағының өмірден өз орнын тапқаны - кез келген ата-ананың басты арманы ғой. Қалижан атамыз да ұлы – Ерлан, қыздары – Гүлнар мен Мирасгүл десе ішкен асын жерге қойып, олардың әр қадамдарына қуана білген.

1-жүргізуші:-Ақын атамыздың ерке қызы Мирасгүл өзінің естелігінде былай деген екен: Мектепке барар қарсаңында маған «Ойыңдағыны жазып жүр» деп дәптер сыйлады. Ал мен оны қалай пайдаланды дейсіздер ғой, ең бірінші бетіне «Мені ренжіткендер» деп тақырып қойып, өзімді ренжіткендердің тізімін жасаппын. Тізімнің басында анам, одан соң – Гүлнар, Ерлан, ағамның жұбайы, жеңгем - Алдан. Кімнің не айтқаны, қалай ренжіткенін күні, уақыты, сағатына дейін белгілеп, әкем келгенде көрсету үшін рет-ретімен жазып қояды екенмін. Бұл әрекетімді көп ұзамай біліп қойған үйдегілер әкем келер алдында дәптерімді тауып алып, көзін жоятын көрінеді. Қазір Алдан «Неге ескерткішке қалдырмадық екен, сенің әрқайсымызды қалай бағалағаныңды оқып, күлетін едік» деп қалжыңдайды.

2-жүргізуші:-Жан-жағындағыларға мейірім шуағын шашып жүрген атамыз немере, жиендері десе ішкен асын жерге қойыпты. Ұлы Ерланның баласы Ерданды – қара домалақ, Гүлнардың қызы Әлинаны – сары балапан деп еркелетіпті. «Баланы ренжітуге болмайды, олар періште, нағыз отбасы – сәбидің күлкісі сыңғырлаған үй. Ол сонысымен бақытты» дейтіні дос-жарандары, отбасының жадында өшпестей жатталып қалыпты.

1-жүргізуші:-Артында әкенің берген тәлім-тәрбиесін,өсиетін жалғасытар ұрпақтарының бірі – Ерлан Қалижанұлы Бекхожин.Қазақ мемлекеттік университетін, Орталық Азия университетін бітірген. 1994-1997 жылдары – «Хабар» агенттігі ақпараттық бағдарламасының жүргізушісі, «Жеті күн» ақпараттық бағдарламасының авторы әрі жүргізушісі. 1998-2003 жылдары – Қазақстан Республикасындағы «Мир» халықаралық телерадио компаниясының директоры. 2003-2009 жылдары «Литер-Медиа» ЖШС бас директоры, «Литер» және «Айқын» газеттері редакциялық кеңестерінің төрағасы. 2009 ақпан айынан бастап ҚР Президенті телерадио кешенінің бас директоры. Қазақстан Республикасы Журналистика академиясының академигі, Ресей және Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, «Жылдың үздік журналисі» номинациясы бойынша «Алтын Жұлдыз» сыйлығының лауреаты.

2-жүргізуші:-2013 жылы ғасырлық тойы туған өлкесі Баянауылдан бастау алып,еліміздің түкпір-түкпірінде тойланды.Павлодар қаласының орталығында асқақтаған мүсіні бой көтерді.

1-жүргізуші:-Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қалижан Бекхожиннің туғанына 100 жыл толуына арналған

іс - шараның бірінде ақын Ұлықбек Есдәулет: «Біз Бекхожиндей тарлан да тарпаң ақынның өзін көргенге дейін, алдымен өлең-жыр, дастандарын оқулықтан оқып-білген ұрпақпыз. «Ақсақ құланы» мен «Қорқытпен тілдесуін», «Орман қызы» мен «Мәриям Жагорқызын», «Сұңқар туралы аңызы» мен Ақан туралы «Соңғы сайранын», Әліби туралы «Дала комиссары» мен «Әппақ-намасын» бір деммен оқып шығып, ақынның қара сөздің қаймағын қалқыған, қазақ тілінің асыл қазынасын сапырған құдірет-қуаты мен шеберлігіне тәнті болсақ, шабытының қайнап жатқан ыстық тұмасынан жаратылған «Махамбет қабірі басындағы тебіренісі» мен «Терезені перделеме, Зайдаханы» бастаған лирикалық туындыларын тебіренбей оқу мүмкін емесіне көз жеткіздік», -деді.

2-жүргізуші:-Парламент Сенатының депутаты Нұрлан Оразалин: Қалижан Бекхожиннің өмірі ел өміріндегі өте күрделі кезеңдермен тұспа-тұс келді. 30-жылдары әдебиет әлеміне аяқ басты. Ал, ол кезең тоталитарлық жүйенің қылышынан қан тамып тұрған кезең еді. Одан кейін соғыс майданын көрді, одан аман келді. Халықтың қасіретін, халықтың ішкі діңгегінің мықтылығын, соны жырлайтын дастандардың барлығы қазір өзінің өміршеңдігін тағы да дәлелдеп отыр, – дегені де нағыз ақынға берген бағасы.

1-жүргізуші:-Мектебіміздің оқушылары Қалижан аталарына өздерінің жыр шумақтарын арнайды.

Құжігіт Эльнұр,7 «а» сынып оқушысы. «Өмір дастан»

Он алты жасар жас жігіт,
Ақсуға келді бір күні.
Күлімдей түсіп шәкіртке,
Білім нәрін ап келді.

Жылдар өтіп ой келді,
Керекуге қайтты ол.
«Колхоз» атты газетте,
Жарық көрді өлеңі.
Делегат болып бір жолы
Алматыға келіп ед,
Сәкен, Мұхтар,Сәбитпен
Сырласып еді сонда бір.
Киелі шаңырақ КАЗПИ-де,
Білім алды бір кезде.
Қаламынан туындап,
«Ақсақ құлан», «Балтабек»
Аңыз болған «Мариям Жагорқызы»,
Жас жүрегін ақынның тербеп еді.
Дударайдай ер болып кезінде бір,
Асыл Зайдаға жолығып еді.
Өмір өзен жалғасар
Ұрпақпенен өмірдегі.
Көзі бүгін ақынның дер,
Ерлан Қалижанұлы Бекхожинді.
«Мирасгүл»
Сарғая күтіп жүргенде,
Дүниеге келді кенже қыз.
«Гүлім» деп еркелеткенге,
Мәз болды кенже қыз.
Уақыт өтіп ер жетіп,
Сұлу қызға айналды.
Әке үмітін ақтап бүгін,
Ел ардағы атанды.
«Ана көрген тон пішер» деп,
Ана үлгісін алыпты.
Асқар тау әкенің,
Үмітін ол ақтапты.

1-жүргізуші: -Енді сіздердің назарларыңызға «Мәриям Жагорқызы» әнін ұсынамыз.

2-жүргізуші: -Құрметті қонақтар, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Ұлы Отан соғысының ардагері Қалижан Нұрғожаұлы Бекхожиннің шығармашылық өмір жолына арналған «Сүйемін қызыл құмын Керекудің» атты әдеби кешіміз соңына жетті. Ақынның қанатты жырлары халқымен мәңгі жасай бермек!



Г. БОРАНОВА,
Матайқұм орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Ақтөбе облысы,
Байғанин ауданы,
Дияр ауылы

АҚЫН -ЖАЗУШЫЛАР - ҰЛТТЫҢ РУХАНИ ШАМШЫРАҒЫ

Мақсаты: оқушыларға қазақ ақын-жазушыларының шығармаларынан үлгі-өнеге алуға тәрбиелеу; талантты тұлғалардың қайталанбас қасиеттерін оқушылар арасында насихаттау; ой-өрістерін, дүниетанымдарын кеңейту; қазақ халқының әдебиетін, мәдениетін, сөз өнерін қадірлеп, қастерлеуге баулу. Көрнекілігі: тақырыптық слайдтар, кітап көрмесі, гүлдер, шарлар. (Сахнаға жүргізушілер шығады).

1-жүргізуші: -Құрметті ұстаздар мен оқушылар! Биылғы 2015 жылы халқымыздың аяулы ұлдары:

Абай Құнанбайұлының туғанына- 170 жыл, Ілияс Есенберлинге -100 жыл, Қадыр Мырза Әліге -80 жыл, Мұхтар Мағауинге -75 жыл толып отыр.

2-жүргізуші: -Қазақ әдебиетін дамытуға, өркендетуге үлес қосқан қаламгерлеріміздің өмір жолы мен шығармашылығына арналған «Ақын-жазушылар – ұлттың рухани шамшырағы» атты әдеби- танымдық кешімізге қош келдіңіздер!

1-жүргізуші: -Ұрпақ тәрбиесінде әдебиеттің алар орны ерекше. Өскелең ұрпақ, қазағымыздың біртуар перзенттерін танып, құрметі еселене түссе дейміз.

2-жүргізуші: - Әдебиет –өнердің бір түрі. Ол өмір шындығын көркем өңдейтін өнер. Оның өңдеушісі – қаламгер. Қаламгер өмірдегіні көшіріп беруші емес, оны өңдеп, көркемдеп жеткізуші. Әдебиет адамға сөз қуаты, көркем бейне арқылы әсер етеді. Жазушы өткен тарихты, ондағы адамдардың жан күйін, сезімін, қайғы-мұңын тебірене жазып, бүгінгі біздерді толқытып, қайғыртып, қуантып, күшті әсерге бөлеп, ойға шомылдырады.

1-жүргізуші: - Әдебиет – мәдениеттің бір түрі. Ол ойды да, сезімді де тәрбиелейді, мінез-құлықты қалыптастырады, ой-өрісті кеңейтіп, дүниені, өткен тарихымызды танытады. Біздің ой-қиялымызды шарықтатып, эстетикалық сезімдерімізді ұштай түседі.

2-жүргізуші: - Әлем халықтары бірі сәулет өнерімен, енді бірі музыкасымен, тағы бірі шешендік өнерімен мақтанатын болса, қазақ халқы да бай сөз өнерімен, өзінің «бас ақыны» Абаймен мақтана алады.

1-жүргізуші: - Абай – соңына бай рухани мұра қалдырған қазақ әдебиетінің классик ақыны. Ол қазақтың қоғамдық өмірінің қыр-сырын, өзекті мәселелерін шынайы, көркем бейнелеген үздік

лирикалық өлеңдердің, қарасөздердің, шығыс тақырыбында жазған поэмалардың авторы.

Оқушылар Абайдың бірнеше қара сөзін оқиды.

2-жүргізуші: - Абай поэзияға жоғары талап қоя білген, оған өнер, тәрбие, өнеге құралы деп қараған, қазақ өлеңінің құрылысына, тақырыбы мен мазмұнына, түріне көптеген сапалы өзгерістер, тың өрнектер қосқан жаңашыл суреткер.

1-жүргізуші: - Абай қазақ халқының мандайына біткен дара тұлға екенін, халықаралық Абай қорының тұсаукесер жиынында сөйлеген сөзінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Абай – қазақ халқының рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама ғана емес, ел болуына ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер. Абай –әлемдік деңгейдегі ойшылдардың қатарындағы ғажайып тұлға» деген болатын.

2-жүргізуші: - Абай өлеңдерінен үзінді оқитындар 5-сынып оқушылары Эльнара, Әлішер, Исатай, Ұлан, Данияр, Алмат.

1-жүргізуші: - Құлақтан кіріп, бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй! –дей келе әнге кезек берейік. «Желсіз түнде жарық ай» , «Көзімнің қарасы» әндері орындалады.

2-жүргізуші: - Ілияс Есенберлин 1915 жылы 10-қаңтарда қазіргі Ақмола облысы, Атбасар қаласында дүниеге келген. 1968 жылы Ілияс Есенберлинге «Айқас» романы үшін Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығының иегері деген құрметті атақ берілді. Ілияс жазған қырыққа таяу ән сөзі ішінде «Қыз арманы», «Жастар вальсі» кең тарады. «Таудағы тартыс» атты пьесасы қойылды.

1-жүргізуші: - Жазушының туған әдебиет алдындағы

сүбелі үлесі, ең алдымен, «Алмас қылыш» , «Жанталас», «Қаһар» атты кітаптардан тұратын «Көшпенділер» атты кесек туындысымен өлшенеді.

2-жүргізуші:-Үш кітапты өзара тығыз байланыстырған екі ірі мәселесі бар: бірі –XV –XIX ғасырдағы қазақ қоғамының ішкі қарым-қатынасы (дербес мемлекет құру, елдігі, ұлттығы үшін күресі), екіншісі – халықтың тәуелсіздігі үшін күресі, үшіншісі –осы жолда шетел шапқыншыларымен жанталасқан шайқасы.

Көрініс. «Көшпенділер» романынан үзінді.

1-жүргізуші: - Қадыр Мырза Әлі 1935 жылы Батыс Қазақстан облысының Жымпиты ауданында туған. 1958 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін тәмамдаған. Еңбек жолын сол кезде жаңадан ашылған балалар журналы «Балдырғаннан» бастаған. «Жұлдыз» журналы редакциясында поэзия және сын бөлімінің меңгерушісі, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, 1968-1973 жылдары «Жазушы» баспасында қазақ поэзиясы бөлімінің меңгерушісі, «Балауса» баспасының редакторы, кейін Қазақстан Жазушылар одағында поэзия секциясының кеңесшісі болған.

2-жүргізуші: - Оның тұңғыш туындысы 1954 жылы республикалық «Пионер» балалар журналында жарияланды. Содан бергі уақыт ішінде оның жетпістен астам поэзиялық, прозалық, сондай-ақ әдеби-сын кітаптары жарық көрді, өлеңдері мектеп оқулықтарына енді. Талантты ақын қаламынан халық фольклорының атақты күлдіргі кейіпкері Алдар көсе жайлы «Сақал саудасы», «Қасқыр қақпан» атты өткір сатиралы комедия мен Махамбеттің ең соңғы азапты күндеріне арналған «Жаралы жолбарыс» атты және «Әмір Темір»

кесек драмалық шығармалары да жарық көрді. Тұңғыш жинағы «Көктем» 1959 жылы жарық көрді. Ал әнге арнап жазылған өлеңдерінің саны екі жүзден асты. Олардың көбі халыққа кең тарады, «Күндер-ай» атты жеке кітап болып басылып шықты.

«Қазақ осы» әні орындалады.(Ақдәрі)

1-жүргізуші: - Қадыр Мырза Әлінің көркем аударма саласында да жемісті еңбектері көп. Әлемдік әдебиет ғұламаларының талайының шығармаларын ол қазақ тіліне аударады. Ал өзінің біраз топтамалары мен таңдаулы өлеңдері ағылшын, француз, неміс, поляк, болгар, венгер, фин тілдеріне аударылды. Сондай-ақ дарынды ақынның оннан аса кітабы бұрынғы КСРО халықтары орыс, қырғыз, өзбек, әзірбайжан тілдеріне аударылып, Ташкент, Баку, Бішкек, Алматы, Мәскеу қалаларында басылып шықты.

2-жүргізуші: - 1966 жылы «Ой орманы» өлеңдер жинағы үшін Қадыр Мырза Әліге Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағы берілді. 1980 жылы «Жерұйық» жыр кітабы үшін ол Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. 1993 жылы әлемдік поэзияға қосқан аса зор еңбегі үшін Моңғолияның халықаралық «АВЬЯС» сыйлығын алды. 2001 жыл Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығына ие болды. Қадыр Мырза Әлі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне екі рет депутат болып сайланды, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі болды. Соңғы жылдары ақынның он алты томдық таңдамалысы жарық көрді. 2003 жылы Санкт-Петербургтің «Славия» баспасында «Прапамять» атты үлкен бір томдығы орыс тілінде басылып шықты.

1-жүргізуші: - Қадыр жырының өзекті арнасы – өз басымыздан кешкен, өзімізді толғантқан, өзімізді

қуантқан не күйіндірген, дарқан даламызды дүбірлеткен өмір – тарих. «Ақын да бір перзентің қолыңдағы, өз сырым де жырларын томындағы» деп өзі айтқандай, ақын жыры – біздің жырымызға, ақын сыры – біздің сырымызға айналады.

Қадыр өлеңін оқитындар: Мәдина, Қайыржан, Нұрым, Амандық, Ақдәрі.

Қадыр Мырза Әлі жайында естелі .

Автор: - Ауруханаңың аядай бөлмесі. Ақын ауырып жатыр. Ақынның 77-ге қараған шағы. Оның туған күнін екінің бірі біле бермейді, бірақ ол екінің біріне белгілі ақын. «Бүгін менің туған күнім ой, пәлі-ай» деп опынып та жатқандай көрінгенмен, жан дүниесі жабырқау. Жүзінен мұң табы байқалғандай. Ақын ағылып отыр... ағыл-тегіл жылап отыр.

Қадыр сөзі (диктофонға жазылған) – Алматыға бір ғана шамаданмен келіп едік. 4-курста жүргенде үйлендім. Жеңгеңнің әкесінің аты да Қадыр болып шықты, содан ба, басқадан ба, әйтеуір Алла тағала жарастырып жіберді. Ағаш шеберінің ағаш жонатын үстелі ғана сиятын қуықтай бөлме, бір темір шелек, бір темір кереует сатып алдық. Сөйтіп, өмір сүріп кеттік. Ағалар алақанына салып бақты. Сәбит Мұқанов бір күні кездесіп қалып аты-жөнімді сұрады. Айттым. «Иә, мен сені білемін, себебі өлеңдеріңді менің балабақшадағы немерем жатқа біледі». Сол Сәбең бір күні маған өз қолымен шақыру қағазын әкеліп берді, алпысқа шығып жатыр екен, бір себептермен бара алмай қалдым. Кейіннен сол Сәбең кездесіп қалды... «Әй, Қадыр, сен менің туған күніме неге келмей қалдың?» демесі бар ма, жерге кірерге тесік таппай қалдым. Сол Сәбең бір күні маған: «Әй бала, саған осы не керек өзі?» - деп сұрады. «Бізге бірінші кезекте керегі баспана ғой»,-

дедім. «Неше бөлме?» «Бір-екі бөлме болса жетеді». «Қап, мен кеше осы баспана мәселесіне араласпайын деп айтып қойып едім, ұят болатын болды-ау. Енді сөзімді қалай бұзамын!?» – деп қиналды. «Ойтсе де бір амалын табармын»,-деп уәдесін берді. Ғабит Мүсірепов те, Ғабиден Мұстафин де әкеммен қатар еді. Мен оларды әке дейтінмін. Әке демекші үш шалдың ортасында жалғыз ұл едім, үшеуінің үйіне кезекпе- кезек қонатынмын. Үйленген жылы анамды Алматыға алып келдік. Үйренісе алмады. Бір жылға әрең шыдады, қалған ғұмыры Жымпитыда өтті, кейінірек Оралға қоныс тепті. Жымпитыдан екі рет, Оралдан бір рет үй алып бердім. Қақаған қыста қайтты, өз қолыммен жер қойнына тапсырдым.

Бүкіл өмірім жазу үстелінде өтті. Бір жылы, қай жылы екені есімде жоқ, күнтізбеге қарасам, қараша айы келіп қалыпты. Дәл сол жылы бірде - бір кітап жазбаған екенмін, бәрін жинап қойып жазуға отырдым да, жаңа жылға дейін бір кітап жазып бітірдім. Джордж Сименон деген жазушы болған он бес күнде бір роман жазып бітіреді екен, Гиннестің рекордтар кітабына енген. Ешнәрсеге елең ете қоймайтын Еуропаның өзі сол жазушының 70 жылдығын атап өтті. Елінде үш жыл бойы үздіксіз Джордж Сименон шығармалары насихатталды...

Автор: -Иә, дәл осы сәтте аурухана кезекшісінің ем қабылдауға шақырған дауысы ақын әңгімесін үзіп жіберді. Арадағы үзілісте Қадыр ағаның мына жыр шумақтары есіме оралды. Мен сол сәтте, әрине, Қадыр ағамен соңғы рет тілдескенімді, ол кісіден біржола айырылатынымды білген жоқпын. Мен тек туған күнінде ақынның жалғыз қалғанына күйіндім.

Сезім оты өшпейтұғын тамаша от,
Ақ алуға айналмайды шала шоқ.
Мен Абайдың інісімін жырдағы,

Екеуміздің арамызда бала жоқ, - демесі бар ма? Өзінен сұрасаңыз тек Тұманбай құрдасыма арнап жаздым дейтін. Әрине, әр заманның өз Абайы бары ақиқат. Біз Қадекеңнің қыруар қазынасын сарапқа салғалы отырған жоқпыз, оның бағасын оқырман қауым әлдеқашан –ақ беріп қойған. Етектегі баладан бастап, еңкейген кәріге дейін ақын өлеңдерімен етене таныс. Аяулы ақынның адал қосағы Салтанат жеңгей де, немересі де сол күні тұмауратып жатыр екен.

Маған түк те керегі жоқ сенсеңіз,
Бәрі қалар, бәрі қалар өлсеңіз.

Бұл – Қадыр ақынның өлең жолдары. Сізге түк те керегі жоқ екенін түсінеміз. Бірақ ұлы ақынын ұлықтамаған ұлттың қадірі қашпай ма? Ұлт ұйытқысы – ұят. Ұят ұйытқысы – ақын емес пе? Ауруханаңың аядай бөлмесі. Ақын ауырып жатыр... Ақынның туған күні 5-қаңтар. Ұлы ақын төңірегінде тірі жан жоқ. Жападан жалғыз. Жедел жәрдем көлігінде 77-ге беттеп бара жатыр. Тағы да Қадекеңнің өз өлең орамдары.

Қанаттанып қиялы,
Қырат шерткен күйменен..
Қара тасты тұяғы,
Саз балшықша илеген,
Әй, Тарпаң-ай, Тарпаң-ай!

Қазақ жырының Тарпаң тұлғасы осы жолдарды өзіне арнап жазғандай сезілді маған. Ақын ауырып жатыр. Не ауру екенін айту да қиын. «Жоқ, өлмеймін» өлеңін оқитын Жұманов Жантас.

2-жүргізуші: - Мұхтар Мағауин — тарихшы, жазушы, қазақ ауыз әдебиетін зеттеуші ғалым, филология ғылымының докторы. Баспасөз бетінде алғаш рет 1959 жылы көрінді. 60-жылдары негізінен әдебиет зерттеушісі ретінде танылды. 1981–83 жылдары қазақ халқының көрші мемлекеттермен

дипломатиялық қарым-қатынасы тарихи-көркемдік тұрғыдан тұңғыш рет суреттелген "Аласапыран" тарихи дилогиясы жарық көрді. Романда қазақ ордасын Тәуекел хан басқарған тұстағы (16–17 ғ.) қоғамдық-әлеуметтік жағдай көрініс тапқан.

1-жүргізуші: - 1984 жылы «Аласапыран» тарихи роман — дилогиясы үшін Қазақ КСР-інің Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді. 1996 жылы Қазақстанның халық жазушысы атанды. "Алдаспан", "Бес ғасыр жырлайды", "Ай, заман-ай, заман-ай" атты ақын-жыраулар шығармаларының антологиясын құрастырып, жарыққа шығарды. Жақын арада Чехия Республикасынан жарық көрген «Жармақ» — қазақтың екі ғасырлық тарихы мен бүгінгі психологиялық тартыстар жүйесіне құрылған романы жазушыны мүлдем басқа қырынан көрсетеді.

2-жүргізуші: - Жазушы өмірі, қызметі мен шығармашылығы жайында баяндама оқитындар (Әбілқайыр, Сандуғаш, Диана).

1-жүргізуші: - «Менің өмірім әдебиет» деп білген ақын-жазушыларымыздың шығармалары қаншама жылдар бойы қалың қазақтың ауызында жүр. Ақын-жазушылар үшін бұдан өткен мерей, бұдан өткен мәртебе бола ма?! Қазақ бар да ақын-жазушылар бар! Сол қаламгерлердің қадіріне жетіп, мол мұрасын зерттеп, зерделеп келер ұрпаққа аманат ету - бүгінгі ұрпақтың парызы.
2-жүргізуші: - Бүгін сіздер ақын-жазушыларымыздың мерейтойына орай өткен қаламгерлерге арналған кешімізді көріп тамашаладыңыздар. Талантты қаламгерлердің талантты, ойлы оқырмандары болуға тырысыңыздар. Сөз өнері – мәңгілік мектеп, оның өмірінің де, өнегесінің де шегі жоқ дей отырып, әдеби-танымдық кешімізді жабық деп жариялаймыз. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет!